

Қаһраман Ражабов, Ақбар Заманов

# Өзбекстан тарихы

## (1917-1991 жылдар)

*Жалпы орта білім беретін оқу орындарының 10-сыныптары және орта арнаулы,  
кәсіптік-мамандық білім беретін оқу орындары үшін оқулық*

*1-басылымы*

*Өзбекстан*

*Республикасы Халыққа білім беру министрлігі бекіткен*

Ғафур Ғулам атындағы баспа – шығармашылық үйі

Ташкент -2017

Пікір білдірушілер:

А.А. Маврулов – Республика Ұлттық идея және идеологиялық ғылыми –қолданбалы орталық жетекшісі, т.ғ. д., профессор

С.И. Инаятов – Бұхара мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ. д.

Ш. Эргашев – Өзбекстан ҒА Тарих институты аға ғылыми қызметкері, т.ғ. д.

Б.А. Пазылов – Өзбекстан ҒА Тарих институты ғылыми аға қызметкері, т.ғ. д.

И.М. Шамшиева – Өзбекстан ҒА жанындағы Өзбекстанның ең жаңа тарихы орталығының аға ғылыми қызметкері, т.ғ.д.

Ш. Халиқов – Самарқант мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, т.ғ. д., доцент.

Ш.Сафаров – РТО бас әдіскері.

Ф.С. Аманова – Ташкент қаласы Мырза Ұлықбек ауданындағы 248-мектептің тарих пәні оқытушысы

Ж. Ж. Абдуллаев – Ташкент мемлекеттік Заң университеті жанындағы академиялық лицейдің тарих пәні оқытушысы

Тарих оқулығын баспаға дайындау және басып шығару бойынша сарапшы тобының қорытындысы бойынша Республикалық білім беру орталығының тарих ғылымы ғылыми –әдістемелік кеңесі тарапынан баспаға ұсынылған.

**Оқулықтың түпнұсқасы ӨзР ҒА Өзбекстанның ең жаңа тарихы мәселелері бойынша үйлестіруші – әдістемелік орталығы және Тарих институтында дайындалды.**

*Республик мақсатты кітап қоры қаражаттары есебінен басып шығарылды.*

**Ражабов, Қахраман.**

Өзбекстан тарихы: Орта білім беретін мекемелердің 10-сынып және орта арнаулы, кәсіптік-мамандық білім беретін оқу орындары оқушылары үшін оқулық / Авторлар: Қ.Ражабов, А.Заманов. 1-басылымы. – Т.: Ғафур Ғұлам атындағы баспа-шығармашылық үйі, 2017. – 144 б.

UO'K 82-94(075)  
KBK 63.3(5O')ya721

© Қ.Ражабов, А.Заманов.  
© Ғафур Ғұлам атындағы баспа-шығармашылық үйі, 2017

## КІРІСПЕ

*Құрметті оқушылар!*

**Тарих сабақтары.** Тарих халыққа сабақ және ілім береді. Тарихты білместен болашақты түсінуге болмайды. Әрбір адам, әрбір халық өзінің өткені мен басынан кешіргендерін ата-бабалары жасаған тарихи кітаптарды терең оқу, үйрену және зерттеу арқылы біліп алады. Тарих адамның ақыл-парасаты мен ой-санасының бір баға жетпес және тамаша өнімі, оның рухани құдіреті және көмегі арқылы біз барлық өткен замандардың адамдарына шын қолдаушы және пікірлес боламыз, өткен ғасырлар шежіресінің бүкіл үдерістерімен, күрестері және қарама-қайшылықтарымен көз алдымызға келтіреміз. Адам тарихтан тәлім-тәрбие алады, тарих үлкен сабақ береді. Тарих сабақтарынан өзіне тиісті қорытынды шығара алмаған, кешегі күнін жақсы білмеген ұлттың болашақтағы тағдыры айдан-анық. Аталмыш өзбек прогресшілі, жадид қозғалысының ірі өкілі Абдурауф Фитрат 1917 жылы тарихтан сабақ алу жөнінде былай жазған еді: “Тарих ұлттардың өткен кезеңін, өркендеуін және күйзеліске ұшырауының себептерін зерттейтін ғылым”.

Тарих сабақтары бүгінгі күнде де бізді қырағылыққа шақырады. Атап айтқанда, дүниенің кейбір елдерінде және Өзбекстанға шекаралас болған кейбір мемлекеттерде саяси тұрақтылықты бір ізден шығармақшы болған саяси күштер мен терроршы топтардың болуы бізді қатты алаңдатады. Құрметті оқушылар, сондықтан да Сіздер тәуелсіздік сыйлаған игіліктерді сақтауыңыз, еркіндік пен бостандығымыз және бірлік пен ынтымақтастығымызды көз қарашығындағы гауһар секілді қорғауымыз шарт.

**Өзбекстанның кеңес дәуірі тарихының ерекше сипаттары және кезеңдендіру мәселелері.** Бұл оқулық беттерінде Отанымыз тарихының ең күрделі және шиеленіскен, үлкен жоғалтулар мен шығындарға бай, сондай-ақ ата-бабаларымыздың ел бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ерлікпен жүргізген күресі, жеңілістері мен жеңістері және өзбек халқының

жасампаздық қызметі мен жанкешті еңбегін өз ішіне алған Өзбекстанның кеңес дәуірі тарихы баяндалады.

**1917–1991 жылдар** Өзбекстан тарихында кеңес кезеңін құрайды. Бұл кезеңді төмендегі **2 басқышқа** бөлуге болады: 1) **бірінші басқыш** — 1917–1924 жылдар; 2) **екінші басқыш** — 1925–1991 жылдар. Бірінші басқышта аймақта Түркістан, Бұхара, Хорезм республикалары ұйымдас-тырылған болса, екінші кезең 1925 жылы ақпанда Өзбекстан КСР-нің түзілуімен басталады да 1991 жылы кеңес мемлекетінің ыдырауымен аяқталады. Бұл басқыштар сондай-ақ бірнеше кіші басқыштарға бөлінеді.



### **Ой жүгірту!**

6–9-сыныптың тарих сабақтарында өтілген дәуірлердің (ежелгі дәуір, орта ғасырлар, жаңа дәуір және тағы басқалар) өз ішінде тағы кезеңдендірілуі қандай белгілерге байланысты?

Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёев 2016 жылы 14-желтоқсанда Жоғары Мәжіліс палаталарының біріккен мәжісінде сөйлеген баяндамасында өткен дәуірімізге төмендегідей баға берген еді: “Өзбек халқының бірнеше мыңжылдық тарихында қандай күрделі кезеңдер, ауыр сынақтар болғанын барлығымыз білеміз.

Өзбекстанның ең жаңа тарихы және біз қол жеткізген атышулы жетістіктер ержүрек және табанды халқымыз кез келген қиыншылық, кедергі және сынақтарды өз күші және жігерімен жеңіп өтуге күші жетеді деп ұялмай айтуға толық негіз береді.

Біз ата-бабаларымыздың жарқын бейнесін ардақтап, есімізде, жүрегімізде мәңгі сақтаймыз. Қажымас жігер, жанкештілік пен ерліктің үлгісін іс жүзінде көрсетіп, өз өмірін сүйікті Отанымыздың жан-жақты дамуына арнаған ұстаз және тәрбиешілеріміз, замандастарымызды мақтан етеміз”.



### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. 9-сыныпта Өзбекстан тарихы пәнінде қайсы кезең тарихын үйрендің? Бұл кезең қандай белгілер негізінде кезеңдендірілген еді?
2. Тарих сабақтары адам қызметі үшін қандай маңызға ие?
3. Сенің ойыңша, Өзбекстанда кеңес дәуірі тарихын кезеңдендіру қандай белгілер негізінде жүзеге асырылған?

## БІРІНШІ ТАРАУ.

### ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ОРНАТЫЛУЫ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН КҮРЕСІ (1917 – 1924 жылдар)

#### § 1. Түркістан өлкесі 1917 жылы ақпан –қазан аралығында

**Тәуелсіздік — Түркістан халықтарының ғасырлық арманы.** Тарихи тәжірибенің атап көрсетуінше, біздің ата-бабаларымыз ғасырлар барысында өз жанұялары, қасиетті топырағы, діни сенімі, салт-дәстүрлері және үрдістеріне адал қалу ұлы іс деп есептеген. Бұл дербес салт-дәстүрлердің бұзылмауы үшін өзбек халқыны мыңдаған азаматтары өз өмірін құрбан етті, ел тәуелсіздігі үшін болған шайқастарда қаза тапқан. Түркістан аумағын Ресей империясы басып алған уақыттан бері тоқтамаған ұлттық азаттық қозғалысы халықтың ұлттық өздігін тануында, өз Отаны мен ұлтының азаттығы және тәуелсіздігі үшін оның отансүйгіштік ұмтылыстарын нығайтуға үлкен әсер етті.

Түркістан жадидтері қайта құруларды басқышпа-басқыш жүзеге асыруды, өркендеу және дамуға тек тыныштық жолымен, парламент арқылы қол жеткізуді көздегендігі баршаға белгілі.



**Ой жүгірту!** 8–9-сыныптарда алған біліміңе сүйеніп, қайта құруларды парламент жолы арқылы жүзеге асыру дегенде қандай үдерісті түсінетіндігің жөнінде пікір жүргіз.

Бірақ 1917 жылғы оқиғалар барысы, жадидшілік қозғалысының ірі теорияшысы **Абдурауф Фитрат** сол кезде жазғанындай, “Ресейде бас көтеріп жатқан жаңа бір бәле — большевик атты бәле” күштер қатынасын бүтіндей өзгертіп жіберді. Өзбек халқының басқа бір жанкүйер перзенті **Махмудхожа Бехбуди** ортаға тастаған “Ақы алынады, берілмейді!” ұраны бүкіл ұлттың жауынгерлік үндеуіне айналды. Тәуелсіздік және азаттық үшін, Түркістанда автономия орнату үшін парламент жолы арқылы күрескен Түркістан прогресшілдері және жадидтерінің қызметі арадан 100 жылдан астап уақыт өткен бүгінгі күнде де маңызды оқиға болып саналады.



### Өзіңді сынап көр!

Махмудхожа Бехбудидің ұраны....

Абдурауф Фитрат ..

**Ақпан төңкерісі және оның Түркістан өлкесіне әсері.** Адамзат тарихында кейде белгілі бір оқиғаның өзі бүтін мемлекеттер мен елдерде тұратын жүздеген халықтардың алдағы тағдырын бүтіндей өзгертіп жіберді. Осындай оқиғалардың бірі — **1917 жылы 27-ақпанда** (жаңа есеп бойынша 12-наурызда) болған Ресейдегі **Ақпан төңкерісі**.



### Есіңде сақта!

Түркістанда біздің заманымыздың жыл санауының өзінде жаңа және ескі жыл есебі болған, оқулықта тарихи күн мен айлар 1918 жылы 31-қаңтарға дейін ескі есеппен, 1918 жылы 14-ақпаннан бастап жаңа есеппен беріледі. Өйткені РСФСР (Ресей) Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының 1918 жылы 26-қаңтардағы арнайы декретімен Ресей аумағында григориан күнтізбесі енгізіліп, іс жүзіндегі күнтізбеден 13 күндік айырмашылығы болған. Жалпы, 1918 жылы 31-қаңтардан соң 1-ақпанға емес, бәлкім 14-ақпанға өтілді. Бұл күнтізбе Түркістан өлкесіне де енгізілді.

Ресей империясының астанасы Петроградта бұл кезде митингілер мен көтерілістер басталып, ол Ақпан төңкерісінің жеңісімен аяқталды. Ақпан төңкерісі Ресей империясы аумағындағы самодержавияны тоқтатты, императордың (патша) шексіз билігі аяқталды. Ресей императоры Николай II өз еркімен 2-наурызда тақтан бас тартты.

Петроградта Мемлекеттік Думаның **Уақытша комитеті** түзілді. Жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі сайланды. 1-наурызда Мәскеуде, наурыз айында бүкіл мемлекетте жаңа үкімет орнады. Ресейдегі Уақытша үкіметке Георгий Львов (1917 жыл наурыз-шілде) және Александр Керенский (1917 жыл шілде-қазан) басшылық етті.

Ақпан төңкерісі Түркістан өлкесі мұсылман халқын саяси жағынан оятуда, демократиялық өзгерістерге басшылық жасамақшы болған жаңа күштердің саясат алаңына шығуында аса маңызға ие болды. Жадидтер пайда болып жатқан ұлттық демократиялық күштердің өзегі болды. Олар аймақ жергілікті халықтарының өркендеу және тәуелсіздік жөніндегі өз

идеяларын төңкеріс идеяларымен байланыстырып, өздері жария еткен қағидаларды амалға асыруға белсене кірісті.

**Ресей Уақытшалық үкіметінің Түркістан комитеті қызметі.** Ташкентте 1917 жылы 2-наурызда жұмысшы депутаттары Кеңесі (Ташкент Кеңесі) түзілген еді. Уақытша үкімет орнатылған соң, Түркістан өлкесі генерал-губернаторы және Түркістан әскери округы қолбасшысы генерал **А.Н.Куропаткин** және оның көмекшілері лауазымдарынан босатылып, 31-наурызда үй түрмесіне тасталған еді.



**Өзіңді сынап көр!**

Ақпан революциясы — бұл...

Уақытша комитет — бұл...

Уақытша үкімет 1917 жылы 7-сәуірде Түркістан өлкесін басқару үшін 9 кісінен құралған **Түркістан комитетін** түзді және Ташкентте қызмет атқарды.

Түркістан комитетіне кадеттер партиясының өкілі **Николай Чепкин** және әсерлер партиясынан **Владимир Накивкин** төрағалық етті. Оның құрамына еуропалықтардан басқа түрік тектес халықтарынан Мұхамеджан Тынышбаев, Әлихан Бөкейханов, Садри Мақсуди, Абдул Азиз Давлетшин да кірген еді. Бірақ олардың дерлік барлығы Түркістандағы жергілікті жағдайды білмейтін, оның үстіне әлсіз саясатшылар еді.

Негізінде, Уақытша үкімет Түркістан өлкесі генерал-губернаторлығын Түркістан комитетіне айырбастаумен отаршылдықтан құралған өлке басқаруының мән-мазмұнымен бұрынғы күйде қалды, тек оның аты өзгерді. Бұл жағдай, әрине, байқалмай қалған жоқ және әртүрлі жағдайларды туғызды. Көп өтпей Түркістан комитеті мен жергілікті, саяси және қоғам ұйымдары мен кеңестер (Ташкеңес) арасында әртүрлі қарама-қайшылықтар жүзеге келуіне себеп болды.

**Бүкілтүркістан мұсылмандары құрылтайлары және “Шурои Исломия” мен “Шурои Уламо” ұйымдарының қызметі.** 1917 жылы 14-наурызда Ташкент қаласында Түркістан прогресшілдерінің әлеуметтік-саяси ұйымы **“Шурои Исломия”** (“Ислам Кеңесі”) түзілді. Ұйымға алғаш



### Есінде сақта!

Түркістан комитеті құрамына өзбек халқының бірде-бір өкілі енгізілмеген.

Абдулвахидқары Абдурауфқары ұлы, кейінірек Убайдуллақожа Асадуллақожаев (Убайдулла Хожаев) төраға етіп сайланған. ”Шурои Исламия” қызметінде Мунавварқары Абдурашидханов, Мах-мудқожа Бехбуди, Мұстафа Чоқай, Ахмад Заки Валиди, Ислам Султан Шоахмедов, Ташполатбек Нарботабеков сияқты тұлғалар үлкен рөл атқарды.

1917 жылы 16–23-сәуірде Ташкент қаласында ұйым бастамасымен Бүкілтүркістан мұсылмандарының I құрылтайы болып өтті.



Убайдулла Хожаев



**Ой жүгірту!** 9-сыныпта алған біліміңе сүйеніп, Түркістан генерал-губернаторлығының түзілуі және оның басқаруындағы өзіне тәндігі неден құралғандығын еске түсір. Оның бірінші генерал-губернаторы кім еді?

Тарихта тұңғыш рет Бүтінтүркістан көлемінде мұсылмандар құрылтайы шақырылып, мұнда түпкі халықтардың автономияға қарай ұмтылуы, өз салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және тұрмыс салтын бірізді қорғауы жөнінде баяндалды. Мұнда Түркістан мұсылмандарының Ұлттық Орталығы — **Түркістан өлкесі мұсылмандары кеңесі** (Краймускенес) түзілді. Мұстафа Чоқай оған төраға, Мунавварқары Абдурашидханов және Ахмад Заки Валиди хатшылар болды. Құрылтайда қабылданған ұйымның бағдарламасында өлке мұсылмандары арасында қайта құрулар өткізу идеяларын тарату, аймақтағы барлық мұсылмандарды бір қағида мен пікір негізінде біріктіріп, Түркістанға автономия мәртебесін беру үшін күресу міндеті қойылған. 1917 жылы сәуір айында-ақ ұйымның Самарқант, Қоқан,



Ахмад Заки Валиди



Наманган, Өндіжан, Марғұлан, Скобелев (Ферғана), Марв, Түркістан, Ақмешіт (Қызылорда), Ош және басқа қалаларда бөлімшелері түзілген. Ташкентте “Шурои Ислон” атты газет те шығарылған.

Бірақ прогресшіл зиялылар мен (жадидтер) ескілік жақтаушылары болған кейбір ғұламалар (қадымшылар) арасындағы келіспеушіліктер “Шурои Ислония” ұйымы қатарында бөлінуді жүзеге келтірді. **1917 жылы маусымда** ұйымнан бір топ ғұламалар бөлініп, Қоқан және Ташкентте жаңа қоғам — “Шурои Уламоға” негіз салды. Қоғамның Ташкент, Қоқан, Самарқанд, Наманган қалаларындағы бөлімшелері белсенді қызмет жүргізген. Ташкент бөлімшесіне Шерали Лапин басшылық еткен. Қоғамның ең ірі Қоқан бөлімшесіне Мулла Мухиддинхан, Мулла Ұлықхан Тураев төрағалық жасаған. Қоғам бағдарламасы мен Жарғысы бойынша, ішкі саяси құрылымда шарифат заңдарына мойынсұнып, ұлттық-діни құндылықтарды көтеруге үндеу жасалған және медреселерді экономикалық қолдап-қуаттау айтылған. “Шурои Уламо” қоғамы “аль-Изах” және “аль-Ислах” журналдарын шығарған. Ғұламашылардың бастамасымен 1917 жылы қыркүйекте Ташкентте Түркістан және Қазақстан мұсылмандары құрылтайы өткізілген. Мұнда ғұламашылар және шаруа исламшылар өзара бірігіп, “Иттифоқи муслимин” саяси партиясын түзді. (1918 жылы мамыр айында большевиктер “Шурои Ислония” және “Шурои Уламо” ұйымдарын жоққа шығарған).

Бірақ жадидтер мен ғұламалар арасындағы қайшылықтар және идеялық күрес күшейе түскен. Бұл жағдайлар аумақтағы басқа саяси күш – большевиктер және сол эсерлер партиясы өкілдеріне мақұл келген.



***Есіңде сақта!***


Осылайша, Түркістанда Ресейдегі сияқты қос үкімет емес, сондай-ақ төмендегі үш үкімет пайда болды:

- \* Біріншісі, Ресей Уақытша үкіметтің уақытша Түркістан комитеті;
- \* Екіншісі, Түркістандағы жұмысшы және әскери депутаттардың жергілікті және орталық Кеңестері;
- \* Үшіншісі, жадидтердің “Шурои ислония” ұйымы (қоғамы) және жер-жердегі бөлімшелері, Ташкентте Түркістан өлкесі мұсылмандары Кеңесі (Краймускенес ) – Ұлттық Орталық.

«Шурои Исломия»

«Иттифоқи  
муслимин»

«Шурои Уламо»



### Атаулар түсінігі!

Автономия — кез келген аумақтың мемлекет аумақтың мемлекет үкіметінің дербес жүзеге асыру құқығы.

Кадеттер — «конституциялық демократтар» бірігуінің бас әріптерінен алынған. Ресейде 1905 жылы пайда болған, конституциялық-демократиялық партия деп аталатын партияның мүшелері.

Эсерлер — S (эс) – социал, R (эр) – революциялық, яғни социал революционерлер атынан алынған болып, олар Кеңестердің ішінде диқандардың мүддесін қорғайтын топ болған.

Большевик — (орысша большой, больше — үлкен; көп) Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1903 жылы II съезінде партия мүшелерінің көпшілігі негізінде қалыптасқан тобы большевиктер, ал кемшілігі меньшевиктерге бөлінді.

Бөлімше – бөлім, сала.

### Сұрақ және тапсырмалар:



1. Түркістан халықтарының ғасырлық арманы қандай еді?
2. Түркістандықтар 1917 жылы ақпан төңкерісінен нені күткен еді?
3. 1917 жылы ақпан төңкерісінен соң Түркістанда қандай өзгерістер пайда болды ?
4. Жаңа тарихи жағдайда Түркістан жадидтері алдында қандай көкейкесті міндеттер тұрған еді?
5. Бүкілтүркістан мұсылмандары I құрылтайы қандай мәселелерге арналған еді?
6. Үй тапсырмасы : төмендегі кестені толтыр!

Ұйым	Түзілген уақыты	Қатысушылары	Қызметі	Басылымдары
«Шурои Исломия»				
«Шурои Уламо»				

## § 2. Түркістанда кеңес үкіметінің мәжбүри түрде орнатылуы және большевиктер диктатурасы

### **Ресейдегі Қазан төңкерісі және оның Түркістан өлкесіне ықпалы.**

1917 жылы тамыздың соңы – қыркүйектің басында большевиктер Петроград және Мәскеу Кеңестерінде көпшілікті құрады және үкіметті басып алу үшін қарулы төңкеріске дайындалды. 24-қазаннан 25-қазанға өтер түні қаруланған жұмысшылар, Петроград солдаттары мен Балтық флотының матростары Қысқы сарайға бастырып кірді және мәжіліс өткізіп жатқан Уақытша үкімет мүшелерін тұтқынға алды. Петроград ашылған Бүкіл Ресей Кеңестерінің II съезінде большевиктер бастапқыда сол эсерлермен ынтымақтастықта Уақытша үкімет аударылғандығын қолдап-қуаттап, тыныштық және Жер туралы декреттер жариялады.



#### **Ой жүгірту!**

8-9 сыныптарда алған біліміне сүйеніп, декрет деген атауға түсінік бер. Декреттің басқа заң құжаттарынан қандай айырмашылығы бар?

Владимир Ильич Ульянов (Ленин) басшылығындағы үкімет — Халық Комиссарлары Кеңесін (ХКК) түзді. Большевиктер Петроград және Мәскеуде Уақытша үкіметке жақтаушы күштердің қарсылығын аяусыз бастырып, Ресейдің маңызды орталық өндіріс қалаларында тез қарқында өз билігін орнатты. 1917 жылы күзде Түркістанда үкіметтің большевиктер ықпалындағы Кеңестер қолына өтуі үшін объективті жағдай жоқ еді, большевиктердің халық арасында ықпалы да аз болған. Бұл жерде негізгі саяси күштер эсерлер мен ұлттық палаталар еді. Бірақ осындай күрделі саяси күштер және олардың жетекшілері большевиктердің күшін жеткілікті дәрежеде бағаламады және оған қарсы күреске біріге алмады. .



#### **Есінде сақтаңыз !**

Ресейдегі Қазан төңкерісі нәтижесінде әкімшілік Уақытша үкіметтен, Ленин жетекшілігіндегі большевиктер партиясының қолына өтті.

**Ташкентте Кеңес үкіметінің орнатылуы және Түркістан өлкелік Халық Комиссарлары Кеңесінің түзілуі.** Қазан төңкерісі жөніндегі хабар 27-қазанда Ташкентке жетіп келген соң, большевиктер мен сол

эсерлер үкіметті зорлықпен алу үшін күрес бастады. Большевиктер басылық еткен Ташкент Кеңесі жұмысшы және солдаттарды көтеріліске шығуға үндеді. Бірақ Уақытша үкімет Түркістан өлкесінің бас комиссары етіп тағайындаған генерал П.Коровиченконы жақтаған бөлімдер бұған қарсылық көрсетті. 28-қазаннан бастап Ташкенттің жаңа қаласында қарулы қақтығысулары өршіді. Төрт күндік шайқастардан соң Ташкенттің жаңа қала бөлігінде зорлықпен Кеңес өкіметі орнатылды. Бірақ қарулы қақтығысуда жергілікті халық дерлік қатыспады. 1917 жыл қарашада Самарқанд, Скобелев және басқа қалаларда Кеңес өкіметі орнады.

Ташкентте 1917 жылы 15 – 22-қарашасында болған Түркістан жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестерінің III өлкелік съезінде сол эсерлер, большевиктер және максималистерден құралған Кеңес үкіметі Түркістан өлкесі Халық Комиссарлары Кеңесі түзілді. Үкіметте 8 орын эсерлерге, 7 орын большевиктер мен максималистерге берілді және тек еуропалықтардан түзілді. Түркістан өлкесі ХКК төрағасы лауазымын мамандығы сызбашы болған большевик Федор Колесов иеледі, әскери комиссар етіп арбакеш Ю. Перфилев, басқа комиссарлық лауазымдарына да орта білімді кісілер тағайындалды. Үкімет құрамына жергілікті халық өкілдерінен ешкім енгізілмеді. Бұл кездейсоқ жағдай емес еді.

Сөйтіп, Түркістанда да большевиктер зорлықпен Кеңес өкіметін орнатты. Большевиктер үкіметі еуропалық жұмысшылар, қызыл гвардияшылар және басқа әскери бөлімдерге сүйеніп, аумақта өз диктатурасын орнатты.



### Өзіңді сынап көр!

Қысқы сарайды иелеген күштер – бұл...

Владимир Ульянов — бұл ...


Ф. Колесов және Ю. Перфиевтер — бұл ...

**Большевиктер мен сол эсерлердің Түркістан жадидтеріне қарсы күресі.** Түркістанның болашақтағы тағдыры шешіліп жатқан сол күрделі кезде большевиктер мен Кеңес үкіметіне қатынасы мәселесінде мұсылман халқының негізгі өкілдері болған “Шурои Уламо” және прогресшілдерден

құралған Ұлттық Орталық (Краймускеңес) арасында күрес үдеп кетті. “Шурои Уламо” ұйымының Ташкент бөлімшесі жетекшілері (Шерали Лапин және т.б.) үкіметті күшпен иелеген большевиктерді қолдап-қуаттайды. Түркістан өлке мұсылмандары Орталық Кеңесі (Ұлттық Орталық) большевиктермен ынтымақтастық жасауға қарсы шықты және қарашаның басында Ташкенттен Қоқан қаласына көшіп өтіп, Ферғана аңғарында өз қызметін күшейтті. “Шурои Исломия” ұйымы да бұл кезде өз ордасын Қоқанға көшірген еді.

Ташкент қаласында “Шурои Уламо” ұйымының бастамасымен 1917 жылы 12–15-қарашада “эртүрлі мұсылман топтарының біріккен кеңесі” өткізіліп, мұнда Сырдария мен Самарқанд облыстарынан келген өкілдер қатысты. Кеңестің күн тәртібіне “Түркістанда үкімет ұйымдастыру” мәселесі қойылды. Кеңес орындарының жартысы мұсылман халқы өкілдеріне берілетін коалициялық үкімет түзуді жақтады. Бірақ большевиктер өзімен коалициялық үкімет түзуді армандаған Шерали Лапин жетекшілігіндегі ғұламашылардың пікірлерін қатаң жоққа шығарды. Ғұламашылардың бұл талабын ұлттық демократиялық күштер де қолдамады.

Жадидтер мен олардың “Шурои Исломия” және Түркістан өлкелік мұсылмандары Орталық Кеңесіндегі (Ұлттық Орталық) жақтастары Бүкілтүркістан мұсылмандары құрылтайын шақыру және онда Түркістанға автоном мәртебесін беру ұсынысымен алаңға шықты. Большевиктер алдымен Түркістан прогресшілері және жадидтеріне қарсы аяусыз күрес жүргізді.



### *Атаулар түсінігі!*

**Максималистер** — мемлекет құрылымын сынап, радикал өзгерістер мен қайта құрулар өткізуді талап ететін саяси ағым.

**Коалициялық үкімет** — ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін түзілген бірлестік, бірнеше партияның үкіметті одақ болып басқаруы.



### **Сұрақ пен тапсырмалар:**

1. Большевиктердің Қазан төңкерісін жасауына қандай факторлар негіз болған ?

2. Ресей мен Түркістанда ХКК жетекшілері кімдер болды?
3. Түркістан өлкесі Халық Комиссарлары Кеңесі түзілген соң, оның құрамына кімдер кіреді? Неліктен үкімет құрамына жергілікті халық өкілдері енгізілмеген ?
4. Түркістанның большевиктер ықпалындағы Кеңестер қолына өтуі үшін жағдай болмаса да, неліктен олар өз мақсаттарына қол жеткізе алды?
5. Түркістан өлкесі мұсылмандары Орталық Кеңесі және “Шурои Исломия” ұйымдары неліктен өз ордасын өзгерткен еді?

№	Күні, айы	Оқиға	Нәтиже
1	15–22-қараша		
2	12–15-қараша		
3	27-қазан		
4	24–25-қазан		
5	28-қазан		

### **§ 3. Түркістан Автономиясы – түпкілікті халықтар мемлекетшілігі тарихында жаңа басқыш**

**Түркістан Автономиясы үкіметінің түзілуі және қызметі. 1917 жылы 26–28-қарашада** Қоқан қаласында Бүкілтүркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше IV құрылтайы болып өтті.

Түркістанды басқару формасы туралы мәселе құрылтайдың негізгі мәселесі болды. Бұл мәселенің талқылауында сөзге шыққандардың көпшілігі Түркістанның автоном республика деп жариялануы өлке халқының әлеуметтік мақсаттарынан туындағаны және оған сай келуін ұқтырды. Автономия және тәуелсіздік жариялау пікірін барлығы қолдап-қуаттады.

Құрылтайда 27-қараша күні кешке қабылданған қаулыда былай деп жазылған еді: “Түркістанда жасайтын түрлі ұлттардан құралған халқы Ресей төңкерісі үндеген халықтардың өз құқықтарын өзі белгілеу жөніндегі еркін білдіріп, Түркістанды Федеративтік Ресей Республикасы құрамында аумағы жағынан автономия деп жариялайды, сонымен бірге

автономияның қалыптасу түрлерін Құрылтай Мәжілісіне ұсынады”. Құрылтай Түркістанда тұратын ұлттық азшылық құқықтарын үздіксіз қорғауын салтанатты түрде жариялады.

28-қарашада қалыптасып жатқан бұл үкіметтің аты анықталып, Түркістан Автономиясы деп аталатын болды. Құрылтай сол күнгі жиналыста Бүкілресей Құрылтай Мәжілісі шақырылғанына дейін үкімет **Түркістан Уақытша Кеңесі және Түркістан Халық (Ұлттық) Мәжілісі** қолында болуы керек, деп қаулы жасады



### Ой жүгірту!

Жиналыста Автономиясының орталығы Қоқан қаласы деп белгіленді. Алдыңғы сабақтарда алынған біліміңе сүйеніп, құрылтайдың мұндай қаулы қабылдаудың факторларын атап өтуге әрекет ет.

Құрылтайда Түркістан Уақытша Кеңесі мүшелерінен 8 кісіден құралған топта Түркістан Автономиясы үкіметі түзілді. Үкіметтің Бас уәзірі және ішкі істер уәзірі етіп Мухамеджан Тынысбаев сайланды. Ислам Шоахмедов бас уәзірдің орынбасары, Мұстафа Чоқай — сыртқы істер уәзірі, Убайдулла Хожаев — әскери уәзір, Хидаятбек Юрғули Агаев жер және су байлықтары уәзірі, Абиджан Махмудов — азық-түлік уәзірі, Абдурахмон Оразаев — ішкі істер уәзірінің орынбасары, Соломон Герцфельд — қаржы лауазымдарын иеледі. Үкімет құрамында кейінен кейбір өзгерістер болды. Мұстафа Чоқай Бас уәзір лауазымын орындауға кірісті.

Білімсіз және өз мамандығына лайықсыз Кеңес өкіметінің большевик комиссарларына қарағанда автономия өкіметі уәзірлерінің көпшілігі **жоғары білімді құқықтанушы** екендігі олардың білім дәрежесінің қаншалықты жоғары екендігін білдіреді.

Құрылтай аяқталған соң, 1-желтоқсанда Түркістан Автономиясының Уақытша үкіметі мүшелері (8 кісі) қол қойған арнаулы **Үндеу** жариялады. Бұл Үндеуде Түркістанның барлық халқы: нәсілі, ұлты, діні,



**Мұстафа Чоқай**





Абиджан Махмудов

жынысы, жасы және саяси нанымдарына қарамай, бірлік және ынтымақтастыққа шақырылған еді.

**Түркістан халықтарының автономдық үкіметті қолдап-қуаттауы.** Түркістан автономдық үкіметі мемлекет конституциясын дайындау үшін атақты құқықтанушыларды қатыстырды. “Ел туы”, “Бірлік туы”, «Ерікті Түркістан», «Автономдық Түркістан Уақытша Үкіметі хабарлары» сияқты үкімет ұнқағаздары өзбек, қазақ және орыс тілдерінде басыла бастады. Алдын шығып жатқан **“Ұлы Түркістан”** ұнқағазы да өз мақалаларында автономдық үкімет қызметіне ерекше мән бере бастады. Басылым істерін жақсарту үшін



#### Есіңде сақта!

Автономдық үкімет министрлерінің көпшілігі жоғары білімді, жоғары дәрежелі мамандар болған. Мәселен, Мухамеджан Тынысбаев темір жол инженері, Ислам Султан ұлы Шоахмедов, Мұстафа Чоқай, Убайдулла Хожаев, Абдурахмон Оразаев, Соломон Герцфельдтер құқықтанушы, Хидаятбек Юргұлұлы Агаев агроном, Абиджон Махмудов тау-кен өндірісі маманы болған.

А.Махмудовтың баспасы өкіметке өткізілді. Автономдық үкімет ұлттық әскерилерді түзуге кірісті. Әскери министр Убайдулла Хожаев қатысуында 1918 жылдың басында өткізілген байқау (шеру) уақытында әскерлер саны 2000 кісі болған. Бұдан тыс Қоқанда шамамен осынша полицияшылар бар еді. Үкімет экономика саласында 30 миллион сум мөлшерде ішкі заем шығаруды қолға алды. Сондай-ақ, үкімет мүшелері ашаршылық қыспағында қалған Түркістан халқына Кавказдан Орынбор арқылы астық әкелу ділгірлігін шешу үшін де нақты адымдар тастады.

Түркістан Автономдық үкіметі қысқа мерзім ішінде халық арасында үлкен мәртебеге ие болды. Фитрат, Чулпан, Хамза секілді өзбек халқының жалынды ақындары автономдық үкіметті мақтап отты өлеңдер жазды. Фитрат автономия жарияланған 27-қараша түнін “Ұлттық ләйлі-тұлқадіріміз” деп атады: Ғұлама Фитраттың бұл сөздерінде үлкен мағы-



на жиналған. Түркістан өлкесінің әртүрлі қала мен қыстақтарында автономияны қолдап, көп мың кісілік ереуілдер болып өтті. Сол дәуірде шыққан ұнқағаздардың жазуынша, ереуіл қатысушыларының туларында “Жасасын автономдық Түркістан және оның үкіметі!” деп жазылған сөздер желбіреп тұрған еді.

Самарқантта болып өткен уәлаят Кеңестері съезінде жиналғандар Түркістан автономиясына қосылуға шешім қабылдады және Ұлттар Мәжілісі құрамына 5 уәкіл сайлады.

“Ұлы Түркістан “ ұнқағазының жазуынша, 1917 жылы желтоқсанда Ташкентте 60 000 кісі қатысқан митинг өткізілді. Мунавварқары жетекшілігінде ұйымдастырылған бұл митинг қатысушылары Автономдық Түркістан үкіметін бір дауыспен мақұлдады және Түркістанда енді бұл уақытша үкіметтен басқа ешқандай үкіметті тән алмауға шешім қабылдағанын жариялады.

**Қызыл гвардияшылар мен дашноқтардың автономды күкіметті талқандауы. Қоқандағы жаппай қырғындар.** Өкінішіке орай, өлкедегі алғашқы демократиялық және халықшыл үкімет болған Түркістан автономиясының қызметі, көпке созылмады. Большевиктер мен Ташкент Кеңесі (жетекшісі: Иван Тоболин) оған үлкен қауіп ретінде қарады және шұғыл түрде оны таратуға тырысты.

Түркістан өлкесінің жұмысшы, солдат және депутаттары Кеңестерінің төтенше 1918 жылы 19–26-қаңтарда болып өткен IV съезінде Түркістан автономдық үкіметін күшпен таратуға шешім қабылданды. Түркістан өлкелік ХКК 1918 жылғы 30 қаңтар күні әскери қозғалыстарды бастады. Түркістан большевиктері ол үшін қызыл гвардияшылардан тыс армяндардың “Дашноқ-сутюн” партиясы мүшелерінен түзілген қарулы дружиналардан да кең пайдаланды. 30-қаңтар күні кешке Ташкенттен жіберілген алғашқы әскери отрядтар Скобелевтен Қоқанға зеңбірек және пулеметтермен жетіп келді. 31-қаңтар күні түстен кейін шайқас басталды. 15-ақпанда қалада өрт болды.

Алғашқы шайқаста автономияның ұлттық әскерлерінен тыс қоқандық

бейбіт халық өкілдері де қатысты. Негізінен балта, шөккіш, таяқ көтерген халайықтың саны 10 000 кісіге жетті. Соған қарамай, қарусыз бұл кісілер Кеңес үкіметі әскери күштерінің Қоқан қаласына жасаған шабуылын үш күн барысында аса ерлікпен қайтарды.

Қоқан қаласы полицейшілерінің бастығы Кіші Эргаш топ басшысы 18-ақпаннан бастап амалда автономдық үкіметтің басшысына айналды. Түркістан өлкесі әскери комиссары Ю.Перфилов басшылығындағы жаяу, атты және артиллерия бөлімдерінен құралған 11 эшелон большевиктердің әскери күштеріне жәрдем беруге Қоқанға келді. Қаланың үстіне үш күн бойы зеңбіректерден от алдырушы снарядтар атылды. Химиялық құралдар қолданылды. Қызыл гвардияшылар және дашноқтар қалада шабуылдар ұйымдастырып, талан-тараж етуге кірісті. Түркістан автономдық үкіметі большевиктердің қанды шабуылдарының салдарынан аударып тасталды. Бірақ Қоқан және оның айналасындағы бейбіт халықты талан-тараж ету, өлтіру үдеді. Тек Қоқанда 3 күн ішінде 10 000 кісі өлтірілді. Мұсылмандар жаппай қырылды. Қоқан қаласы бүтіндей қиратылды.

“Ұлы Түркістан“ үнқағазы терең қайғымен хабарлауынша, “20-февраль Қоқан тарихының ең қатерлі күні еді. Армяндар айрықша қызмет көрсеткен...” Үнқағаздағы бұл мақала “Қоқан қазір өлілер қаласы“ деген үрейлі сөздермен аяқталды.



*Түркістан автономиясын қызыл әскерлер талқандаған соң  
Қоқан қаласының көрінісі. 1918 жылы, ақпан*

Ақырында, 1918 жылы 22-ақпанда Қоқан қаласындағы Орыс-Азия банкі ғимаратында большевиктер дайындаған “бейбітшілік келісім-шартына” қол қойылды. Бұл келісім-шарттың 2-бабында: “Халық өлкелік Халық Комиссарлары Кеңесі үкіметі және барлық жергілікті Кеңес ұйымдарын тән алады”, деп жазылған еді. Иә, атылған, өлтірілген, таланған және қысымға алынған қоқандықтардың тірі қалған бөлігі кеңес үкіметін тән алуға мәжбүр болды




**Өзінді сынап көр!**

Автономияның әкімшілік орталығы — бұл ....

Автономияның Бас уәзірлері — бұл ....

Түркістан мұсылмандарының төтенше IV құрылтайы — бұл ...

Түркістан автономиясы небары 72 күн болса да, ол еркіндікті сүйетін халқымызды ұлттық тәуелсіздік үшін күреске шақырды. Отан сезіміндей қасиетті сезім жүрегінің төрінен орын алған Түркістан зиялыларының автономия үшін жүргізген күресі ізсіз кеткен жоқ. 1918 жылдың ерте көктемінде ең алдымен Ферғана аңғарында, одан соң Түркістан аумағында Кеңес режиміне қарсы қарулы тәуелсіздік қозғалысы басталды.



**Атаулар түсінігі!**

Дашноқтар – (армянша) – армян ұлтшылдарының “Дашно-сутюн“ (одақ) партиясы мүшелері.

Эшелон – (франц. – баспалдақ, саты) арнаулы жүк, техника, артиллерия, танк және әскерлер артылған поезд және автоколонна.

**Сұрақ және тапсырмалар:**



1. Түркістан Автономиясын қандай жағдайда және кімдер ұйымдастырды?
2. Сен Түркістан Автономиясын демократиялық мемлекетшілік үлгісі ретінде сипаттап бере аласың ба?
3. Большевиктер Автономияға неліктен үлкен қауіп ретінде қараған?
4. Автономдық үкімет жеңілісінің негізгі себептерін көрсетіп бер.
5. Түркістан Автономиясы тәжірибесінен қандай қажетті сабақтар алуға болады?
6. Үй тапсырмасы: төмендегі кестені толтыр.

Түркістан автономиясы	Пайда болған күні, айы	Ұйымдастырылу жағдайлары	Үкімет мүшелері	Мемлекетіміз тарихындағы орны

#### § 4. Түркістан өлкесінде кеңес үкіметі басқару жүйесінің құрылымы және экономикалық саласындағы өзгерістер

**Большевиктердің өлкеде жүргізген саясаты және Түркістан АКСР және Түркістан Компартиясының түзілуі.**

Большевиктер және сол эсерлер мұсылман халқының өлкені басқаруға болған заңды құқықын тән алмай, әкімшілік туралы мәселені келісіп шешу мүмкіндігін жоққа шығарды және сонымен Түркістан саяси өмірінде ұлттық және демократиялық күштердің болашақта оппозицияға өтуін алдынан қажеттілік етіп қойды.

Орталықтағы большевиктер басшылық жасаған кеңес үкіметі шет жерлер, соның ішінде Түркістанда да “кеңес автономиясын” орнатуға қатты кірісті. Бұл істі орындау үшін кеңес Ресейінің астанасы Мәскеуден көптеген партия және кеңес қызметкерлері Түркістан өлкесіне жіберілді. Кеңес үкіметінің басшысы **В.И. Лениннің** бұйрығымен большевик **Петр Кобозев** Орта Азияның төтенше комиссары етіп жөнетілді.

1918 жыл 20-сәуір–1-мамырда Ташкентте Түркістан жұмысшы, солдат, шаруа, мұсылман және дикан депутаттарының V өлкелік съезі болып өтті. Съезд депутаттары Кеңес Ресейі үкіметінің басшылары **В.И. Ленин және И.В. Сталиннің** нұсқауы негізінде 30-сәуірде “Ресей Кеңес федерациясының Түркістан Кеңес Республикасы жөніндегі Ере-же”сін қабылдады. Бұл ереже РКФСР құрамында Түркістанда автономдық республика–Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы (Түркістан АКСР) түзілгендігін жариялады. Съезде Түркістан АКСР Орталық Атқару Комитеті түзілді және Түркістан АКСР Комиссарлары



#### **Ой жүгірту!**

Түркістан генерал-губернаторлығы құрамында неше облыс бар еді және олардың құрылыс кезектілігін білесің бе? Түркістан генерал-губернаторлығы және ТАКСР аумақтық бөлінуі бойынша өзгешеліктер бар ма?

Кеңесінің жаңа құрамы бекітілді. 1918 жылы 17–25-маусымда Ташкентте Түркістан большевиктік ұйымдарының ұйымдастыру өлкелік съезі болып өтті, мұнда Ресей Коммунистік партиясы РКП-ның(б) құрамдық бөлігі

болған Түркістан коммунистік партиясы (ТКП) ұйымдастыру жағынан ресмилендірілді. Съезде Иван Тоболин 7 кісіден құралған Орталық Комитет сайлады. ТКП ОК құрамына жергілікті коммунистерден Низамиддин Хожаев та енгізілді. Республика саяси өмірінде Түркістан коммунистік партиясы жетекші орынға ие болды.

**Орталық өкілетті органдарының Түркістандағы қызметі және олар-ға қарсы ұлттық коммунистер мен Мұсылмандар бюросының күресі.** Орталық өз саясатын жүзеге асыру үшін арнаулы комиссиялар және бюролар (Түріккомиссия, Түрікбюро, Орта Азия бюросы және тағы басқалар) түзіп, оларды Ташкентке жөнетті және осы өкілетті органдар арқылы Түркістан АКСР- ын басқаруға әрекет етті. Орталықтың мұндай шовинистік және отаршылдық саясатына қарсы ұлттық коммунистер және Мұсылмандар бюросы белсенді күрес жүргізді.

1919 жылы наурыз айында Түркістан коммунистік партиясының II конференциясында РКП (б) өлке Мұсылмандар бюросы (Мұсбюро) түзілді. Мұсылмандар бюросы құрамына Т.Рысқұлов (төраға), Н.Хожаев, А.Мухитдинов, Ю.Алиев және басқалар енгізілді. Мұсылман-дар бюросы өз қатарларында ұлттық коммунистер және кейбір жадидтерді біріктіріп, кеңес режимінің отаршылдық саясатын сынады. Оның қызметінде **Мунавварқары** мен **Абдулла Авлоний** да қатысты.

Түркістанда жергілікті коммунистердің жетекшілері дағдарыс пен тоқыраудан құтылу үшін өлкенің тәуелсіз жасау жолына өту бағдарламасын алға қойды. 1920 жылы қаңтарда Түркістан АКСР ОАК төрағасы, өлке мұсылмандар бюросының төрағасы **Т.Рысқұлов** Түркістан Кеңес республикасы атын өзгертіп, оны **Түрік Республикасы** деп атау, бірегей коммунистік партия



Тұрар Рысқұлов



Мунавварқары



Фитрат

– Түркістан түрки халықтардың коммунистік партиясын (қысқаша Түрік партия) түзу ұсынысымен шықты.

Т. Рысқұлов бұнымен шектеліп қалмады, ол Түркістан АКСР Конституциясын қайта көріп шығу, мұсылмандардың жеке армиясын түзу және қызыл армияның мұсылман болмаған бөлімдерін Түркістан аумағынан тасып әкету, тіпті Түркістан комиссиясы (Түрік-комиссия) мен Түркістан фронтын (Түрікфронт) тарату мәселелерін қатал түрде қойған еді. Т.Рысқұловтың Түркістанды тәуелсіздікке апаратын бұл пікірлеріне Түркістан фронты қолбасшысы М.В.Фрунзе мен кеңес үкіметі басшысы В.И.Ленин қарсы шыққан соң, ол іске аспады. 1920 жылы жазда Т.Рысқұлов міндетінен босатылып, Мәскеуге іске шақырылды. Бірақ оның жергілікті халықтардың мүдделерін қорғауы, Түркістан тәуелсіздігі үшін ашық және жасырын күрестері жалғаса берді.



#### Өзінді сынап көр!

Петр Кобозев — бұл ...

Мұсылмандар бюросы — бұл

Тұрар Рысқұлов — бұл ...

ТАС СР аумағы — бұл ...

Түркістандағы ашаршылық және оның салдары. Түркістанда 1917 жылы қыста басталған ашаршылық большевиктердің қатал саясаты нәтижесінде одан бетер үдеп кетті. 1918 жылы 20-қарашада Түркістан АКСР-де **Т.Рысқұлов** төрағалығында ашаршылыққа қарсы күрес бойынша **Орталық комиссиясы** түзілген. Бірақ комиссияның еркіне Кеңес үкіметі тиісті көлемде қаражат бөлмеген. Архив деректерінің мәлімдеуінше, Ферғана аңғарында 1917–1923 жылдарда ашаршылық нәтижесінде 1 млн. кісі, Самарқант облысында 200 000 кісі қаза тапқан.

Бірақ сұм ашаршылық пен ауыр экономикалық күйзелісті бастан кешіріп жатқан Түркістан өлкесінен Орталыққа азық-түлік өнімдерін тасып әкету арта түсті. 1920 жылы тасып кетілген нан өнімдері мен басқа азық-түліктердің мөлшері бірнеше есе көбейген. 1921–1922 жылдары Түркістаннан Ресейге - 4,4 млн. пұт астық жөнелтілген.



Сол кезде астық өсіруге мамандандырылмаған Түркістан ауыл шаруашылығы үшін бұл үлкен көлемдегі астық болып есептелген. Халық аштықтан қырылып жатқан бір кезде Түркістандағы кейбір азық-түлік қорларын большевиктер фронтта әскери мақсаттар үшін пайдаланған.

**«Әскери коммунизмнен» жаңа экономикалық саясатқа өтілуі.** Большевиктер кеңес үкіметінің бастапқы дәуірінде (1918–1920) жүргізген саясаты **“әскери коммунизм”** деп аталған. Оның мәні төмендегідей болған. Бүкіл өндіріс мемлекет қолында жинақталып, қатты орталықтандырылу негізінде басқарылған, диқандар өзі өсірген өнімнің артығын мемлекетке тапсырған (азық-түлік разверткасы, яғни үлестірілуі); ал мемлекет азық-түлік өнімдерін үлестіруді өз қолына алған, базар жойылып, ақша айналымы натурамен (өнімдер) айырбасталды; еңбекке жарамды барлық халық мәжбүри еңбекке қатыстырылды (еңбек милитаризация) т.б.

“Әскери коммунизм” саясаты өз маңызы бойынша халыққа қарсы бағытталған болып, социализм құру тәсілі ретінде мүлдем жарамсыз еді. Кеңес үкіметі Түркістандағы барлық фабрика-зауыттарды өз иелері қолынан тартып алып, одан ең алдымен қорғанысқа арналған өнімдер жасап шығаруға пайдаланылды. Іскерлікпен шұғылданып келген қоғамдар таратылып жіберілді. Ірі және орта өндіріс кәсіпорындарымен бірге банктар, темір жол көлігі, баспалар мемлекет есебіне өткізілді. Жеке мүлік иелері тегінтамақтар деп жарияланып, азаматтық құқықтарынан айрылды. Базар қарым-қатынастарынан бас тартылды.

Ауыр экономикалық жағдай, атап айтқанда, Түркістандағы жағдай экономика салаларында, оны басқаруда түпкіліктілікті өзгерістер жасау қажеттігін көрсетті. 1921 жылдың көктемінде мемлекеттің экономикалық қарым-қатынастарында кенет өзгерістер өткізу қажеттігі анық болып қалды. РКП(б) X съезді (1921 жылы наурыз айы) азық-түлік разверткасын азық-түлік салығымен алмастыру туралы қаулысымен іс басталып кетті. **Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС)** деген жаңа жолдың мәні осыдан құралған еді.

Түркістан АКСР-де жаңа экономикалық саясатқа өту Түркістан Компартиясы VI съезінде (1921 жылы тамыз) саяси жағынан негіздеп берілді және содан соң Түркістан АКСР Кеңестері X съезді қаулысымен ресмилендірілді. ЖЭС-тардың негізі экономика, халық шаруашылығында басшылық жасаудың әскери-коммунистік тәсілдерінен бас тарту, өндіріске, ең алдымен, диқандарға біраз еркіндік беруден құралған еді.

**Орта Азияда жер-суды қайта құрудың бірінші басқышы жүзеге асырылуы.** Кеңес үкіметі жеке меншікті тарату мақсатында Орта Азияда жер-суды қайта құруды жүзеге асырды. Ол 2 басқыштан құралып, **1921–1922 жылдары** Түркістан АКСР мен Қазақстан АКСР-де жүзеге асырылған әлеуметтік-экономикалық шаралар бірінші басқышты құрайды.

Қайта құруларды іс жүзінде іске асыру үшін **1921 жылы** көктемде басталып, ол бастапқыда **Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқант** облыстарында жүзеге асырылды. Жер-суды қайта құру бай-кулак шаруашылықтарын тарату және көшпелі халықты отырықшы жағдайға өткізу, үлкен жер иелігін жоқ етіп, жерлерді жерсіз және кем жерлі диқандар, батрактар, жерге сыбағаластар (чорикорлар) арасында еңбек нормалары бойынша үлестіру; Ресей империясы отаршылық саясатының кейбір сарқыттарын аяқтауға бағытталған еді. Уақып жерлері де қайта құрулар барысында тартып алына бастады. Террорға ұшыраған қайта құру құрбандары қатты қарсылық көрсетті. Түркістан АКСР-де жері бар диқандардың кеңес үкіметіне қарсы көптеген бұқаралық наразылықтары мен бүліктері болып өтіп, кей жағдайларда ол көтеріліс дәрежесіне көтерілген. Қайта құру қыстақтағы саяси жағдайды қатаң түрде шиеленістірді. Қайта құрудың бірінші басқышында жер түзу қорына 1722626 десятина жер қосылды. Бірақ кеңес үкіметі сол қорлардан жергілікті халыққа тек 600000 десятина жерді ғана егін мен жайлау үшін бөлді.



**Өзіңді сынап көр!**

1917–1923 жылдар — бұл ...

Жер-суды қайта құрудың бірінші басқышы — бұл ...

НЭП — бұл...

“Әскери коммунизм” бұл ...



**Атаулар түсінігі!**

Пұт — 16,38 кг-ға тең салмақ өлшеу бірлігі.

Десятина — (орысша десят — он) метрикалық жүйе қабылданғанша Ресейде қолданылған, 1,09 гектарға тең жер алаңы өлшеуі.

Кеңес үкіметі ірі байлар және жер иеленушілерден тартып алынған жерлер есебінен алғашқы ауыл шаруашылық серіктестіктерін, коммуналар, совхоздар (мемлекет шаруашылықтарын) ұйымдастыруға кірісті. Бірақ оларда еңбек өнімділігі төмен болып, материалдық ынталандыру және қамтамасыз ету жақсы жолға қойылмаған еді.

**Сұрақ және тапсырмалар :**

1. Түркістанда Кеңес автономиясын түзуден қандай мақсат көзделген еді?
2. Түркістан Кеңес автономиясы мазмұны мен маңызы жағынан неге жергілікті халықтың түпкіліктілікті мүдделеріне жауап бере алмайтын еді?
3. Түркістан Компартиясын түзу қажеттілігі қандай себептерге байланысты еді?
4. Түріккомиссия қызметі жөнінде не дей аласың?
5. Жаңа экономикалық саясатты енгізуден бақыланған негізгі мақсаттарды білесің бе?
6. Түркістанда өткізілген жер-су қайта құруларының бірінші басқышында нелерге аса мән берілді?
7. Үйге тапсырма. Түркістандағы экономикалық жағдайға байланысты мәліметтер негізінде кестені толтыр.

<b>Түркістандағы ашаршылық</b>			
Дәуірі	Себептері	Болған үдерістер	Салдары
<b>Жер-су қайта құрулары</b>			
Дәуірі	Себептері	Болған үдерістер	Нәтижелері

**§ 5. Түркістан АКСР-да кеңес үкіметіне қарсы қарулы қозғалыстар****Түркістанда кеңес тәртібіне қарсы қарулы қозғалыстың басталуы.**

Түркістан аумағында большевиктер билігіндегі кеңес тәртібіне қарсы тәуелсіздік қозғалысы 1918 жылы ақпан айының соңғы он күндігінде алғаш Қоқан маңында басталды. Бастапқы топтардың түзілуі Қоқан маңындағы Бачқир қыстағынан болған Кіші Эргаш (1885–1918) және

Үлкен Эргаш (1882–1921) сияқты топ басыларының атымен байланысты. 27-ақпанда большевиктердің әскери күштеріне қарсы болған шайқастардың бірінде Кіші Эргаш қаза тапқан соң, оның орнынан Үлкен Эргаш Ферғана аңғарында большевиктердің отаршылдық тәртібіне қарсы азаттық туын көтерді. Қоқан уезіндегі қозғалыстың алғашқы сүйеніш нүктесі Бачқир еді. 1918 жылы наурыз айының соңында Үлкен Эргаштың аты Ферғана аңғары халқы арасында атышулы болып кетті. Марғұланда милицияның бұрынғы бастығы **Мадаминбек** — Мухаммед Аминбек Ахмадбекұлы (1892–1920) күрес бастады.



Үлкен Эргаш

Ферғана аңғарында 1918 жылдың орталарында шамамен 100-ге жуық топ басылары өз топтарымен қызыл армия бөлімдеіне қарсы күрес жүргізді. Бірақ Кеңес үкіметінің ресми құжаттарында ұлттық азаттық қозғалысының мәні бұрмаланып, ол “басқыншылық” қозғалысы, ал оның қатысушылары “басқыншылар” ретінде дұрыс талқыланбады.

Түркістанда тәуелсіздік қозғалысы пайда болуының бас себебі Кеңес үкіметінің өлкеде жүргізген отаршылдық және шовинистік саясаты болды. Большевиктер жүзеге асырған алғашқы социалистік шаралар (кәсіпорындардың мемлекет қарамағына өткізілуі, атап айтқанда, таратылуы, азық-түлік разверткасы және астық монополиясы, ислам дінінің шектелуі және атеизмнің насихатталуы мешіт, жеке мектеп және қазыханалардың жабылуы, мәжбүр еңбектің енгізілуі, базарлардың жабылуы және т.б.) және қызыл армияшылардың тонаушылық және басқыншылықтары тәуелсіздік қозғалысына одан да ашықтық және көлем берді, одан әрі кеңейі және дамуына себеп болды.



#### Есінде сақта!

Қызыл армияға қарсы шешуші күреске аттанған отансүйгіштер “басқыншылар” емес, тәуелсіздер еді.

**Қозғалыстың мәні, мақсаттары және әлеуметтік құрамы.** Тәуелсіздік қозғалысының өзіне тән ұлттық көрінісі және Түркістанға сай өзгешеліктері болған. Қозғалыстың басынан соңына дейін басым болған пікір *бүкіл Түркістанның ұлттық тәуелсіздігі және егеменділік идеясы* болып табылады. Тәуелсіздік қозғалысы кейде күшейіп, кейде төмендеп тұруына, оған қатысушылардың құрамы алмасып тұрғандығы және екінші мүдделер өзгеріп тұруына, объектив және субъектив факторлар күштер тепе-теңдігіне әртүрлі әсер етуіне қарамай, қозғалыстың негізгі мақсаты *Түркістан тәуелсіздігі үшін күрес* болып қала берді.

Қозғалыстың мәнін кеңес қолбасшылығы өкілдері де тән алуға мәжбүр болды. Түркістан фронтының қолбасшысы М.Фрунзе: “Басқыншылыққа қарсы күрес толығымен жаңа, өзгеше қасиетке ие, өзіне тән дұшпанмен күрес дегені”, деп жазды. Оның айтуынша, “Жоғалсын Кеңес үкіметі!” және “Тәуелсіз бір мұсылман мемлекетін түзіп жатырмыз!” деген ұрандары қозғалыстың анық идеясын білдіретін.

Тәуелсіздік қозғалысының негізгі қозғаушы күші диқандар, сыбағаластар, жалданушылар, көлөнершілер және зиялылар еді. Түркістан АКСР басшыларынан бірі Тұрар Рысқұловтың тән алуынша, қозғалысқа “негізінен диқандар мен көлөнершілер келіп қосылатын”. Олардың ұлттық құрамы негізінен сол жердің түпкілікті халқы — өзбектер, тәжіктер, қырғыздар, қазақтар, түрікмендер, қарақалпақтар еді. Өзбектер көпшілікті құраған. Бірақ қозғалыс қатарында кейбір еуропалық ұлттардың өкілдері, тіпті орыстар бар еді, олар Кеңес тәртібіне қарсы күресті. Халық қозғалысын ұйымдастыруда топ басшыларының қызметі үлкен болған.

**Ферғана аңғары және Самарқант облысындағы тәуелсіздік шайқастары.** Ферғана аңғарындағы тәуелсіздік қозғалысы 1919 жылғы жаздың соңы мен күзінде ең жоғары шокқысына шықты. Қыркүйек айының алғашқы күндерінде **Мадаминбек** әскерлері Жалалабад және Ош қалаларын иеледі. Олар Ескі



Мадаминбек

Марғұлан қаласын қызыл басқыншылардан азат етті. Сонымен бірге аңғардағы ең ірі стратегиялық қала — Әндіжанды қоршауға алуға кірісті” Мадаминбек басшылығындағы жасақтың шабуылы Ферғана аңғарын үрейге келтірді. 1919 жылы 12-қазанда Памирдің Эргаштом ауылында болған жиында **Мадаминбек басшылығында Ферғана уақытша автономиялық үкіметі** түзілді. Үкімет құрамына 16 түпкілікті халық және 8



Шермухамедбек

орыс енгізілді. Мадаминбек үкімет басшысы болумен бірге жасақтың **Жоғары бас қолбасшысы** етіп те тағайындалды.

1919 жылы күзде **Мадаминбектің** қол астында 30 000-ға жуық жігіт қызыл армияға қарсы тәуелсіздік соғыстарын жүргізді. Бұл кезде Шермухамедбектің қол астында 20 000, **Үлкен Эргашта** 8000 әскер болды. Міне, осы үш жасақбасшы аңғардағы әскери қозғалыстарды бағыттап тұрды.

Ферғана аңғарында большевиктер қосымша күштердің басталуы нәтижесінде 1920 жылы қаңтар айының 1-орталарында жауынгерлік бастама қызыл армия қолына өтті. “Үлкен Эргаш топ басының әскерлері жеңіліске ұшыраған соң, Шермухамедбек негізгі күштерін алып Алай аңғарына шегінді.

Мадаминбек уақыттан ұту үшін Ферғана фронты жасағының қолбасшылығына жарасу келіссөздері бастауды ұсынды. Нәтижеде Мадаминбек пен 2-Түркістан оқшы дивизиясының бастығы **Н.Веревкин-Рохалский** арасында 1920 жылы 6-наурызда **Скобелев** қаласында жарасу келісіміне қол қойылды. Бірақ арадан көп өтпей, кеңес қолбасшылығы топ басылар ордасына жіберген Мадаминбек белгісіз жағдайда 1920 жылы мамырда өлтірілді.

Түркістандағы қозғалыс 1920 жылдың жазы мен күзінде жаңа басқышқа өтті. Ферғана аңғары және Самарқанд облысындағы отансүйгіштермен бірге Бұхара мен Хорезмде басқыншы қызыл армияға қарсы күрес басталды. 1920 жылы 3-мамырда Шермухамедбек басшылығындағы **Түркістан — түрік тәуеліз ислам республикасы** құрылды. Шермухамедбек тәуелсіздікке қозғалысына бас болды.

Кең көлемдегі репрессиялар мен қызыл армияның әскери соғыстарды күшейтуі де тәуелсіздік үшін күресушілерді жолдан қайтара алмады. Ферғана армия тобы штабының “аса құпиялы” мәліметтеріне қарағанда, 1921 жылы маусым-қыркүйек айларында облыста 200-ден астам топ басы топтары әрекет еткен.

**1921 жылы 13-қыркүйекте** Ферғана аңғарында төтенше жағдай жарияланды. 1921 жылы қарашада Ферғана облысында кеңес үкіметі әскери диктатура орнатты және Түркістан фронты әскери революциялық кеңесі мүшесі **П.Баранов** Ферғана уәлаяты әскери диктаторы етіп тағайындалды.

Топ басы Шермухамедбек Ауғанстан мемлекетіне өтіп кеткен соң, 1923–1924 жылдары Ферғана аңғарындағы тәуелсіздік үшін күресушілер әскеріне **Ислам Полвон** және **Ермат Махсум** сияқты топ басылар басшылық етті. Бұл кезде олар кіші-кіші топтар түзіп, қызыл армияға қарсы күресті. Бірақ олар күрестің бұл басқышында әртүрлі себептер мен жергілікті жағдайлар нәтижесінде үнемі бір-бірімен келісіп әрекет етпеді.

Самарқант облысында тәуелсіздік күресшілеріне 1918–1923 жылдары **Бахрамбек** пен **Ачилбек** сияқты әйгілі топ басылар жетекшілік еткен.

Бахрамбек 1918 жылдан бастап 2000 жігітпен Самарқант облысында қызыл армияға қарсы шайқастарда белсенді қатысты. Самарқант маңындағы Пастқишлоқта туылған **Хамроқулбек** қолбасшы оның жақын көмекшісі болған Бахрамбек өз жігіттерімен бірге 1922 жылы жазға дейін қызыл армияға қарсы белсенді күресті. Большевиктер чекистер мен тыңшылар көмегінде 1922 жылы күзде Бахрамбек пен оның інісі топ басы **Шахрияр**ды тұтқынға алып, Самарқант қаласында атып тастаған.

Ахмад Заки Валидийдің жазуынша, Ачилбек 1921 жылдан бастап “Түркістан ұлттық бірлігі” ұйымы нұсқауымен қызмет еткен. Китаб маңында 1923 жылы 10-мамырда қызыл әскерлермен шайқаста Ачилбек (оны ерлігі үшін Ачилдов ретінде таныған) ерлікпен қаза тапқан.

**Топ басылар қызметі және топ басылар құрылтайы.** Топ басылар тәуелсізшілердің әскери жетекшілері болып, олар халық арасында өз жауынгерлік ерлігімен танымал еді. Сонымен бірге Ферғана аңғарында Кіші



### Өзінді сынап көр!

Бахромбек – бұл ...

Кіші Эргаш – бұл ...

Мадаминбек – бұл ...

Шермухамед – бұл ....

Ачилбек – бұл ...

Үлкен Эргаш – бұл ...

Эргаш, Үлкен Эргаш, Мадаминбек, Шкрмухамедбек, Ислам Полвон, Самарқант облысында Ачилбек, Бахромбек және басқалар қозғалысқа жетекшілік еткен. Олардың көпшілігі сауатты адамдар еді. Ферғана аңғарында **Шакархан мен Мухиддинбектің анасы**, Бұхарада **Нодира қыз** сияқты өзбек әйел-қыздарынан жетіліп шыққан әйел топ басылар Түркістандағы ұлттық тәуелсіздік күресі тарихында өшпес із қалдырды.

Мадаминбек бейнесінде қолбасшылық, мемлекеттік және саяси қайраткерге тән сапалар үйлескен еді. Ол аңғардағы кеңес үкіметі мекемелеріне қарсы түрдегі өз саяси басқару әдісін енгізді.



### Ой жүгірту!

Большевик мадақтаушыларының бірінің тән алуынша, “Мадаминбек қолбасшылар арасында ең күштісі болса да, Шермухаммадбек шүбәсіз ең қауіптісі еді”. Бұл тән алудың пайда болуына қандай факторлар себеп болған?

Тәуелсіздік қозғалысын ұйымдастыру жағынан қауымдастығында Ферғана аңғары, Бұхара және Хорезмдегі топ басылардың бұл дәуірде болып өткен 30 дан астам құрылтайларының мәні үлкен болған. Оларда басшылар сайланған, топ басылар бір қолбасшылық қол астына біріктірілген. Бірақ бұл әрқашан да бола бермейтік. Сондай-ақ құрылтайларда топ басылар топтары әрекет ететін жерлер мен олардың ықпал шеңбері белгілеп алынған.


Топ басылар 1924 жылдың соңында Түркістандағы экономикалық күйзеліс және жүдеушілік, сұм ашаршылық, халықтың ауыр тұрмысын көрмеуі мүмкін емес еді. Тынымсыз жалғасқан жеті жылдық күрестен олар да, халық та шаршаған еді. Сондықтан тірі қалған кек алушылардың көпшілігі **1924 жыл** барысында қарсылықты тоқтатты. Сөйтіп, 1924 жылдың соңында Түркістан аймағында тәуелсіздік қозғалысының **бірінші дәуірі** аяқталды. Дегенмен алда күрестің толық он жылы тұрған еді.



### Сұрақ және тапсырмалар:

1. Қандай себептер Түркістанда Кеңес үкіметіне қарсы қарулы қозғалысты келтіріп шығарды?
2. Ферғанадағы қозғалыс демеушілері арасында кімдердің аттарын жеке бөліп көрсетуге болады?
3. Мадаминбек тұлғасын қандай бағалайсыз?
4. Самарқанттағы қозғалыс жетекшілері арасында кімдердің аттарын жеке бөліп көрсеткен болар едіңіз?
5. Аңғар қолбасшыларының бір-бірімен жеткілікті дәрежеде біріге алмағандығының себептерін қалай түсіндіресің?
6. Үй тапсырмасы : төмендегі кестені толтыр

Қозғалыс өкілдерінің қызмет жүргізген аумақтары				
Бахрамбек	Шермухамедбек	Үлкен Эргаш	Мадаминбек	Ачилбек
Жоғарыдағы кісілердің қызметі				



### Атамаладың түсініктемесі!

Топ басы (қурбоши) — Орта ғасырларда Орта Азия хандықтары оқ-дәрі қоймасы (қару) бастығы және қару-жарақ, түрлі жабдықтар және зеңбірек жасау кәсіпорындары (зеңбірекхана) бастығы болып, Түркістан өлкесінде қазан төңкерісіне дейін болған дәуірде жергілікті полиция бастығы және кейіннен, Түркістанда кеңес тәртібіне қарсы тәуелсіздік қозғалысы басшыларының атағына айналған.

“Басмашылық” — Түркістанда 1918–1925 жылдары кең халық бұқарасы өкілдерінің басқыншы қызыл армияға қарсы жүргізген қарулы күресіне кеңес үкіметі дәуірінде ұлы мемлекет шовинистері берген ресми ат.

## **§ 6. . Бұхара әмірлігінде қайта құрулар үшін күрес және қызыл армияның әмір билігін аударуы. БХСР-ның түзілуі және қызметі**

**Бұхара әмірлігіндегі жағдай және жас бұхаралықтар қызметі.** Ресейде патша үкіметінің аударылуы Бұхара әмірлігін де кейбір өзгерістерді





Бұхара әмірі Саид  
Алимхан

келтіріп шығарды. Бұхара билеушісі **Әмір Саид Олимханның** (1881–1944) сипаттауынша, уақытша үкімет Бұхара мемлекетінің тәуелсіздігін тән алған. Әмір үкіметі Ауғанстан және басқа мемлекеттермен байланыстар орнатқан. Ресей Бұхара қарым-қатынастарында да өзгерістер болған. Бұхарада қызмет еткен Ресей империясының саяси агенттігі **Ресей үкіметінің резиденті** деп аталатын болды. Сондай-ақ, Бұхара әмірлігі аумағындағы орыс мекенжайларында да жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестері пайда болып, саяси тұрақсыздық пен тәртіпсіздіктер жүзеге келді. Бұл жағдай Бұхара әмірлігіндегі саяси жағдайға да өз ықпалын тигізген.

**Жас бұхаралықтар** партиясы бұрынғы әмірлік құрылымы шеңберінде демократиялық қайта құрулар өткізу, конституциялық монархия орнату арқылы әмірдің дербес билігін шектеудің жақтаушысы еді. Петроградта 1917 жылы болған ақпан төңкерісі Жас бұхаралықтар ішінде күштер қатынасының қайта топтасуын тездетті. Біртіндеп қайта құру жақтаушылары болған **ескі жадидтерге Абдулвахид Бурханов-Мунзим** (1875–1934) және **Садриддин Айни** (18781–1954) және қайта құру саласында белсенді әрекеттерді қолдаушы жас **Абдурауф Фитрат** (1886–1938) және **Файзулла Хужаев** (1896–1938) жетекшілік жасады. Бұхара әмірі Саид Олимхан 1917 жылы 7-сәуірде Бұхара-да әртүрлі қайта құрулар өткізу туралы жарғыға қол қойды. Бірақ Жарлықты қолдау мақсатында Жас бұхаралықтардың астана Бұхара қаласында 8-сәуірдегі ереуілін әмір бастырды. 14-сәуірде Жарлық жоққа шығарылды. Жас бұхаралықтар қысымға алынды.

**Колесовтың Бұхараға басқыншылығы және оның салдары.** 1917 жылы қарашада Түркістан өлкесінде большевиктердің үкімет басына келуі нәтижесінде кеңес Ресей мен Бұхара әмірлігі арасындағы саяси жағдай



Файзулла Хужаев



нашарлады. 1917 жылы 2-желтоқсанда Жаңа Бұхарада (қазіргі Каган) болған әмірлік аумағындағы орыс мекенжайлары жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестерінің II съезінде Бұхарада әмірлік жүйесін аударып, әкімшілікті **Файзулла Хужаев** жетекшілігіндегі Жас бұхаралықтарға беруге қаулы етілді. Түркістан өлкесі ХКК төрағасы **Федор Колесов** жетекшілігіндегі 3500 кісіден құралған әскери күштер 1918 жылы 1-наурызда Жаңа Бұхараға жетіп келді.

Файзулла Хужаев төрағалығында жас бұхаралықтардың 7 кісіден құралған революциялық комитеті (ревком) түзілді. 2-наурыз күні Ескі Бұхара қаласында шабуыл басталды. Бұхара қаласы маңындағы Фатхабадта болған алғашқы тоғысуда әмір Олимхан әскерлері жеңілсе де, кейін бұхаралықтар Колесов отрядын қоршап алды. Карманадан Қаракөлге дейінгі 170 км арақашықтықтағы темір жол іздерін әмір әскерлері бұзып тастады. Бұхаралықтар қаланы қорғауға кірісті. Ф.Колесов 5-наурыз күні кешке Ташкент жаққа шегінуге бұйрық береді. 17-наурызда Колесов отрядымен Самарқантқа жетіп келді.

Бірнеше күнге созылған келіссөздерден кейін 1918 жылы 25-наурызда Кеңес Түркістаны мен Бұхара әмірлігі арасында **Қызылтөбе келісіміне** қол қойылды. Әмірдің атынан келісімге бас зекетші **Мырза Салимбек** қол қойды. Колесовтың қатал шабуылы масқара болып аяқталған болса да, өз тәуелсіздігін қорғаған Бұхара әмірлігі басқыншы қызыл әскерлердің өз аумағындағы әскери әрекеттері үшін жауапты деп есептелді және үлкен көлемде табан төлеуі белгіленді. Сондай-ақ Колесов отряды Бұхара, Кармана және Хатирчида талан-тараж етілген үлкен байлықпен Ташкентке қайтты. Бұл оқиғалар әмір өміріне басшылық еткен белгілі мемлекет қайраткері және атышулы тарихшы Мырза Салимбектің “Тарихи Салими” шығармасында өз көрінісін тапқан.

**Қызыл армияның Бұхараға шабуылы және әмір әкімшілігінің ауда-рылуы.** 1920 жылы 12-тамызда Түркістан фронты қолбасшысы **М.В.Фрунзе** әмірлікті тарату мақсатында **Самарқант–Бұхара тобын** (фронтын) түзу туралы бұйрық берген. Сөйтіп Бұхара әмірлігі

шекараларында 7000 жаяу, 2500 атты әскер және заманалық әскери техника дайын жағдайға келтірілген еді. Әмір Олимханда тек 15 000 сарбаз, 55 ескі зеңбірек және 12 пулемёт бар еді. Әскери күштер қатынасы бойынша Түркістан фронты әскерлері заманалық қаруларға ие еді.

Кеңес үкіметі халықаралық құқық нормаларын өрескел түрде бұзып, 1920 жылы 29-тамызда Бұхара әмірлігін таратуға кірісті. Сол күннен бастап ескі Бұхара ауадан да, жерден де қатты бомбаланды. Бұхараның



#### **Есінде сақта!**

М.Фрунзе әскерлерін 4 соққы беруші топқа (Самарқант, Каттақорған, Чарджау және Каганға) бөлген. Негізгі міндет Каган тобының міндетіне жүктелді. Ол астана Ескі Бұхара қаласын басып алуы, Әмір Алимханды тұтқынға алып, Арктегі қазынаны иелеп алуы керек еді

Қаршы қақпасына дейін келген темір жолда тұрған сауыт қапталған пойыз және Самарқант, Шейх Жалал, Намазгох қақпалары маңында орнатылған зеңбіректерден 1–2-қыркүйек күндері қалаға 12 000 снаряд тасталған. Қаланың төбесінде ұшып жүрген 11 “қара құзғын” (аэроплан) 3 күн бойы бомба жаудырған. Қала тіпті химиялық снарядтардан оққа тұтылған. Құлап түскен қақпалардан қызыл әскерлер қалаға бастырып кірген. Көше шайқастары басталып кеткен. Әмір Олимхан қала ғимараттары мен халқын аман сақтау мақсатында астананы тастап, Шығыс Бұхараға шегінеді. **1920 жылы 2-қыркүйекте** қызыл армия Бұхара қаласын басып алды. Бұхарада әмір үкіметі аударылды да Жас бұхаралықтар билік төбесіне келді.

**Бұхара Халық Кеңес Республикасының түзілуі.** Қаланы басып алған қызыл әскерлер Арктегі әмір қазынасын, Бұхара сот ғимаратын, құсбегі



#### **Ой жүгірту!**

Бұл оқиғаны монғолдардың Бұхараны басып алу үдерісімен салыстыр!  
“Бұхарада 3000 ға жуық үй, 3000 нан астам дүкен, 20 сарай, 29 мешіт, 34 шағын базар жанып бүлінді. Қала 20 күн жанып тұрған. Бұхараның сол дәрежеде бұзып-талқандалғанын ешқандай тарих көрмеген еді. Бұхаралықтар бұл күндерді “кіші диёмат” деп атаған”.  
*Оқиғалар куәсі болған тарихшы Мухаммад Али Балжувони өзінің “Тарихи нафои” (“пайдалы тарих”) шығармасынан .*

және басқа мансапкерлердің байлықтарын кәмпескелеген. Большевиктер, қызыл армия қолбасшылары, жай әскерлер үлкен байлық арттырған. Тіпті үлкен байлықты тонаған “қызыл қолбасшы” М.Фрунзе 1920 жылы қыркүйекте Мәскеуге қайтқан соң қолға алынып, бірнеше ай үй қамауында сақталған. Қыркүйек айының басында әмірлік қазынасы және басқа байлықтар артылған 2 эшелон Самарқант және Ташкент арқылы Мәскеуге жол алған.



Абдулқадир  
Мухитдинов

**1920 жылы 6–8-қазанда** әмірдің жазғы сарайы — Ситораи Мохи Хосада шақырылған Бүкілбұхара халық өкілдері I құрылтайында Бұхара Халық Кеңес Республикасы (БХСР) түзілгені салтанатты түрде жарияланды. Жас бұхаралықтар партиясы жетекшісі **Файзулла Хужаев** жаңа үкімет БХСР Комиссарлар Кеңесі төрағасы, **Абдулқадир Мухитдинов** Бүкілбұхара Орталық төңкерістік комитеті (Орталықревком) төрағасы болды. БХСР мемлекеті түзілісі халық демократиялық үкімет еді. Оған қысқа мерзімде орта ғасыр мұрасы әмір Бұхарасын демократиялық мемлекетке айналдыру сияқты тарихи міндеті жүктетілді.

БХСР бастапқы үкімет құрамына Файзулла Хужаев төраға және сыртқы істер, Қары Юлдаш Пулатов ағарту, Мухтаржан Саиджанов ішкі істер, Усман Хужа (Усмонхужа Пулатхужаев) қаржы, Нажиб Хусаинов мемлекет бақылауы, Ю.Ибрахимов төтенше комиссия төрағасы, Мукамал Бурханов әділет, Шихобуддинов әскери істер, Мирзо Мухиддин Мансуров сауда мен өндіріс уәзірі ретінде енгізілді. Бүкілбұхара Орталық Төңкерістік Комитеті мүшелері етіп Муйинжон Аминов, Алимжан Акчурин, Абдулхамид Арипов, Сабир Юсупов, Хажы Хасан Ибрахимов, Файзулла Хужаев, Құлмухамедов тағайындалды.



**Өзіңді сынап көр!**

1920 жылы 6 – 8-қазан – бұл ... 1918 жылы 25-наурыз – бұл ..

1920 жылы 2-қыркүйек – бұл ... 1920 жылы 2-тамыз – бұл...

1920 жылы 29-тамыз – бұл 1917жылы 2-желтоқсан – бұл ...

**БХСР-дағы саяси, экономикалық және мәдени өзгерістер.** 1921 жылы 18–23-қыркүйекте болған Бүкілбұхара халық өкілдері II құрылтайында демократиялық рухтағы БХСР Конституциясы қабылданды. Орталық Рев-



Порсо Хужаев

ком орнына заң шығаратын және бақылаушы жоғары орган – Бүкілбұхара Орталық Атқару Комитеті түзілді. Белгілі мемлекет қайраткері **Усман Хужа** оған төраға болды. Ол кейін шетелге кеткен соң, 1922–1924 жылдары бұл лауазымды **Порсо Хужаев** иеледі. Бірақ БХСР үкіметі ішінде саяси бөлінулер күшейді. Бір жағынан Бұхара коммунистік партиясы ішіндегі “сол” және “оң” коммунистерге қарсы идеялық жағынан күрес жүргізуге



Файзулла Хужаев жетекшілігінде түзілген Бұхара, Халық Кеңес Республикасы үкіметі — Халық Комиссарлар Кеңесі мүшелері

тура келсе, екінші жақтан РКФСР және оның төтенше мекемелері болған Түріккомиссия, Түрікбюро, Түрікфронт, Орта Азия бюросы, Орта Азия Экономикалық Кеңесі жас “тәуелсіз” мемлекет басшысының әрбір адымын сергектікпен бақылап отыратын. Солай болса да, Файзулла Хужаев, Абдулкадир Мухитдинов, Фитрат, Отаулла Хужаев сияқты қайраткерлер үкіметте демократиялық жолмен барып, тұрақты мәртебеде тұрды.

Бұхарадағы демократиялық өзгерістерге мемлекет сыртынан басым күшейе түсті. 1923 жылдың жазы мен күзінде сыртқы күштер басымымен Файзулла Хужаевтың жақын саптастары Фитрат, Отаулла Хужаев, Саттар Хужаев, Муйинжан Аминов, Қары



Усман Хужа

Юлдош Полатов және басқа комиссарлар үкімет құрамынан шығарылды және Бұхарадан жер аударылды. Бұхара үкіметі Мәскеу мен Ташкенттің “коммунистше сабақ” алған “тәжірибелі кеңес қызметкерлерімен” толтырылды. Үкіметте Түркістан АКСР-нан жіберілген комиссарлардың ықпалы күшейді. Қоғам саясаттана түсті. 1924 жылы 18–20 қыркүйекте болған Бүкілбұхара халық өкілдерінің V құрылтайында БХСР-нің аты өзгертіліп, ол Бұхара Кеңестік

Социалистік Республикасына (БКСР) айналдырылды. Сөйтіп, Орталық және Түркістан АКСР-індегі большевиктер және басқа күштер Бұхараны “социалистік” өзгерістер тұңғығыан тартты.



### Есінде сақта!

Жас мемлекет жетекшісі Файзулла Хужаев күрделі және ауыр жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр болды. Ол бастапқы күндерден-ақ дербес саясат жүргізуге, Кеңес Ресейі және шет мемлекеттермен тең құқықты байланыстар орнатуға әрекет етті. 1922 жылы ол Берлинге неміс банктері және шетел сауда компанияларымен дербес келісімдер жасауға барды.



### Сұрақ және тапсырмалар:

1. 1910 жылдан бастап Бұхара әмірлігінде жағдай қандай еді?
2. “Колесов оқиғасы” не мақсатта түзілді және қандай салдарға себеп болды?
3. Жас Бұхаралықтардың қызметі жөнінде нелерді білесің?
4. Большевиктер мен кеңес үкіметінің Бұхара ішкі істеріне араласуының күшею себептері неде еді?
5. Кеңес Түркістаны әскери жасағының Бұхараға басқыншылық ұйымдас-тырғанын қалай бағалауға болады?
6. Бұхара әмірлігі аударылған соң қандай үкімет мекемелері түзілді?
7. Бұхара Халық Республикасы мүшелері суретіне қарап, олардың аты-жөні және лауазымын анықтауға әрекет ет.
8. Төмендегі кестені толтыр. Екі бағанда Файзулла Хужаев мен Әмір Олимхан қызметіне түсінік бер.

Файзулла Хужаев	Әмір Саид Олимхан

## §7. Хиуа хандығындағы жағдай және хан үкіметінің аударылуы. ХХСР-ның түзілуі және түрлі қайта құрулар.

**Хиуа хандығындағы саяси жағдай және Жас хиуалықтар қызметі.** 1917 жылдың басында Ресей орталығында болған оқиғалар Хиуа хандығына да өз ықпалын тигізбей қоймады. 1917 жылы 5-сәуірде Хиуа ханы **Асфандиярхан (1910-1918)** Жас хиуалықтар партиясының қайта құру туралы манифестіне қол қойды. Жас хиуалықтар партиясы **1914 жылы** түзілген еді. Манифестке жаңа тәсіл мектептері ашылуы, мемлекетте темір жол, пошта, телеграф құрылуы қажеттігі, мемлекет қазынасы бақы-



лау астына алынуы, барлық мансапкерлердің сайлануы және жалақымен қамтамасыз етілуі, бүкіл халықтың шарифат алдында теңдігі атап өтілген еді.

Қайта құрулардың іске асуын бақылау үшін 30 кісіден құралған **Идораи маршрута** (Шарифатта рұқсат етілген басқару) түзілді. 8-сәуір күні мемлекетті басқару үшін Хиуада хан қабылдауында **Бабаахун Салимов** басшылығында мәжіліс және **Хусаинбек диуанбегі** (қаржы жүргізу шеніндегі тұлға) **Матмуродов** төрағалығында Комиссарлар Кеңесі түзілді. Мұнымен Хиуа хандығында қысқа мерзімге болса да, конституциялық монархия орнатылды. 1917 жылы мамырда Жас хиуалықтар партиясы жетекшісі **Полвонияз Юсупов** жетекшілігіндегі делегация Уақытша үкімет өкілдерімен келіссөздер өткізу үшін Ташкентке келді. Бірақ Асфандиярхан Уақытша үкіметтің Хиуадағы өкілі генерал **Мирбадалов** басшылығындағы әскери күштерге сүйеніп, маусым айында Мәжілісті таратып жіберді. Хан өзіне мақұл болған кісілерден **Ортиқ Ахун** және **Ишходхужа Хужаев** басшылығында жаңа құрамдағы Мәжіліс және Комиссарлар Кеңесін қалыптастырды.

Жас хиуалықтардан аяусыз өш алуға кірісілді. Хусаинбек Матмуродов басшылығындағы Мәжілістің 17 бұрынғы мүшесі тұтқындалып, кейін өлтірілді. 1917 жылы қарашада Асфандиярхан орыс казактары көмегінде Мәжілісті бүтіндей таратты. Ханның езгісімен күресте жеңілген Жас хиуалықтар мемлекет аумағынан шығып кетуге мәжбүр болды.

**Хандықта жағдайдың шиеленісе түсуі.** Хиуа хандығы тәуелсіздігіне Кеңес Ресейінің сыртқы қауіпін сезген хан қорғаныс шараларын көруге кірісті. Асфандиярхан 1918 жылы **Жунаидханды** Хиуа хандығы қарулы күштері қолбасшысы етіп тағайындады. Жунаидханның шын аты Құрбан Мамед Сардор болған, ол түрікмендердің жаумыт ұлысынан шыққан.



Асфандиярхан



Бабаахун Салимов

Хиуа хандығы аумағының бір бөлігінде Әмудария бөлімі (орталығы — Петро-Александровск; қазіргі Төрткөл) ұйымдастырылған еді, ол Түркістан генерал-губернаторлығы құрамына енген. Ақпан төңкерісінен кейін Төрткөлде де кеңес үкіметі орнатылды. Төрткөлде тұрған кеңес қолбасшылығының әскери күштері тұрақты түрде Хиуа хандығы аумағында қауіп төндіріп тұрды. Ханға қарсы оппозицияда тұрған жас хиуалықтардың көбірек бөлігі бұл жерден баспана тапты.

1918 жылы 30-қазанда Хиуада болған сарай бүлігінің салдарынан Асфандиярхан өлтірілді. Таққа марқұм ханның ағасы, замандастарының пікірінше, өте бос және жігерсіз **Саид Абдуллахон** (1918–1920) отырды, үкімет басшысы **Давлатмурад Махрам** болды. Бірақ жаңа хан мемлекет істерімен шұғылданбайтын еді. Үкімет Жунаидханның қолында орталықтанды. Жунаидхан Кеңес үкіметінің қас дұшпаны болған.

Жунаидхан әскерлері 1918 жылы қарашада Әмудариядан өтіп, Төрткөлге шабуыл жасады. Қызыл әскерлерге қарсы шайқастар болып, ол 1,5 жылға дейін жалғасты. 1919 жылы 9-сәуірде Хиуа маңындағы **Тахта** қыстағында Жунаидхан мен кеңес үкіметі өкілдері арасында келісімге қол қойылды. Тахта келісімі ретінде тарихқа енген бұл бітімде Хиуа хандығы тәуелсіздігін кеңес үкіметі тән алды. Бірақ кеңес Ресейі мен Түркістанның большевик басшылары Хиуа хандығындағы барлық оппозициялық күштерді жинақтауға бар күшімен әрекет етті.



#### Өзінді сынап көр!

1917 жылы 5-сәуір – бұл ... 1919 жылы 9-сәуір – бұл...  
1918 жылы 30-қазан – бұл ... 1918-жылы 10-қаңтар – бұл ...

**Қызыл армияның Хиуа хандығын ыдыратуы.** 1919 жыл 4-қарашада Жас хиуалықтар, Төрткөлдегі төкерісші коммунистер тобы және **Құшмамедхан Сапиев** пен **Ғуламалихан Бахадыр** басшылығындағы түрікмен тайпалары Хиуа ханы Саид Абдуллахан және түрікмен жаумыттарының жетекшісі Жунаидханға қарсы күресу үшін өзара одақ түзіп, Хиуа қаласын басып алуға қызыл әскерлерді көмекке шақырды.



### Есінде сақта!

1919 жылы қараша –1920 жылы қаңтар айларында Түркістан фронтының Әмудария (Хиуа) тобы әскерлері хандық аумақты басып алу үшін табанды шайқастар жүргізді. 1920 жылы 1-ақпанда хандық астанасы Хиуа басып алынды. Хиуа ханы Саид Абдуллахан тақтан бас тартты. Жунаидхан шайқастармен Қаракүмға шегінді. 2-ақпанда Уақытша төңкерістік комитет түзілді. Үкімет жас хиуалықтар қолына өтті.

Шындығында, Хиуада хан, Бұхарада әмір биліктерінің аударылуы әділдікпен қарағанда дұрыс оқиға болды. Тек бұл үкіметтің ішкі күштерінің бейбітшілік жолымен емес, сондай-ақ сыртқы күштер – кеңес Ресейі және большевиктерінің әскери бөлімдерінің зорлығымен ыдыратылды. Аймақтағы 2 тәуелсіз өзбек мемлекеті аумағына қызыл армия енгізілді және оларды кеңестендіру үдерісі басталды. Сонымен бірге хандықтарда әлеуметтік-экономикалық қатынастар терең күйзеліске ұшырап, қоғамның алға өрлеуіне монархия құрылымы күрделі кедергігіе айналған еді. Жас хиуалықтар да, Жас бұхаралықтар да большевиктер және кеңес үкіметімен ынтымақтастық жасаса да, Хорезм және Бұхарада демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруда белсене күресті.

**Хорезм Халық Кеңес Республикасының түзілуі және ондағы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгеріс-тер.** Хиуа қаласында



Полвоннияз  
Юсупов

1920 жылы 26–30-сәуірде болған Бүкілхорезмдік халық өкілдерінің I құрылтайында Хорезм Халық Кеңес Республикасы (ХХКР) түзілгендігі жайлы жарияланды. **Полвоннияз Юсупов** ХХКР Комиссарлар Кеңесінің төрағасы етіп Жас хиуалықтар партиясының басшысы Полвоннияз Юсупов сайланды. Құрылтайда ХХКР-ның Уақытша Конституциясы және алғашқы Жалауы қабылданды. ХХКР-ның жас үкіметі БХСР, Түркістан АКСР, РСФСР мемлекеттерінен басқа Финляндия, Швеция, Германия, Түркия, Ауғанстан, Иран сияқты шет мемлекеттермен де өз бетінше сауда және экономикалық байланыстар жасауға әрекет еткен. Мәселен, 1921 жылы 24-қарашада



Ауғанстанға қазы **Бабаахун Салимов** басшылығында арнаулы елшілер алқасы жөнелілген. Бірақ келісім-шарт пен бітімдерде көрсетілген негізгі баптарды, атап айтқанда, ХХКР-ның тәуелсіздігі мен дербестік құқын кеңес Ресейі тән алмай, тұрақты түрде жас республиканың ішкі істеріне өрескел түрде араласып отырды, сол БХКР-да болғаны сияқты Хорезмде де үлкен мөлшердегі қызыл әскерлерді сақтап, әскери күштер арқылы мемлекетті өзі басқаруға ұмтылды. 1921 жылы 6-наурызда Хорезмде қызыл әскерлер ұйымдастырған әскери төңкерілістен П.Юсупов үкіметі де аударылды. Бірақ арадан көп өтпей ол тұтқынға алынды. Большевиктер көп уәзір-лерді атып тастады. Тірі қалған кейбір уәзірлер Жунаидхан қатарына барып қосылды. Жалпы айтқанда, ХХКР-сын небары 5 жыл ішінде боль-шевиктер ХХКР ОАК төрағалары мен үкімет басыларының әрбірі 10 рет-тен өзгертілді. Хорезмде өткізілген мұндай мемлекет төңкерістерінің сал-дарынан өзбек халқының көптеп нағыз азаматтары репрессияға ұшырады.

ХХКР-да экономикалық саясат пен шаруашылық саласындағы қайта құрулар қарама-қайшы түрде өтті. Салықтың ауыр жүгі саудагерлер, өсім-корлар мен ірі жер иелерінің міндетіне түсті. Ауыл шаруашылығында 1922 жылы желтоқсанда бірегей салық жүйесі енгізілді. 1923 жылы маусымда қолөнершілік пен өндіріс саласындағы салықтар жүйеге келтіріліп, мемлекеттік өндіріс салығы енгізілді.

ХХКР үкіметі мәдени-ағарту мен денсаулықты сақтау істеріне де үлкен мән берді. 920 жылдың көктемінде республикада жаңа типтегі мектептер ұйымдастырыла бастады. 1921 жылы қыркүйекте Хиуада ашылған **халық университеті** республика мәдени өмірінде үлкен оқиға болды.

1923 жылы 17–20-қазанда болған Бүкілхорезм халық өкілдерінің IV құрылтайы ХХКР-сын **Хорезм Кеңес Социалистік Республикасына** (ХКСР) айналдыру туралы қаулы қабылданды. Қабылданған жаңа Конституция мемлекеттің социалистік құрылыс жолына өтуін заң жолымен нығайтты. Барлық жерлер жалпы халық мүлкі деп жарияланып, барлық уақып мүліктері білім беру уәзірлігіне берілді. Қазыханалар қызметіне

тыйым салынып, кеңес соттары түзілді. Осылайша, 1923 жылы қазан айынан бастап Хорезмде демократиялық өзгерістерге шек қойылды. Хорезмді кеңестендіру үдерісі өзінің жоғары басқышына көтерілді. Үкіметтің қатаң жаңа саясатынан наразы болған адамдар мынадай жағдайда тәуелсіздік жақтаушыларының санын толтырды. Түркістанда кеңес тәртібіне қарсы қарулы әрекет Хорезм аңғарына да кең тарады. Сөйтіп, **1924 жылдың** соңында Орталық тәуелсіз мемлекеттер болған ХХСР және БХСР-ларды таратып, аумақта өзбек халқы мемлекетшілігі қалыптасқан екі тарихи орталық жойылды. Большевиктер мұнымен өзбек халқының ғасырлар бойы қалыптасқан маңызды саяси, экономикалық, тарихи және мәдени орталықтары болған Бұхара мен Хорезмге қатты соққы берді.



#### **Сұрақ және тапсырмалар!**

1. Хиуада хан жанында түзілген Мәжіліс және Комиссарлар Кеңесі ханның дербес үкіметін қай дәрежеде шектей алды?
2. Тақта қыстағында қол қойылған келісім-шарт Хиуа хандығы саяси жағдайына қай дәрежеде әсер етті?
3. ХХКР-ді Хорезм Кеңес Социалистік Республикасына айналдыруына не себеп болды?
4. ХХКР түзілген соң, салық саласында қандай өзгерістер болды?

### **§ 8. БХСР және ХХСР-де қызыл армияға қарсы күрес**

БХСР аумағында қызыл армияға қарсы күрес және халық көтеріліс терінің басталуы. Қызыл Армияның Бұхара және Хорезм мемлекеттері аумақтарында жауыздықпен бастырып кіруі үдерісінде жасаған тонаушылық, зорлықтары, қан төгістері жаппай наразылықтарды келіп шығуыне негізгі себептер болды. Бұхара және Хорезм халқы өз мемлекеттеріне бастырып кірген басқыншы қызыл армия әскерлеріне қарсы ұлттық азаттық күреске қозғалды. Бұл аумақтарда отансүйгіштер қозғалысы кеңейіп, кең таралды. Қозғалыс қатарында жері бар халқының дерлік барлық бөлігі, бірінші кезекте диқандар

және қолөнершілер белсенді қатысты. Бұл жағдай қарулы қозғалыс басшылары, оларға келіп қосылғандардың түрлі топтарынан болғаны, қызыл армияға қарсы аяусыз және өмір үшін күреске әзір болғандар шеңберінің көлемі қаншалықты кең және табанды болғанына дәлел болады.



### Ой жүгірту!

Хиуа хандығы мен Бұхара әмірліктері қашаннан тәуелді мемлекетке айналған еді? Олардың толық тәуелсіз еместіктері нелерде байқалды?

Бұхарада әмірлік жүйесі аударылған соң, **1920 жылы күзде** қызыл армияға қарсы күрескен топ басы топтары, қала мен аудандардағы көтерілістер мемлекеттің барлық аумағы — батыс, орталық, шығыс бөліктерінде басталып, жаппай түске енді. 1920 жылы қыркүйекте Шығыс Бұхараға келген бұрынғы **әмір Алимхан** үлкен күшпен қызыл армияға қарсы күреске басшылық етті.

Батыс Бұхара аумағында **Мулла Абулқаһар**, Шығыс Бұхара аумағында **Ибрахимбек** пен **Давлатмандбек** сияқты топ басылар қозғалысқа басшылық етті. 1921 жылы наурызда бірнеше шайқастарда жеңіліске ұшыраған Алимхан Ауғанстан мемлекетіне өтіп кетуге мәжбүр болды. Бірақ бұл кезде Шығыс Бұхарада қызыл армияға қарсы жаппай халық көтерілістері бас көтерді.

**Бұхара топ басыларының ұлттық бостандық күресі.** Қысқа мерзімде Мулла Абулқаһар басшылығында Бұхара аудандарында жасақ жиналып, қызыл армияға қарсы соғысты. Сондай-ақ Мулла Абулқаһар Бұхара, Кармана және Нұрата облыстарында ондаған топ басы топтарына басшылық етті. Бір құжатта жазылуынша, оның қарамағында Бұхараның батыс бөлігінде 20 топ басы біріккен. Олардың ішінде **Хамро Полвон, Хайит Амин, Орман Полвон, Остон Қарауылбегі** сияқты шафиркандық топ басылары бар еді. Олар Ғиждуван, Шафирқан, Вабкент, Рамитан аудандары, Нұрата мен Карманада қызметін күшейткен.



Ибрахимбек



Хамро Полвон  
тергеуде

Мулла Абдулқаһар жігіттерімен қызыл әскерлер арасында 1924 жылдың жазы мен күзінде Ғыждуан ауданының Ғышты және Каттам-хор қыстақтарында, Нұрата тауларында, Шафиркон ауданына тұтас Қызылқұмның Жилвон құмдарында, Боғиафзал және Вардонзе қыстақтарында қатты қақтығыстар болды. Мулла Абдулқаһар топ басы Қызылқұмда қызыл әскерлерге қарсы соғыстың бірінде 1924 жылдың соңында қаза болды.

Ибрахимбек қол астындағы Шығыс Бұхара аумағында өзінің басқару тәсілін жүзеге асырды. Жерлерде жаңа Бұхара үкіметі таратылып, оның орнына әмірлік дәуіріндегі басқару тәсілі енгізілген. Ибрахимбекті бұл жердегі жергілікті халық, атап айтқанда, лақайлар қолдады. Бұдан Түркістанда қызмет етіп жатқан орталық үкімет өкілдері қауіптенеді. Сондықтан Түркістан фронты саяси басқармасы түзген тыңшылар ақпараттарының бірінде Ибрахимбек қызметі жан-жақты талқыланады, халық арасында оның беделі артып бара жатқандығынан сескенеді де Ибрахимбекпен басқа топ басының топтары арасында қайшылық шығару үшін ұсыныстар беріледі. Ибрахимбек топ басы көп жылдар бойы Шығыс Бұхарада қызыл армияға қарсы белсене күресті.



Анвар Пошо

Бұхарадағы тәуелсіздік қозғалысы жетекшілері арасында Түркиядан келген генералдар – **Анвар** мен **Салим Пошо** ерекше өзгешеленеді. Анвар Пошо 1921 жылы қазанда Кавказдан Бұхараға келген соң, 9-қарашада Қаршы маңындағы Қылықөл қасында **Мулла Нафис** топ басымен кездесіп, арнаулы мәлімдемесін білдіреді, түркістандықтар мен бұхаралықтардың кеңес тәртібіне қарсы қасиетті күресіне қосылатындығын жариялайды.

Анвар Пошонның іс-әрекеттерімен шығыс Бұхараға біріккен бөлімдер түзілді және түрік офицерлерімен нығайтылды, батыс қолбасшылығы тәсілі енгізіледі. Анвар Пошо 1922 жылы тамызда шығыс Бұхараның Балжувон маңындағы Обидара қыстағында қызыл әскерлерге қарсы шайқаста ерлікпен қаза тапты. Түркістанның бостандықсүйгіші ақыны **Чулпан** Анвар Пошоға арнап «Балжувон» арнау өлеңін жазды.

БХСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Усмон Қожа, әскери істер Абдулхамид Арипов және Мухиддин Хужаев, Али Риза Афанди, Сурайё Афанди, Құлмухамедов және басқа ұлттық басшы қызметкерлер өз лауазымдарынан тастап, оппозициядағы қарулы қозғалыс жағына өтіп кеткені көп нәрсеге дәлел бола алады.



### Өзінді сынап көр!

Анвар пошо – бұл ... Мулла Абдулқаһар – бұл...  
Ибрахимбек – бұл ... Әмір Олимхон – бұл ...

**Хорезмде Жунаидхан басшылығындағы қозғалыс және оның өзіне тән ерекшеліктері.** Жунаидхан жетекшілігіндегі қарулы топтар ұзақ жылдар барысында қызыл армияға қарсы күресті. Оның әскерлері қатарында түрікмен және өзбектерден басқа қазақ және қарақалпақтар да көп еді. Көне Үргеніш, Ұялы, Ташауыз, Маңғыт, Қоскөпір, Шымбай, Қоңырат және Төрткөлде соғысқан ондаған әскер басшыларының топтары қызыл әскерлерге ойсырата соққы берген.



Жунаидхан

Жунаидхан тарихта күрделі әрі ауыр тұлға ретінде жазылған. Оның қызметі тұлғасы сияқты қату да қайғылы, сәтті де мұңды өтті. Алғаш Ресей империясы мен Хиуа хандығына қарсы күресті. Жунаидхан 1918 жылдың ортасынан қызылдарға қарсы тәуелсіздік үшін шайқасқа кірді.



### Ой жүгірту!

Ахмад Заки Валиди өзінің “Еске алулар” кітабында Жунаидханды “Ресей әкімшілігі алдында бас июді қаламаған мемлекет қаһарманы” ретінде сипаттаған еді.

1922 жылдың көктемінде Жунаидхан Хорезмде өз қызметін күшейте түсті. Бұл кезде оның әскерлерінің саны **15000** жігіттен құралды, олар большевиктерге қарсы тұра алатын салмақты күшке айналған еді. Мәселен, 1922 жылдың сәуір айында Жунаидхан әскерлері **Порсу қаласы** және оның маңын қызыл әскерлерден азат етті. Көне Үргеніш маңындағы қыстақтарда да олар екпінді шайқастар жүргізді.

Орталық Хорезмде «басмашылық» қозғалысын шұғыл жою үшін барлық шараларды жасады. Бұл жағдай, әсіресе, 1923 жылдан бастап күшейді. **1923 жылы 12-қаңтар**дағы үшінші шақыру ХХСР ОАК II сессиясында Хорезмде 4 жылдан бері жалғасқан «басмашылық» қозғалысына қарсы қазіргі үкіметтің өзі күресе алмайтындығы ашық айтылып, РСФСР (түп нұсқада КСРО) үкіметінен «шұғыл әскери көмек» сұрады.

Жунаидхан 1924 жылы 17-маусымда 20 серігімен Ауғанстандағы Хират қаласына келді. Деректерде айтылуынша, ол бұл жерде тұрып әскерлерінің санын толтыруға әзірленген. Арадан көп өтпей, Жунаидхан ХХСР аумағына қайтып келді және тәуелсіздік қозғалысына басшылық жасады.

### Ой жүгірту!

Оқы және талдау жаса!



“... Түркістан меуерті болған Ферғана екі жылдан астам уақыттан бері қанды соғыс алаңына айналды... Бұл жердегі Кеңес үкіметі алғашқы түзілу дәуірінде орыс және жері бар жұмысшы, дикан топтарын өзіне тартудың орнына еңбекшіл халықты өзінен алыстату үшін қолынан келгенше әрекет етті... Бұл жерде әрекет еткен қызыл әскерлер тобы, төңкерісті қорғаған кейбір басшылар жергікті еңбексүйгіш халықтың түпкілікті мүдделерімен санаспады, оның тілектеріне құлақ аспады. Басмашылық қозғалысы осы негізде пайда болды. Басмашылар жай қарақшылар емес. Онда оларды тез жоқ ету мүмкін болар еді”.

*М. Фрунзе*

**Тәуелсіздік қозғалысының жеңіліске ұшырау себептері және күрес сабақтары.** 1924 жылы күзде Орта Азияда ұлттық-аумақтық шекаралану өткізілуі нәтижесінде қарулы күрестің **бірінші дәуірі** аяқталды. Ал оның **екінші дәуірі** (1925–1935 жылдар) жаңа 10 жылға жалғасып, сипаты мен күштер қатынасы жағынан алдыңғы дәуірге қарағанда едәуір айырмасы бар. Бұл дәуірде негізінен Шығыс Бұхара, Хорезм алқабы мен Ферғана аңғарының кейбір аумақтарында шайқастар жалғасты. **1935 жылы** Түркістандағы қозғалыс жеңіліске ұшырады. Тірі қалған күресшілердің көпшілігі шетел мемлекеттерге қоныс аударып кетуге мәжбүр болды.

Тәуелсіздік қозғалысының ең әлсіз жағы оның Түркістан аймағында бірегей орталық астында толық біріге алмауы, қозғалыстың басынан



соңына дейін идеологиялық негіз болып қызмет ететін бірегей ұлттық бағдарламаның жасалмағандығы және кейбір жетекші кісілер арасындағы келіспеушілік пен қайшылықтар, кейбіреулерінің тар дүние танымы және басқалардың салдарынан қозғалыс жеңіліске ұшырады. Кейбір топ басылары (Халқожа Эшан, Гуломалихан Бахадыр және тағы басқалар) қозғалысқа тек өздері басшылық етуді ойлап, бірегей басшылыққа мойынсұнбады. Сондай-ақ, тәуелсіздік қозғалысына байланысты болмаған кейбір қылмыстық топтар тонаушылық және басқыншылықпен шұғылданып, көптеген бейкүнә кісілерді өлтірді. Бұдан қызыл армия қолбасшылығы және большевиктер шеберлікпен пайдаланды. Олар арнаулы құпиялар мен тыңшылар, түрлі жансыздар мен сатқындар көмегінде қозғалыс ішіндегі бірлікті ыдырату, кейбір топ басылары арасында қайшылықтар мен келіспеушіліктерді үдетуге тырысты. Ақыры, Кеңес үкіметі бірнеше қайта құрулар өткізу, атап айтқанда, жаңа экономикалық саясатты енгізу және халыққа білім беру саласындағы өзгерістерді іске асырып, халық үшін біраз жеңілдік тудырған соң және түрлі насихаттаулар нәтижесінде қарулы қозғалыс қатысушыларын еңбекшілердің қолдауынан қайтарды.

Қысқасы, тәуелсіздікті аңсаған ата-бабаларымыз өз күрестерімен Түркістан жеріндегі барлық халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихына жарқын және даңқты беттер енгізіп, Өзбекстан Республикасының бүгінгі тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізуінде үлкен қызмет етті. Ата-бабаларымыздың бостандық және азаттық үшін төккен қандары зая кетпеді.



#### **Есінде сақта!**

Батыс Бұхара аумағында Мулла Абдулқаһар, Шығыс Бұхара аумағында Ибрахимбек және Давлатмандбек сияқты топ басылары қозғалысқа басшылық етті. Бұхарадағы тәуелсіздік қозғалысы басшылары арасында Түркиядан келген генералдар – Анвар және Салим пошолар болған.



#### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Неліктен БХСР үкіметі мүшелерінің кейбіреулері топ басылары жағына өтіп кеткен?
2. Бұхара және Хорезмде қызыл армияға қарсы тәуелсіздік қозғалысының



басталуына нелер себеп болды?

3. Тәуелсіздік қозғалысы өкілдерінің көзқарастары арасында қандай айырмашылық немесе ортақ жақтары болған?

4. Тәуелсіздік қозғалысының жеңіліске ұшырауына байланысты факторларды атап өт

5. Кестені толтыр. Тәуелсіздік қозғалысы топ басыларының қызметіне тиісті мәліметтерді жина.

Қызметі	Мулла Абдулқаһар	Ибрахимбек	Анвар Пошо	Жунаидхан
Жылдары				
Аумағы				
Нәтижесі				

6. Ферғана, Бұхара және Хорезмдегі кеңес үкіметіне қарсы қозғалыстың ортақ жақтары мен өзіне тән жақтарын кесте негізінде салыстыр.

Ортақ жақтары	Өзгешеленетін өзіне тәндік
---------------	----------------------------

## **§ 9. Орта Азия республикаларында өткізілген ұлттық-азаттық шекаралану және оның салдары**

**Түркістан — аймақ халықтарының бірегей мекені және ортақ отаны.** Түркістан аумағы ежелден түркі халықтарының бірегей мекені және ортақ отаны болған. 1918–1924 жылдары болған Түркістан АКСР, БХСР, ХХСР-нің түпкілікті халықтары ғасырлар барысында тұрмыс салты және салт-дәстүрлері жағынан бір-біріне өте жақын болған. Түркістандағы түрлі мемлекеттердің әрқайсысында түркі тілдес: өзбектер, түрікмендер, қарақалпақтар, қазақтар, қырғыздар, сондай-ақ тәжік халқы ежелден мекен еткендігі тарихи қалыптасқан жағдай еді. Түркістан аймағының халықтары сол топырақты, Тұран жерін ежелден өзінің Отаны деп білген.



### **Ой жүгірту!**

7-сынып “Өзбекстан тарихы” оқулығынан өлкеміз қашаннан бастап, “Түркістан” деп атала бастаған. Өлкеміз аумағының былай аталуы бойынша қандай факторлар бар?

Тирандық Кеңес тәртібі және большевиктер үшін Түркістан өлкесін бөліп тастап, оны басқару қолайлы еді. Атап айтқанда, бұл үдеріс Түркістандағы тәуелсіздік қозғалысы 1924 жылы жеңілген соң өзінің соңғы



Орта Азия республикалары ұлттық-аумақтық шекаралануына дейін

басқышына өтті. 1924 жылы ақпан-маусым айларында КСРО-дағы орталық мекемелер, Түркістан, Бұхара, Хорезм коммунистік партиялары мен РКП(б) ОК Орта Азия бюросы ұлттық шекаралану мәселелеріне белсене қатысты. Түркістан және Бұхара Компартиялары Орталық Комитеттері жанында арнаулы, кейіннен аумақтық және басқа комиссиялар түзілді.

**Ұлттық коммунистер мен Орталық өкілдері арасында түрлі көзқарастардың қақтығысуы.** Түріккомиссия және **Я.Рудзутак** тезис-теріне қарсы **Тұрар Рысқұлов** жетекшілігіндегі бір топ ұлттық ком-мунистер 1920 жылы-ақ түркі тілдес халықтар біртұтас, олардың тарихи тамырлары, діні, салт-дәстүрлері және мәдениеті бір, біртұтас Түркістанды жеке бөліктерге бөлуге болмайды, деген идеяны алға қойған еді. Бірақ Орталық коммунистері бұл пікірді жоққа шығарып, оны “пантуркизм”, “панисламизм”, “буржуа ұлтшылдығы және сананың бұзылуы” деп бұрыс бағалаған еді.

Бір жағынан, 1920 жылдан бастап тәуелсіздік қозғалысының қайта үдеп дамуы, екінші жағынан қызыл армияның Хиуа хандығы мен Бұхара әмірлігін аударып тастап, олардың орнында “тәуелсіз республикалар”



### Ой жүгірту!

9- сынып Дүниежүзілік тарихы оқулығындағы мәліметтерге сүйеніп, “панкуртизм”, “панисламизм”, “буржуа ұлтшылдығы” сияқты түсініктерге талдау жасап бер. Олардың өлкеміздің тарихына қандай тиістілігі бар?

орнатқандығы бұл мәселеде большевиктердің тағы да 4 жыл шыдауына алып келді. Қысқасы, кеңес үкіметі басшылығы 1924 жылдың басынан бастап осы мәселені шешуге қатты кірісті.

Кеңес үкіметінің шекаралану саясатына ең алдымен Түркістан АКСР, БХСР және ХХСР басшылары қарсы болған. 1924 жылы ақпанда Бұхара Компартиясы шекара мәселесі бойынша **Файзулла Хужаев** жазған тезистерді қабылдады. Онда РКП(б) ОК Орта Азия бюросының бұл саладағы көзқарастары қате екендігі сынға алынған еді. 1920 жылы 10-наурызда болған Түркістан АКСР ОАК және Түркістан Компартиясының біріккен Кеңесінде **Сұлтанбек Хужанов, Санжар Асфандияров, Н.Паскуртский** сияқты белгілі партия қызметкерлері Кеңес Социалистік Республикалардың Орта Азия федерациясын түзуді ұсынды. Сондай-ақ **С.Хужанов** Түркістан бірегей және тұтас, оның бүтіндігін бұзуға болмайтындығын атап өтті. Бұдан тыс, 1923 жылы желтоқсанда Ферғана аңғары өкілдері РКФСР құрамына **Ферғана төтенше облысын** түзуге ұсыныс жасады. Қысқасы, келіссөздер қыза түсті.

ХХСР басшылығында да әртүрлі көзқарастар болған. 1924 жылы 8-мамырда бір топ Хорезм басшылары РКП(б) ОК-не “Хорезмде ұлттық мәселені шешу туралы жолдама” жіберіп, оған Хорезмді шекаралануға қоспауды өтініш жасады. Олар өз пікірлерін республиканың алыста орналасқандығы, экономикалық жағынан бөлініп тұрғандығымен негіздеді. Бұл позицияны қолдаған Хорезм Компартиясы Орталық Комитеті хатшысы Қаландар Одинаев 1924 жылы шілдеде өз міндетінен алынды. ХХСР аумағы алғаш шекаралануға тартылмады, бірақ 1924 жылы 26 шілдеде Хорезм Компартиясының жаңа басшылары республиканың шекаралануына енгізілуіне разылық білдірді.

**Орталықтың ұлттық республикалар және облыстар түзуге нұсқау беруі және оны саяси жағынан негізделуі. 1924 жылы 12-маусымда**



### Өзіңді сынап көр!

Ю.Рудзутак - бұл ...

Қ.Одинаев - бұл

Т. Рысқұлов - ...

С. Хужанов - бұл...

**И.В. Сталиннің** ұсынысымен РКП(б) ОК Саяси бюросының “Орта Азия республикаларын ұлттық-аумақтық шекаралау жөнінде” арнаулы қаулы қабылданды. Бұл қаулымен аталмыш үдеріс өзінің соңғы басқышына кірді. 15-маусымда РКП(б) ОК Орта Азия бюросы жана ұйымдастырылатын ұлттық республикалар мен облыстардың уақытша бюросын түзді. Өзбектер бюросы құрамына Файзулла Хужаев, Рустам Исламов, Акмал Икрамов, Қары Юлдаш Полатов, Мухтаржан Саиджанов, Калугин мүше ретінде, Инаятов кандидат ретінде енгізілді. Сондай-ақ, РКП(б) ОК Орта Азия бюросы түзген аумақтық, оның ұлттық кіші комиссияларында даулы мәселелерді шешуге арнаулы комиссиялар қызмет еткен. Аумақтық комиссия құрамына Ф.Хужаев, А.Рахимбаев, С.Хужанов, Қ.Отабоев, Р.Исламов, Н. Айтоков, Ю.Абдурахманов, И.Айдарбеков, И.Варейкис, Д.Манжара, И.Межлаук, Х.Сахат-Муратов және басқа саяси қайраткерлер енген еді.

Ұлттық республикалар түзу қажеттігі идеясын бастаушылар өз пікірін Түркістандағы түпкілікті халықтар өмірінде теңсіздік болғандығы және ұлттық қақтығыстар күшейіп бара жатқанымен негіздеді. Олар бұл қақтығыстардан құтылу жолы ретінде түрікмендер, қырғыздар және басқалардың ұлттық мемлекетін (түпнұсқада, ұлттық республикасын) түзу деп жариялады, ал іс жүзінде бұл шаралар аумақта тұратын халықтарды бірінен-бірінен бөліп тастаудан басқа нәрсе емес еді.

Сөйтіп, саяси жақтарына ерекше назар аударылды. Сондай-ақ, Түркіс-



**Есіңде сақта!UQ** Аумақтарды қайта белгілеу және шекаралау жақтаушылары тіл айырмашылықтары, ұлттық айырмашылықтарға көбірек назар аударып, шаруашылыққа байланысты экономикалық факторларды, бар су ресурстары мен суару жүйелерінің жалпы екендігін кемірек есепке алды.

тан АКСР саяси басшылығы арасындағы еуропалықтар мен түпкілікті халық өкілдері арасындағы қайшылықтар, кейбір қазақ, тәжік ком-

мунистері мен басқалардың жікшілдік көріністері механикалық түрде Түркістан халықтары арасындағы қатынастарға көшірілді. РКП(б) ОК Бас хатшысы **И.В.Сталин**, РКП(б) ОК Орта Азия бюросы төрағасы **Ю.Рудзутак** және басқалар Орта Азияда ұлттық қақтығыстар бар екендігін атап өтуден шаршамады. Сөйтіп, ұлттық мәселені Орталық жасанды түрде көпіртіп, бұл жағдай жаңа ұлттық республикалар мен облыстар аумағын түпкілікті қайта белгілеуде шешуші негізгі дәлел ретінде алға қойылды.

**1924 жылы күзде Орта Азияда өткізілген ұлттық-аумақтық шекаралану және оның қорытындылары. 1924 жылы 16-қыркүйекте** болған Түркістан АКСР ОАК-нің төтенше сессиясында Орта Азияда ұлттық-аумақтық шекаралануды өткізу туралы қаулы қабылданды.

Осындай мазмұндағы қаулылар 20-қыркүйекте Бүкілбұхара халық өкілдерінің V құрылтайында, 29-қазанда Бүкілхорезм халық өкілдерінің V құрылтайында қабылданды. 20-қыркүйек күні БХСР үкіметі төрағасы Файзулла Хужаев Бүкілбұхара халық өкілдерінің V құрылтайында “Орта Азияның ұлттық мемлекет шекаралануы туралы” баяндама жасады.

Аталмыш қаулыларда өзбек және түрікмен халықтарына Өзбекстан КСР мен Түрікменстан КСР түзу құқығы, Түркістан АКСР-нің қырғыз (түпнұсқада қазақ) облыстарын 1920 жылда түзілген Қырғызстан АКСР-мен (түпнұсқада Қазақстан АКСР) біріктіру мақсатында қырғыз (түпнұсқада қазақ) халқына Түркістан АКСР-нан шығу құқығы, қарақырғыз (түпнұсқада қырғыз) халқына Түркістан АКСР-нан шығу құқығы және Қарақырғыз (түпнұсқада қырғыз) автономдық облысын түзу құқығы, тәжік халқына да Түркістан АКСР-нан шығып, Тәжікстан автономдық облысын түзу құқығы берілу қажеттігі атап өтілді.

РКФСР (Бүкілресей) Орталық Атқару Комитетінің **1924 жылы 14-қазанда** болған II сессиясында Түркістан АКСР ОАК-нің ұлттық-аумақтық шекаралануы туралы қаулы кейбір түзетулермен қабылданды. Сессия қаулысымен Орта Азиядағы Түркістан АКСР, Бұхара мен Хорезм республикалары орнына Өзбекстан КСР (ӨзКСР) және Түрікменстан КСР, сондай-ақ, Тәжікстан АКСР (ӨзКСР құрамында), Қарақалпақ және

Қарақырғыз (түпнұсқада Қырғыз) автономдық облыстары түзілуі керек еді.

Сайып келгенде, 1924 жылы 27-қазанда Мәскеуде болған Бүкілодақтық (КСРО) Орта-лық Атқару Комитетінің III сессиясында Түркістан АКСР ОАК төтенше сессиясы, Бү-кілбұхара және Бүкілхорезм халық өкілдерінің V құрылтайы қаулылары негізінде



Ф. Хужаев баяндама жасап тұр

Орта Азияда ұлттық республикалар түзуге арнаулы қаулы қабылданды. Сессияда БКСР Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Файзулла Хужаев Орта Азияда ұлттық-аумақтық шекаралаудың өткізілуі туралы баяндама жасады. 1924 жылы қыркүйек-қазанда Орта Азияда өткен ұлттық-аумақтық шекаралану Орта Азия республикалары, РКФСР мен КСРО-ның жоғары органдары заңды күшке енгізді.

#### Есінде сақта!



Орта Азия аумағындағы Түркістан АКСР, Бұхара және Хорезм республикалары орнына алты ұлттық мемлекет бірлестіктері түзілді.

\* Өзбекстан КСР;

\*Түрікменстан КСР;

\*Өзбекстан КСР құрамында Тәжікстан АКСР (1929 жылға дейін);

\*РСФСР құрамында Қарақырғыз (Қырғызстан) өкілетті облысы;

\*РСФСР құрамында Қазақстан АКСР;

\*Қазақстан АКСР құрамында Қарақалпақ өкілетті облысы. Кейін Қарақалпақ АКСР, 1936 жылдан ӨзКСР құрамына енген.

Бұл дәуірде Түркістан, Бұхара және Хорезм республикаларында амалда жұмыс бастап жіберілді. Комиссиялар және кіші комиссиялар болашақ құрылымдардың аумақ пен шекаралары туралы мәселені талқылады. Басқару аппараттары түзіліп, жоспарлар, экономикалық, бюджет, жер-су ділгірліктері, білім беру және денсаулықты сақтау салаларын ұйымдастыру мәселелері және басқалар шешілді. Саяси түсіндірулер жүргізілді. Материалдар баспасөзде жарияланып, митинг мен жиналыстар өткізілді. Партия мен кеңес органдарының тапсырмасымен Орта Азияда ұлттық-аумақтық шекаралану өткізілуін мақұлдап қаулылар қабылданды.



Ұлттық-аумақтық шекаралану барысында көптеген саяси қателерге жол қойылғандығын ерекше атап өту керек. Атап айтқанда, өзбек халқының мүдделеріне үлкен зиян жеткізілді. Ежелден өзбектер жасап келе жатқан аумақтардың үлкен бөлігі Орталық бұйрығымен көрші одақтас және автоном республикалар мен облыстарға берілді.

**Өзбекстан КСР Уақытша төңкерістік комитеті (Орталық ревком) қызметі.** 1924 жылы 31-қазанда танымал мемлекет қайраткері Файзулла Хужаев төрағалығында Өзбекстан КСР Уақытша төңкерістік комитеті (Орталық ревком) түзілді. Оның құрамына Порсо Хужаев, Рустам Исламов, Абдулла Рахимбоев, Давлат Ризаев, Сұлтан Қары, Владимир Иванов, Инамжан Хидиралиев, Мухтаржан Саиджанов, Қары Юлдош Полатов және басқалар енгізілді.

1924 жыл 18-қарашада Түркістан АКСР, Бұхара КСР және Хорезм КСР ОАК-тері арнаулы біріккен қаулы қабылдады және сол қаулы бойынша өз өкілдіктерін Өзбекстан КСР Кеңестерінің алғашқы құрылтайына дейін жұмыс істейтін Өзбекстан КСР Уақытша төңкерістік комитетіне тапсырды. Бұл комитет Өзбекстан КСР түзілуін басқарды.



#### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. ХКСР өкілдері өз аумағын ұлттық-аумақтық шекаралануға қосу қажет еместігін нелермен негіздеген еді?
2. Ұлттық республикалар түзу қажеттілік идеясының бастаушылары өз пікірін қалай негіздеді?
3. Кеңестердің Орта Азияда ұлттық-аумақтық шекаралануды өткізуден негізгі мақсаты не еді?
4. XX ғасырдың 20-жылдары орта шеніне келіп Орта Азияның саяси картасында қандай өзгерістер болды?
6. Түркістан АКСР, Бұхара және Хорезм республикаларының орнына қандай республика мен облыстар түзілді?



## ЕКІНШІ ТАРАУ

### КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ӨЗБЕКСТАНДА ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫ (1925 - 1939 жылдар)

#### § 10. Өзбекстан КСР-нің түзілуі

**Өзбекстан КСР-нің түзілуі, оның аумағы және халқы.** 1925 жылы 13-ақпанда Бұхарада арнаулы құрылған Халық үйінде Бүкілөзбек (Өзбекстан КСР) Кеңестерінің I алғашқы құрылтайы ашылды. Құрылтай қызметінде Мәскеуден арнаулы келген Бүкілодақтық (КСРО) Орталық Атқару Комитеті төрағасы **Михаил Калинин** қатысты және баяндама жасады. Құрылтай қатысушылары 17-ақпанда “*Өзбекстан Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы Декларация*” қабылдады. Декларацияда жаңа түзілген Өзбекстан КСР-ның құрамына Ташкент, Самарқанд, Ферғана, Қашқадария, Зарафшан (Бұхара), Сұрхандария, Хорезм облыстары және Тәжікстан АКСР енгендігі ерекше атап өтілді. Құрылтайда республиканың жоғары органдары: Өзбекстан КСР Орталық Атқару Комитеті (ӨзКСРОАК) және Өзбекстан КСР Халық Комиссарлары Кеңесі (ӨзКСР ХКК) түзілген. Танымал мемлекет қайраткері **Файзулла Хужаев** Өзбекстан КСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасы, “Қосшы” бірлестігінің белсендісі **Юлдаш Ахунбабаев** Өзбекстан КСР Орталық Атқару Комитеті төрағасы лауазымдарына сайланды.



Юлдаш  
Ахунбабаев

Ол кезде Өзбекстан КСР аумағы **312 394 км<sup>2</sup>**, халқы **3 963 285** адам болған (оған Тәжікстан АКСР және Қарақалпақстан автоном облысының аумағы мен халқы кірмейді). 1924 жылдың соңында Орта Азия республикаларында барлығы болып **8 131 062** адам жасаған, олардың шамамен жартысы Өзбекстанда жасаған.

Құрылтайда республиканың жоғары органдары: Өзбекстан КСР Орталық Атқару Комитеті (ӨзКСР ОАК) және Өзбекстан КСР Халық Комиссарлары



## Ой жүгірту!

Қайсы факторлар негізінде аталмыш аумақтар Өзбекстан КСР аумағына енгізілген ?

Түркістан АКСР-нан 9 уезд, 133 аудан және 7 ауыл округы; Бұхара республикасының 9 облысы; Хорезм республикасының 23 ауданы.



Ұлттық-аумақтық шекаранудан соң Орта Азия республикалары



Өзбекстан үкіметінің Самарқанттан Ташкентке көшірілуі

Кеңесі (ӨзКСР ХКК) түзілген. Кейін бұл мөлшер тұрақты түрде өзгеріп тұрған.

Өзбекстан КСР түзілген кезде қысқа мұрсат (1925 жыл ақпан-сәуір) барысында Бұхара қаласы астана болды. Кейін 1925 жылы сәуірден 1930 жылы қыркүйекке дейін Самарқант қаласы Өзбекстан КСР астанасы саналған. Бұл кезде Ташкентте Орталықтың жаңа түзілген Орта Азия республикаларын

бақылауға көзделген түрлі ұйымдары (ВКП(б) ОК Орта Азия бюросы, Орта Азия Экономикалық Кеңесі, Түркістан фронты, Орта Азия әскери округы, т.б.) орналастырылған еді. Самарқант республиканың орталығында орналасқандықтан, бұл жағдай жаңа түзілген Өзбекстан КСР аумағының барлық бөліктерін іс жүзінде бір бүтін етіп біріктіруге және кеңес ұйымдары қызметін жандандыруға көмек берді. Жергілікті әкімшілік органдары нығайтылып, орталық үкімет кеңселерімен байланыстары күшейген соң, Өзбекстан астанасы 1930 жыл 20-қыркүйекте республиканың ең маңызды экономикалық, саяси және мәдени орталығы Ташкентке көшірілді. Өзбекстан КСР үкіметінің төрағасы Файзулла Хужаев бір түнде астананы Самарқанттан Ташкентке көшіріп алып келді.



#### Есінде сақта!

Өзбекстан КСР астаналары — Бұхара — Самарқант — Ташкент.

Өзбекстан КСР-да 1925 жылы 29-қаңтарда алғаш рет әкімшілік-аумақтық бөліну өткізілді. Бастапқы 7 облыс (Зарафшан, Самарқант, Ташкент, Ферғана, Сұрхандария, Қашқадария, Хорезм), жеке Кенимех ауданы түзілді. Бұл кезде ӨзКСР-ның құрамында 23 уезд және 241 волос болған.



#### Ой жүгірту!

9-сыныпта алған білімдеріңе сүйеніп, уезд және волост түсініктеріне талдау жаса.

1926 жылы 29-қыркүйекте Өзбекстан КСР Кеңестері Орталық Атқару Комитеті V сессиясының аудандастыру туралы қаулысы қабылданды. Оған сәйкес Өзбекстан КСР-да болған **7 облыс**, 23 уезд, 241 волост және 1163 ауыл ұжымының орнына жаңа әкімшілік бөлініс өткізіліп, **10 округ** (Хорезм, Бұхара, Орта Зарафшан, Самарқант, Ташкент, Хожент, Қокан, Әндіжан, Сұрхандария, Қашқадария), жеке қазақ-қарақалпақ Кенимех ауданы, 87 аудан және 1720 ауыл кеңесі түзілді.

**Өзбекстан Коммунистік Партиясының түзілуі.** ӨзКСР түзілу қарсаңында 1925 жылы 6–12-ақпанда ескі Бұхара қаласында Өзбекстан Коммунистік Партиясының I құрылтай съезі болып өтті. Съезде КСРО Орталық Атқару Комитеті төрағасы **М.И.Калинин** қатысты және баяндама жасады.

Съезде Өзбекстан Коммунистік (большевиктер) партиясы ұйымдастыру жағынан ресмилендірілді. Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің жауапты хатшылары етіп **Владимир Иванов** пен **Акмал Икрамов** сайланды. Өзбекстан Компартиясы негізінен Кеңес Одағы Коммунистік партиясының (КОКП) Өзбекстан КСР-дегі филиалы еді. Кеңес үкіметі жылдарында республика саяси өмірінде Өзбекстан Коммунистік партиясы жетекші рөл ойнады. Өзбек халқы тарихында ХХ ғасырда болған көптеген қайғылы оқиғалар Коммунистік партия қызметімен байланысты. Өзбекстан партия ұйымы республика және өзбек халқы мүдделерін ескермей, Мәскеуде әзірленген қаулыларды орындаған.

**Өзбекстан КСР — Кеңес Одағы құрамындағы ұлттық одақтас республика.** Өзбекстан КСР Бүкілодақтық Кеңестердің ІІІ съезінде 1925 жылы 13-мамыр күні КСРО құрамына қабылданды. КСРО 1922 жылы 30-желтоқсанда 4 одақтас Кеңес республикасы (РКФСР, Украина, Беларусь, ЗКФСР — Кавказарты) негізінде түзілген еді. 1927 жылы 30-наурызда ӨзКСР Кеңестерінің ІІ съезінде Өзбекстан КСР-нің **бірінші Конституциясы** қабылданды.

Өзбекстан КСР түзілген соң республика мемлекет басқару органдары Одақ органдары тәртібінде және олардан үлгі алынған күйде түзілген. Бұл одақтас республикаларды Орталықтан тұрып басқарудың ең оңай және қарапайым, сонымен бірге мықты формасы еді.

Бүкіл Одақтағы сияқты Өзбекстанда да еңбекшілердің ең бұқаралық ұйымы кәсіптік бірлестіктері (кәсіподақтар) партия комитеттеріне толық тәуелді болды. 1925 жылы 21-наурызында болған Өзбекстан кәсіптік бірлестіктері І алғашқы съезінде оған негіз салынды. Өзбекстан кәсіптік бірлестіктері республика Кеңесі (Өзкеңкәсіп) Бүкілодақтық Кәсіптік бірлестіктері Орталық Кеңесі (ВЦСПС) басшылығында іс жүргізген.

Кеңес үкіметі жас ұрпақты Коммунистік рухта тәрбиелеуге үнемі назар аударған. Бұл істермен Бүкілодақтық лениншіл Коммунистік жастар одағының (ВЛКСМ) Өзбекстандағы органы — **Өзбекстан лениншіл Коммунистік жастар одағы** (ӨзЛКЖО) шұғылданған. Өзбекстан ком-

сомолына — Самарқант қаласында 1925 жылы сәуірде болған алғашқы құрылтайда негіз салынды.

Өзбекстандағы диқандарды идеялық жағынан біріктіріп тұрған ұйымдардың бірі “Қосшы“ одағы болған. Ол 1920–1933 қызмет атқарған. 1925 жылда 200 000 кісіні өзіне біріктірген бұл одақ та біртіндеп большевиктердің ауылдағы зорлық саясатының негізгі тірегіне айналған.



#### **Есінде сақта!**

Өзбекстан КСР-да 1925 жылы 29-қаңтарда алғаш рет әкімшілік-аумақтық бөліну өткізіліп, 7 облыс (Зарафшан, Самарқант, Ташкент, Ферғана, Сұрхандария, Қашқадария, Хорезм) және жеке Кенимех ауданы түзілді. 1926 жылы 29-қыркүйекте 10 округ (Хорезм, Бұхара, Орта Зарафшан, Самарқант, Ташкент, Хожент, Қоқан, Әндіжан, Сұрхандария, Қашқадария) және жеке Кенимех ауданы түзілді.

**Тәжікстан АКСР-ның Өзбекстан КСР-ның құрамында түзілуі.** 1926 жылы 1 – 12 желтоқсанда Душанбеде болған Тәжікстан АКСР Кеңестерінің I бірінші съездінде Өзбекстан КСР құрамында Тәжікстан Автоном Кеңестік Социалистік Республикасы (Тәжікстан АКСР) құрылғандығы жөнінде декларация қабылданған. Бұл кезде Тәжікстан АКСР аумағы 135 620 km<sup>2</sup>, халқы 739 503 адам болған.

1929 жылы 16-қазанда Тәжікстан АКСР-ның орнына Тәжікстан КСР түзілді және ол Өзбекстан КСР құрамынан шықты. Орталықтың бұйрығымен өзбектердің ежелгі елі болған Өзбекстан КСР-ның Хожент округы Тәжікстан КСР-на берілді.

**Қарақалпақ автоном облысының түзілуі және Қарақалпақ АКСР-ның Өзбекстан КСР құрамына енгізілуі.** 1925 жылы 12–19-ақпанда Төрткөлде диқан, батрак және қызыл әскер депутаттары Қарақалпақ автономдық облысы Кеңестерінің I құрылтай съезі болды. Съезде қарақалпақ автономдық облысы түзілгендігі және оның Қазақстан АКСР құрамына енуі заң жолымен нығайтылды.



#### **Өзінді тексеріп көр!**

Өзбекстан кәсіптік бірлестіктері – бұл ... Акмал Икрамов – бұл ...  
Өзбекстан комсомолы – бұл ... Республикалар астаналары – бұл

Қарақалпақстан 1925–1932 жылдары Қазақстан, 1932–1936 жылдары РСФСР құрамында болды. 1936 жылы 5-желтоқсанда Қарақалпақ АКСР аумағы Өзбекстан КСР құрамына енгізілді. Бүгінгі күнде қарақалпақ халқы Өзбекстан Республикасы құрамындағы егемен Қарақалпақстан Республикасында жасап, жасампаздық қызметімен шұғылданып жатыр.



**Атаулар түсінігі!**

“Қосшы” – қос айдайтын адам, диқан. “Қосшы” диқандарды идеялық жағынан біріктіріп тұрған Одақ болғандығы үшін осылай аталған.

ВКП(б) – Бүкілодақтық коммунистер (большевиктер) партиясы. КПСС-тің (Кеңес Одағы Коммунистік партиясы) 1925–1952-жылдардағы аты.



**Сұрақ және тапсырмалар:**

1. “Өзбекстан Кеңестік Социалистік Республикасын түзу туралы Декларацияға” сәйкес түзілген Өзбекстан КСР қайсы аумақтардан құралған еді?
2. Неліктен Өзбекстан КСР-ның астанасы алғаш Самарқантқа көшіріліп, одан соң Ташкентга қайта көшірілген еді?
3. Өзбекстан Коммунистік партиясының негізгі міндеттері нелерден құралған болатын?
4. Бүкілодақтық кәсіптік одағы және комсомол жастар ұйымдары не мақсатта түзілген еді?
5. Өзбекстан КСР және оның құрамында болған Тәжікстан АКСР және Қарақалпақстан автономдық облысыары бойынша мәлімет жина.

	Өзбекстан КСР	Тәжікстан АКСР	Қарақалпақстан автоном обл.
Түзілген күні, айы			
Астанасы			
Әкімшілік түзілуі			
Халқы			



6. Ұлттық-аумақтық шекараланудан кейін Орта Азия республикалары картасындағы Өзбекстан КСР аумағын қазіргі Өзбекстан картасымен салыстыр. Ұқастық пен айырмашылықтарын екі баған астында салыстыр.

Өзбекстан КСР	Өзбекстан Республикасы

## 11-§. Өзбекстанда ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясаты және қулақтардың жер аударылуы

**Өзбекстанда жер-су қайта құруының екінші басқышы.** Орта Азияда ұлттық-аумақтық шекаралану өткізілген соң 1925–1929 жылдары жер-су қайта құруының **екінші басқышы** жүзеге асырылды. Қайта құрудың екінші басқышының біріншісінен айырмашылығы олар үлкен жер иелігін (ресми құжаттарда «кулақтар» — «бай шаруалар» деп жүргізілген) бүтіндей шектеу және оларды сынып ретінде тарату мәселесін қойды. «Аграрлық төңкерістің» стратегиясы мен тактикасы Өзбекстан Компартиясының II съезінде (1925 жылы қарашада) бекітілді. Бұл басқыш Өзбекстан КСР ОАК-нің **1925 жылы 2-желтоқсандағы** «Су және суды национализациялау туралы» және «Жер-су қайта құруы туралы» декреттерімен басталды.

Бұл қайта құру Өзбекстанда жерлердегі жағдай және дайындық дәрежесіне қарай үш басқышта өткізілді.

<i>Басқышы</i>	<i>Бірінші басқыш</i>	<i>Екінші басқыш</i>	<i>Үшінші басқыш</i>
<i>Аумағы</i>	Ферғана, Ташкент, Самарқант облыстары	Зарафшан облысы (Бұхара және Орта Зарафшан округтары)	Қашқадария, Сұрхандария, Хорезм округтары
<i>Дәуірі</i>	1925-1926 жылдар	1927 жыл	1928-1929 жылдар

Жер-су қайта құруын өткізу туралы декретке негізінен Ферғана облысында 40 десятина, Ташкент және Самарқант облыстарында 50 десятина және одан артық суарылатын жерлері бар үлкен жер иелерінің шаруашылықтары бүтіндей таратылуы, олардың жерлері мемлекет жер қорына өткізілуі және дикандарға бөліп берілуі көзделген еді.



Жермен бірге барлық жұмысшы жануарлары (өгіз, ат және басқалар), диқаншылық жабдықтары да кәмпескеленді.

Сыбағалас диқан (Чорикор), батырақ, жетім сияқты кедей диқан топтары негізінен бай шаруашылықтардың жерлерін жалға алып, сол жерде істеп, тіршілік еткен. «Кулак» қожалықтар, әдетте, жерге өздері өндеу берген және артықша жерлерін жалға тапсырған.



**Есінде сақта!Q** | Өзбекстанда бай шаруашылықтары төмендегі екі топқа бөлінген: 1) 40–50 десятина және одан артық суарылатын жері бар бай шаруашылықтар; 2) 10–40 десятинаға дейін жері бар өзіне тоқ диқан қожалықтары. Кейін өзіне тоқ диқан шаруашылықтары “кулактар” деп аталды.

**1925–1929 жылдары** өткізілген қайта құрулар нәтижесінде барлық облыстарда 5000 ге жуық бай қожалықтар таратылды, 23 000 нан астам өзіне тоқ қожалықтардың “артықша” жерлері тартып алынды. Әрбір бай және өзіне тоқ қожалық үшін **7-10** десятинаға дейін болған жер оның өзіне қалдырылуы мүмкін еді. Бірақ өзіне тоқ диқан қожалықтар нағыз *диқандар* еді, олар жерден нәтижелі пайдаланған және өндірісті кеңейтуге әрекет еткен. Олар іскер және епті адамдар болған.



### Ой жүгірту!

Не деп ойлайсыз, неге жер-су қайта құрулары және “кулактандыру” саясаты сол 20-жылдарда басталды?


**Коллективтендірудің мәжбүри қарқында жүзеге асырылуы және колхоз бен совхоздардың түзілуі.** Жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде өз қожалығын аяққа тұрғызған қожалықтар кулақ етілгендіктен 1929 жылы Кеңес қоғамында **базар қатынастары** жоққа шығарылды. **1930 жыл 17-ақпанда** Өзбекстан Компартиясы Орталық комитетінің “Коллективтендіру және кулақ қожалықтарын жою туралы” қаулысы қабылданды. Өзбекстанда 1930 жылы жалпы коллективтендірілген **19 ауданды** Орталық белгілеп берді. Жергілікті басшылар сан



Кулактар еңбегінен пайдалану.

артынан қуып, заң бұзуға да барды. Коллективтендіру үшін жауаптылар диқандардың мәжілістерінде колхозға кірмегендер судан мақрұм етіледі, өндіріс тауарларымен қамтамасыз етілмейді, оларға үлкен салық салынады және жасаған орнынан жер аударылады деп қорқытады. Нәти-жеде көп аудандарда коллективтендіру бірнеше аптада іске асырылды. Өзбекстанда алғашқы колхоздар (ұжым шаруашылықтары) және совхоздар (мемлекет шаруашылықтары) түзілді.

1931 жылы көктемнен бастап Өзбекстанда жалпы ұжымдастырылған аудандар қайта түзілді. Өзбекстан ауыл шаруашылығын коллективтендіру ресми түрде 1932 жылы аяқталды. Бұл кезде республикадағы диқан қожалықтарының 75 пайызы жалпыландырылған секторға, яғни колхоз бен совхоздарға біріктірілді. 1932 жылы республикада 60 тан астам совхоз болды. Жеке диқан қожалықтарының бір бөлігі колхоздардан тыста қалды, бірақ оларға экономикалық басым өткізу күшейді. Мұндай қожалықтарға ауыл шаруашылық салықтары асырылды, мемлекетке мәжбүри тапсырылған өнім мөлшері колхоздарға қарағанда 50 пайызға көбейтілді. 1939 жылы Өзбекстанда жеке қожалықтар мүлдем жойылды.



#### Өзінді тексеріп көр!

1939 жыл – бұл..., 1930 жыл – бұл... 1932 жыл – бұл...  
1929 жыл – бұл... 1931 жыл – бұл... 1925 жыл – бұл ...

**Өзбек қыстағының қасіреті.** Өзбек қыстағы бұл кезде ауыр тауқыметті бастан кешірді. Көп адамдар өз қожалықтарын тастап кетті, ірі қара малды сойып, сатып жіберді. Қара малдың көптеп сатылуы үлкен ділгірлік болды. Қара малдың мөлшері 1930 жылы 60 000 бастан астамға кемейді.

Ежелден топыраққа мейір қойған, диқаншылықтың барлық сынақтарын мұқият меңгерген өзбек диқандарын кеңес үкіметі аяусыз жер аудартқан. Көп жағдайда диқандар және оның үлкен отбасы тағдыр



Мәжбүри түзілген ұжым шаруашылықтарында жер жырту

талқысына тастап қойылған. Жанұя басшылары сүргінделген немесе түрмеге жабылған. Жүз мың-даған өзбектер бұл кезде шетелге кетуге мәжбүр болды.

Бұл кезде ауылдарда үй аралап жүріп астықты тартып алу жай жағдайға айналған. “Аспан алыс, жер қатты” деген өзбек халық мақалы сол жылдары шыққан болар. Шахрисабз ауданы астық дайындау өкілі Жалилов бұл компанияның аяусыздығы үшін оны “Астық дайындауды соғыс деуге болады. Астық дайындаушылар атуы, қамауы және басқа істер жасауы мүмкін. Олар үкім орындайды”, деп сипаттайды.



#### **Ой жүгірту!**

Ойлап көріп, қорытынды жаса! Дикандарды төмендегідей қорқытқан: “Егер астығың болмаса, әйелдеріңді сат, болмаса 5 жылдан түрмеге отырып шығасың”.

Өзбекстан Компартиясы ОК хатшысы Кирпанов “аса құпиялы” грифі астында 1930 жыл дайындаған мәліметтері бойынша, астық жинауда өте күшті әкімшілікке барған. Ауылдарда дайындау мекемесінің өкілдері үй аралап, кедей дикандардың соңғы мысқал астығына дейін, тіпті 20 фунтына дейін тартып алған. Ұрықтық астыққа тимеу туралы декрет болуына қарамай, дикандардың өмірі тағдыр талқысына тастап қойылған еді. Тіпті астық тапсыру жоспарын орындаған дикандарға да тінту жасалынып, астығы тартып алынған.

**Өзбекстанда кулактандыру саясаты және оның салдары.** Деспот Кеңес тәртібі 1929–1935 жылдары дәулетті және орта жағдайлы дикандарды қыстақ буржуазиясы ретінде жою саясатын жүргізген. Кулак қожалықтарын жою компаниясы Өзбекстанда 1930 жыл ақпаннан бастап үдеп кетті.

ВКП(б) ОК Саяси бюросының 1930 жыл 26-қаңтардағы “Жаппай ұжымдандыру аудандарында кулак қожалықтарын жою шаралары туралы” қаулысы мен ВКП(б) ОК Орта Азия бюросының “Кулақтарды сынып ретінде жоюға байланысты іскер шаралар туралы” нұсқаулары негізінде Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитеті 1930 жыл 17-ақпанда “Коллективтендіру және кулак қожалықтарын жою туралы” қаулы қабылдады.

Ўзбекистонда қулак ретінде тізімге алынған қожалықтардың мал-мүлкі түгел кәмпескеленіп, олардың жанұялары басқа елдерге (Украина, Солтүстік Кавказ, Сібір, Қазақстан, Алыс Шығыс, т.б.) сүргінделген.

Сондай-ақ, республиканың өзінде қулақтар үшін арнаулы тұтқындар лагері мен көшіріп әкелінгендердің 17 мәжбүри еңбек поселкалары түзілді. Бұл поселкалар 1931 жылдан Қоқан, Чуст-Поп, Ақдария, Икрамов, Ғыждуан, Вабкент, Бауман, Денау, Сарыазия, Қува, Жаңа-жол аудандарында түзілген. Мәселен, Бауман (қазіргі Шафирқан) ауданындағы Жилван және Коли Одина ауыл Кеңестері аумағында сондай 2 “Қулақтар” поселкалары құрылған. Кеңес үкіметіне қарсылық көрсеткен қулақтар түрмеге алынған және атып тасталған.

Диқандардың наразылығы күшейіп, Ферғана мен Зарафшан аңғарлары, басқа аумақтарда бұқаралық наразылық ереуілдері, Кеңес құрылысына қарсы бүліктер мен қарулы көтерілістер болды. Кейбір бүліктер қарулы көтеріліс дәрежесіне жеткен. Тек Қашқадария округінде 1930 жылдың басында диқандардың 14 наразылық көтерілістері өтіп, оларда 3700 адам қатысқан. 1930 жылы наурызда ӨзКСР-да 240, КСРО-да 2000 нан көп қарулы көтеріліс көрсетілген.

Қулақтарға қарсы күрес ӨзКСР-да күн сайын кеңейе түскен. 1931 жылы тамызда 3828 қулак қожалықтары таратылған, 3871 қожалық “қулак отбасы” ретінде **Украина, Сібір және Солтүстік Кавказға** сүргін етілген. Ресми мәліметтер бойынша, 1933 жылы Өзбекистонда сүргінделген қулак қожалықтарының саны 5500 ге дейін жеткен.




### **Ой жүгірту!**

Ойлап көріп, қорытынды шығар! 1942 жылы КСРО аумағында еңбек сүргінінде болған 1152 өзбекстандық “қулақтар” әрекеттегі армия қатарына шығарылып, фронтқа жөнелген.

Қулақтандыру саясаты 1933 жылы негізінен іске асырып болған. Бірақ **1934–1937** жылдары көптеген дәулетті диқан қожалықтары қулак етілген. Кеңес үкіметі жылдарында қулақтыққа тартылып, сүргіндерден тірі қалғандардың еркін азаматтық мәртебесін алып, өз еліне қайту

үдерісі ауыр кешіп, шамамен 20 жылдан астам уақытты, яғни 1934–1956 жылдарды өз ішіне қамтиды.



### Атаулар түсінігі!

Национализация – (ағылшын. – ұлт, халық) кейбір тұлға немесе бірлестіктердің жеке мүлкіне болған жер, өндіріс кәсіпорындары. көлік және басқаларды мемлекет құрамына алу.

“Кулактар” (орысша кулачество – жұдырықшыл – зорлық жасаушылар) – деспоттық кеңес тәртібінің дәулетті және орта жағдайлы диқандарды ауыл буржуазиясы ретінде жою саясаты.

Фунт – ауырлық салмақ бірлігі, 1 фунт – 410 г-ға тең болған.

Коллективтендіру – ұсақ-түйек диқан қожалықтарынан жаппай түрде ірі ұжымдарды (ұжымшарлар) ұйымдастыру.

Концентрациялық лагерь – (лат. – бір нәрсенің жинақталуы) бір жерге топтау, жинау. Концентрациялық лагерь бұл саяси тұтқындар қамалатын арнаулы лагерь.



### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Кеңес үкіметі бай қожалық және тоқ қожалық арасындағы айырмашылықтарды қандай шамалар негізінде іске асырған?
2. Тоқ қожалықтардың қандай түрдегі материалдық байлықтары кәмпескеленген еді?
3. Тартып алынған жерлер есебінен нелер түзілді? Жаңа түзілген бірлестіктер жергілікті халықтың мүдделеріне қай дәрежеде қызмет етті?
4. Жер-су реформасының салдары нелерге алып келді?
5. Үйге тапсырма: жер-су қайта құруы өткізілуіне тиісті кестені толтыр.

<i>Басқышы</i>	<i>Бірінші басқыш</i>	<i>Екінші басқыш</i>	<i>Үшінші басқыш</i>
<i>Аумағы</i>			
<i>Дәуірі</i>			
<i>Үдерістері</i>			
<i>Ерекшелігі</i>			
<i>Салдары</i>			

### **Бетінше жұмыс істеу.**

Тағдыры кулактандыру саясатымен байланысты болған жақын туыстарыңның (ата-бабаларыңыз) өміріне байланысты эссе жаз.

## 12-§. Өзбекстанда индустрияландыру саясатының жүзеге асырылуы және кадрлар мәселесі

**Мемлекетте индустриаландыру саясатына өтілуі және бес жылдық жоспарлардың дайындалуы.** Мемлекетте ауыл шаруашылығын күшпен коллективтендіру үдерісінде 1928 жылы өндірісті индустрияландыру да іске асырылды. Негізінен Мемлекеттің орталық органдары **1925 жыл желтоқсанда** болған ВКП(б) XIV съезінде КСРО-да экономиканы дамытудың шешуші құралы етіп социалистік индустрияландыруға өтуді жаппай түрде жариялады. Мемлекеттің экономикалық, саяси және мәдени дамуы заманалық өндірісті жүзеге келтіруге тікелей байланысты еді. Бұл мақсатқа тез мерзімде қол жеткізудің анық жолдарын жасау талап етілді.

Өзбекстан үшін өндіріс құрылысын кең қарқында жеделдету аса қажет еді. Өйткені республика экономикасы бұл дәуірде де аграрлық ерекшеліктерге ие күйде еді. 1927 жылы ӨзКСР халық шаруашылығында ауыл шаруашылығының үлесі **62,6%**, өндірістің үлесі 37,4%-ды құрайтын, сонымен бірге өндіріс өндірудің 90 пайызы ауыл шаруашылық шикізатын қайта өңдеуге негізделген еді. Экономика шикізат бағытында болғандықтан, республика өндірісі тек бір жақты мамандандырылған еді. Оның үстіне, индустрияландыру саясаты ауыл есебінен іске асырылды. Ауыл шаруашылық өнімдерінен сауда бағалары төмендетілді. Нәтижеде диқандар кедейленіп, мемлекетте азық-түлік ділгірлігі шиеленісті.



### **Есінде сақта!**

1928-жылдың күзіне дейін Мемлекет халық шаруашылығы бір жылдық жоспарлар негізінде басқарып келінді. Сол жылдан бастап шаруашылықты басқарудың бес жылдық жоспарлары енгізілді. Бірінші бес жылдық жоспары 1928 жылы қазанда басталып, 1932 жылы желтоқсанда **мерзімінен** 9 ай алдын аяқталды

**Өзбекстанда жаңа өндіріс кәсіпорындарының құрылысы.** *Бірінші бес жылдық дәуірінде* (1928 жылы қазан–1932 жылы желтоқсан) Өзбекстанда 289 жаңа өндіріс кәсіпорны құрылды және іске қосылды, 79 кәсіпорын қайта ұйымдастырылды. Жеңіл өндірістің тері өңдеу, аяқ киімі шығару, тігіншілік салалары және жіп-мата шығару қарқындары арта



түсті. Индустрияландыру Өзбекстанда алғаш баяу іске асырылды. Сол дәуірде Орта Азия республикаларында мақташылық және машина жасау өндірісінің тұңғышы болған **Ташкент ауыл шаруашылығы машина жасау зауыты** құрылды. **Ташкент тоқымашылық комбинаты** мен **Шыршық электр химия комбинатының** құрылысы жедел қарқынмен жүргізілді. Электр станциялардың қуаты 482 млн. киловатқа жетті. XX ғасырдың 30-жылдарында **Шыршық-Бозсу ГЭС-тер** каскады құрылды.

Өзбекстанда өндіріс кәсіпорындарының техникалық дәрежесі өте төмен, инженерлер, техниктер және заманалық техниканы білетін білікті жұмысшылар қажетті дәрежеде жетіспеген. Бірақ өндіріс кәсіпорындарына білікті мамандар мен тәжірибелі жұмысшылар РКФСР-дың орталық қалаларынан алып келінетін еді. Орталықтың бұл тәсілі Өзбекстанның Бүкіл Кеңес дәуірі тарихында тоқтаусыз жалғастырылды.



Ф. Хужаев неміс делегациясы мүшелерімен Ташкент тоқымашылық комбинаты құрылысында. 1934-жыл



### Ой жүгірту!

Ойлап көріп, қорытынды жаса. Жергілікті ұлттар, ең алдымен өзбектерден білікті мамандар дайындаудың орнына Өзбекстанға, негізінен, еуропалық халық көшіріп әкелінді. Көпшілігі славян халқынан тұратын мұндай адамдар астана Ташкент, жаңа құрылып жатқан қалалар мен облыс орталықтарына орналастырылып, олар жақсы жалақылы жұмыс, кезексіз пәтермен қамтамасыз етілді. Университет пен институттарға жеңілдетілген негіздермен оқуға қабылданды. Ал ауылдардан келген өзбек жігіт-қыздары қалада орналаса алмай, әртүрлі қиыншылықтар мен күрделі жетіспеушіліктер нәтижесінде негізінен “қара істер” және тұрмыстық салада қызмет етуге мәжбүр болды.

**Жергіліктендіру немесе өзбектендіру саясаты** Шынында да, бұл дәуірде ең маңызды ділгірліктерден бірі кадрлар мәселесі еді. Өйткені мемлекет әкімшілігі және шаруашылық басқару мекемелерінде ұлттық мамандар өте аз болатын, жұмыс та орыс тілінде жүргізілетін. Респуб-



лика басқару кеңселерінде жауапты лауазымдарды орыстар менгерді. Өзбекстан КСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасы Файзулла Хужаев түпкілікті халықтар-дан жергілікті кадрлар дайындау және жоғары лауазымдарға көтеруге жанашырлық танытты. Оның бастамасымен ӨзКСР ОАК жанында **1925 жыл 3-наурызда Бабон Мавлонбеков** төрағалығында «Мемлекет аппаратын



Акмал Икрамов

жергіліктендіру Орталық комиссиясы» түзілді. Акмал Икрамов, Рахим Инағамов және басқалар оған мүше еді. Орталық комиссияның Самарқант, Зарафшан, Ташкент, Ферғана және басқа облыстарда да бөлімдері түзілді.

Жергіліктендіру комиссия міндетіне Өзбекстандағы оқу орындары, ғылыми және мәдени-ағарту (халықтың білімі, санасын көтеру) ұйымдары, өндіріс кәсіпорындарын жергіліктендіру жоспарын дайындау жүктетілді.

**1925 жылы 22–30-қарашада** Самарқант қаласында болған Өзбекстан Коммунистік Партиясының II съезінде «Партия, кеңес, шаруашылық, кәсіптік бірлестіктері мен кооператив ұйымдарына жергілікті халықты қатыстыру» мәселесі талқыланды. Съезде мемлекет, шаруашылық, кеңес, ұжым және сауда ұйымдарына жергілікті ұлт өкілдерін көбірек қатыстырып, сол арқылы қала мен ауыл еңбекшілерінің Мемлекетте социализм құрылысына белсене қатысуы мәселесі талқыланды. Бұдан тыс, басқару және басшылық жұмыстарына жұмысшы, диқан және зиялылардан кадрлар дайындау қажеттілігі ұқтырылды.

**1927 жылы 8-қаңтарда** Өзбекстан КСР ОАК жанындағы «Мемлекет аппаратын жергіліктендіру Орталық комиссиясының» аты «Мемлекет аппараты және өндірісті өзбектендіру Орталық комиссиясы» деп өзгертілді. 6-маусымда өзбектендіру Орталық комиссиясының Жарғысы күшке енді. Комиссия қызмет кезінде өзбек халқы көбірек аудандағы мемлекет, ұжым, кооператив кеңселері мен ұйымдарында **өзбек тілінде** іс жүргізуі шарт еді.

Өзбекстан Коммунистік Партиясының 1927 жылы 16–24-қарашада болған III съезіндегі «Мемлекет аппаратын жергіліктендіру және жері бар ұлт жұмысшыларын өндіріске қатыстыру туралы» мәселе талқыланды.


1928 жылы 18-ақпанда Өзбекстан КСР ОАК және ХКК-ның «Мемлекет аппаратын өзбектендіру туралы» біріккен қаулысы қабылданды. 1929 жылы өзбектендіру саясаты бойынша ұйымдараралық **өзбектендіру комиссиясы** қызмет атқарған. Өзбектендіру Орталық комиссиясы 1930–1931 жылдары өз қызметін жалғастырған.



#### **Ой жүгірту!**

1927 жылы 16–24-қарашадағы съезде қабылданған қаулыда мемлекет аппаратын ұлттандыру және өзбектендіру туралы былай дейілген: «**Өзбектендіру** түсінігі шынтуайтқа келгенде, Өзбекстан республикасы территориясындағы мемлекет аппараты және іс жүргізуді өзбектендіруді көздейді, бірақ майда ұлттарға өз ана тілдерінде қызмет көрсетуді ерекшелік ретінде қалдырмады, керісінше, салыстырады. Майда ұлттар көпшілікті құраған аудандарда сот органдары, мектептер өз істерін олардың ана тілінде жүргізуі шарт. Майда ұлттарды Мемлекетті басқаруға, қоғам өміріне қатыстыру керек. Майда ұлттардан кадрлар дайындау мәселесіне аса мән беру керек».


**1931 жыл 11-желтоқсанда КСРО ОАК-ның «ӨзКСР аппаратының өзбектендіру туралы»** қаулысы қабылданып, онда Өзбекстан мемлекеті аппаратын өзбектендіру Орталық комиссиясының қызметі тоқтатылды. Орталық басқа одақтас республикалардағы сияқты Өзбекстан КСР-да да жергіліктендіру үдерісі тоқтатылып, ол «буржуа ұлтшылдығы» деп жарияланды.



#### **Өзіңді тексеріп көр!**

1931 жылы 11-желтоқсан – бұл ..., 1927 жылы 16–24-қараша – бұл ...,  
1927 жылы 8-қаңтар – бұл..., 1928 жылы 18-ақпан – бұл ...,  
1925 жылы 22–30-қараша – бұл..., 1925 жылы 3-наурыз – бұл ...

Өзбектендіру саясатына күрделі соққы беріліп, орыстандыру үдерісі өзінің жаңа басқышына адым қойды. Өзбекстанда кейінгі жылдары қоғамда орыс тілінің беделі артты және барлық салаларды өз ішіне қамтыды.



#### **Атаулар түсінігі!**

**Индустрияландыру** — Халық шаруашылығының барлық салаларында ірі машина өндіріс үдерісін келтіру, өндіріс тармақтарын машина техникасы негізіне өткізу.

**ГЭСтер каскады** (гидроэлектростанция каскады) – бір дария ағымында бірінен-бірінен белгілі ара қашықтықта орналасқан жалпы су шаруашылық режимімен өзара байланысқан бірнеше гидроэлектростанция.



#### Сұрақ және тапсырмалар:

1. ӨзКСП халық шаруашылығында ауыл шаруашылығының үлесі жоғары болуының себептері неде?
2. ӨзКСП-да индустрияландыру дәуірінде жүзеге асырылған істерде негізінен, қайсы салаларға назар аударылды?
3. Кадрларды жергіліктендіру дегенде нені түсіндіңіз ?
4. Өзбекстанда кадрларды жергіліктендіру саясаты бастамашылары кім еді?
5. Жергіліктендіру қандай тәртіпте жүргізілді?
6. Өзбекстанда кадрларды жергіліктендіру саясатының нәтижесі мен салдары қандай болды?

### 13-§. Өзбек әйел-қыздарының азаттыққа шығару үдерісі және ділгірліктер

«Хужум» қозғалысының өткізілуі. Өзбек қыздары мен әйелдерінің өмірі ғасырлар барысында ислам діні шарифаты нұсқаулары негізінде құрылған еді. Кеңес үкіметі орнаған соң, Шығыс әйелдерін «азаттыққа шақыру, ескі тұрмыс салтына шабуыл жасау, әйелдердің бет перде торы мен паранжасын тастап жаңа заман құрып жатқандар қатарына тезірек қосылуы сияқты ділгірліктер күн тәртібіне қойылды. Большевиктер Орта Азия республикаларында, атап айтқанда, Өзбекстанда бұл ділгірлікті қысқа мерзімде асығыс шешті. Нәтижеде үлкен жоғалтулар көп болды, көптеген қыз-келіншектерді ескілік пен ескі ұғым жақтаушыларының арандатушылығымен өз туыстары өлтірді. Өзбек әйелдерін бостандыққа шығару және жаңа тұрмысқа шақыру, шындығында, керек еді. Бірақ бұл істі большевиктер мен кеңес үкіметі өкілдері таңдаған тез жолмен емес, жай және басқышпа-басқыш жүзеге асырғанда үлкен құрбандар мен жоғалтулар болмайтын еді.

«Хужум» компаниясы **1926 жылы қыркүйекте** Орта Азия әйел-қыздары Кеңесінде жарияланды, оны **1927 жылы 8-наурыздан** бастауға қаулы етті. **1926 жылы желтоқсанда** «Хужум» компаниясын өткізу үшін Орта Азия республикалары, атап айтқанда, Өзбекстанда арнаулы Комиссиялар түзілді.



Әйел-қыздардың жаппай митингі

1927 жылы 8-наурызда жаппай митингілер басталды. Оларда 100 000-нан астам әйел-қыздар паранжаларын отқа жақты. Бірақ большевиктер партиясының өзбек әйел-қыздарды бостандыққа шығаруды тездету саясаты кері салдарға себеп болды және «Хужумға» қарсы болған әйелдерге зұлымдық көр-

сетіле бастады. «Хужум» қозғалысы ең белсенді өткізілген **1927–1928 жылдары** Өзбекстанда **2500** ден астам белсенді әйел-қыздар, аудан және ауыл кеңестерінің мүшелері, әйел-қыздар клубтары мен кітапханалары меңгерушілері, мұғалімдер жаңа өмір жолында өз жанын құрбан етті. Өкінішке орай, бұл трагедиялық оқиғалардың алды алынбады.



#### Есінде сақта!

ОІ Кеңес үкіметі «Хужум» компаниясын өткізуден төмендегі мақсаттарды көздеген еді: *біріншіден*, өзбек халқының тарихи қалыптасқан ұлттық құлықтық шығыстық салт дәстүрлері және құндылықтарды жоғалту және руханиятымызға соққы беру; *екіншіден*, «әйел-қыздарды азат ету», сылтауында өндіріс кәсіпорындары, колхоз және совхоздарда арзанға жұмыс істейтін қосымша жұмысшы күштері ретінде олардан пайдалану, іс жүзінде оларды совет құлдарына айналдыру еді.

**Әйел-қыздар еңбегінің әлеуметтік-экономикалық ділгірліктері.** Кеңес үкіметі өзбек әйел-қыздарын бостандыққа шығару үдерісінде оларды өндіріске қатыстыру шараларын да іске асырды. Бұдан көзделген негізгі мақсат халық шаруашылығы ділгірліктерін шешу үшін жаңа еңбек ресурстары болған жұмысшы күштерін жарату еді.

Әйел-қыздар алғаш қолөнершілік кооперациясына қатыстырылды. Әйел-қыздар клубтарында әйелдер үшін арнаулы бөлмелер ашылып, бұл жерлерде тақия және маталар тікті. Кейін қолөнершілік кооперациялары құрамында арнаулы әйелдер артельдері түзілді. 1926 жылы Өзбекстанда 16 ірі әйелдер артельдері болған, оларда 814 жергілікті әйел-қыздар еңбек етті. Әйел еңбектеріне жалақы алу мүмкіндігіне ие болды.

1930 жылы республика қолөнершілік кооперациясының 50 ден астам артельдерінде 5000 нан көбірек жергілікті әйелдер жұмыс істейтін. Олардың көпшілігі тігіншілік кәсіпорындарында еңбек етті. Әйел-қыздар ірі өндіріс кәсіпорындарына да қатыстырыла бастады. Бұл іс жалпы алғанда, оңды үдеріс еді. Бірақ көп жағдайларда әкімшіліктерге қойды. Әйелдерді іске тағайындағанда олардың денсаулығы, денесі нәзік екендігі еленбеді. Бұл жағдай олардың денсаулығына күрделі зиян жеткізетін еді.


Колхоздар мен совхоздар түзілген соң әйелдердің өзіне сай мамандық – тракторшылыққа үйрету көбейді. Тек 1939 жылы 2500 әйел-қыздар тракторшылар курсына оқуға мәжбүри қатыстырылды. Курсты аяқтаған әйел-қыздардың көпшілігі тракторшы болып істемейтін.

**Өзбек әйелдерінің жаңа қоғамдағы беделі және қайшылықтары.** Өзбек әйелдерін қоғамның тең құқықты мүшелеріне айналдыруда, еріксіздіктен құтқаруда оларды мәдени және әлеуметтік өмірге қатыстыру аса маңызды еді. Мәдени-тәрбиелік істерді жүргізуде әйелдер клубтары үлкен рөл ойнады. Бұл клубтарда әйелдерге дәрігерлер түрлі кеңестер беріп, балалар дәрігер бақылауынан өтетін еді. Сондай-ақ, көптеген кітапханалар, балалар бақшалары және яслилер ашылды. Әйел-қыздарды қызықтырған және алаңдататын тақырыптар бойынша сұхбаттар өткізіліп тұрылды. 1927 жылы Өндіжандағы Ескі қала әйелдер клубында 134 мүше болған.

Бұл дәуірде өзбек әйел-қыздары басшылық лауазымдарында да істеу дағдысын көрсетті. 1927 жылы республикадағы аудан атқару комитет-те-рі мүшелерінің 20 пайызы, округ атқару комитеттері мүшелерінің 17 пайызы әйелдер еді. Жахон Обидова ӨзКСР Орталық Атқару Комитеті Президиумы төрағасының орынбасары, Тажыхан Шадиева Президиум мүшесі болған. Бірақ кейін бұл 2 әйгілі өзбек әйелдерін Кеңес үкіметі сүргіндеді.

XX ғасыр 30-жылдарында әйелдер арасынан атақты ғалымдар, ақындар, жазушылар, инженерлер, дәрігерлер, өнер адамдары, мұғалімдер шыға бастады. Сол жылдары Халима Насирова, Тамараханым,

Сара Эшантураева, Мукаррама Тургунбаева сияқты өзбек қыздарының талабы жарқ етіп көзге түсті. Бұл жағдайлардың барлығы өзбек әйел-қыздарының тең құқықты қоғам мүшесі болу, мәдениет пен білімге ұмтылыстарының нәтижесі еді. Сөйтіп, кеңес мемлекетінің әйелдер бюросындағы саясаты Коммунистік идеологиямен суарылған жағдайда асығыстықпен іске асырылса да өзбек әйелдері қанында ғасырлар бойы жинақталып келген сана-сезім, жігер мен белсенділік секілді қасиеттері арқылы көптеген ұнамды істерді іске асырды.



### Атаулар түсінігі!

**Паранжи** – көпшілік мұсылман әйелдер бөгде ерлерге ашық көрінбеу үшін басқа жабынып жүретін, пішімі кең және ұзын тон пішініндегі, жасанды жеңіл жабынғыш (беті пердемен бекітіледі)

**Бет перде торы** – аттың құйрығын қылынан тоқылған, паранжи астынан тұтылатын перде.

**Артель** – (итал. – колөнерші] мамандық иелерінің бірігіп, ұжым болып істеу үшін түзілген бірлестік түрлерінің бірі.

**Кооперация** – (лат. – серіктік, ынтымақтастық) өзара байланысқан өндіріс үдерісінде адамдардың немесе ұйымдардың ынтымақтастық негізінде істеуді түзу формасы.



### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Өзбекстанда «Хужум» қозғалысын өткізуден көзделген мақсат не еді?
2. 1920 жылдары республикада өткізілген «Хужум» қозғалысы әйел-қыздардар өміріне қандай өзгерістер алып кірді?
3. Паранджиден «азат» етілген әйел-қыздар бастапқы қайсы салаларға қатыстырылды?
4. «Хужум» қозғалысы қандай салдарға алып келді?
5. Мемлекет және қоғам істерінде қызмет еткен әйел-қыздардың тағдыры қандай болды?
- 6, Төмендегі кестеде «Хужум» қозғалысының кері салдарлары және қоғам дамуында ұнамды жағдайларына тиісті мәліметтерді жина.

"Хужум" қозғалысы	Кері салдары	Ұнамды жағдайлар

## 14-§. Өзбекстанда кеңес үкіметі жүргізген мәдени саясат

**Кеңес үкіметінің білім беру және ғылым саласындағы істері.** Жас ұрпақты оқыту, ол үшін жағдай жасау халық бұқарасы, оның өкілдері үшін көкейкесті болып келген.



### Ой жүгірту!

Ағартушы әдебиетші және қоғам қайраткері Абдулла Авлоний білім беру және тәрбие туралы былай деп жазған еді: “Тәрбие біздер үшін не өмір – не өлім, не қолдау – не апат, не бақыт – не пәлекет мәселесі.

Большевиктер Өзбекстанда алғашқы жылдарда кеңес мектептері мен техникумдар ашуға ерекше назар аударды. Жадид мектептері жабылды. Ескі мектептер мен уақып мектептері де таратылды. **Түркістан мемлекеттік университеті** және **Өзбекстан мемлекеттік университетінен** кейін республикада көптеген институттар ашылды. Бірақ университет пен институттардағы студенттер арасында **өзбектер** кемшілікті құраған. Бұл жоғары оқу орындарында славян тілдері өкілдері оқыған. Оларда сабақ берген оқытушылар арасында да жергілікті ұлт өкілдері кемшілік болған.

Бұл дәуірде Өзбекстан ғылым өркендеуі саласында белгілі жетістіктерге жетті. 1932 жылы 14-қазанда Өзбекстан КСР Орталық Атқару Комитеті Президиумының Өзбекстан ғылыми тексеру кеңселеріне басшылық етуші **Өзбекстан КСР Ғылымдар комитеті** түзілді. 1934 жылы оған **Атажан Хашимов** төрағалық етіп сайланды.

**1940 жылы 9-қаңтарда** Өзбекстан КСР Ғылымдар комитеті КСРО Ғылымдар Академиясының Өзбекстан КСР филиалына (ӨЗҒЫЛ) айналдырылды.

### Есінде сақта!



Орта Азияда жоғары білім ордасының бесігі, Түркістан мемлекет университеті (қазіргі Өзбекстан Ұлттық Университеті) бірнеше жоғары орындарына негіз болды, 1940 жылы республикада 30 жоғары, 100 ге жуық орта арнаулы оқу орындары жұмыс істеді.

**Халық білім беруі және сауатсыздыққа қарсы күресі.** 1934 жылы 10–17-қаңтарда Ташкентте болған Өзбекстан Коммунистік Партиясының VI съезінде ВКП(б) XVII съезі қойған міндеттерге негізделіп, **екінші бес жылдық** (1933–1937 жылдары) республиканың социалистік мәдениетін



дамытудағы негізгі жолдарды белгіледі. Осы мақсатта Өзбекстан КСР Кеңестері 1935 жылы 10–17-қаңтарда Ташкентте болған V құрыл-тайы ӨзКСР Халық Комиссарлары Кеңесіне 8 жастан 15 жасқа дейінгі балаларды мәжбүри жеті жылдық білім алуға тарту және республика қала мен ауылдарда жаңа мектеп ғимараттарын құру бағдарламасын дайындауды ұсынды.

Халыққа білім беру қажеттіліктері үшін өте көп қаражаттар бөлінді – бірінші бес жылдық дәуірінде **395,5 млн рубль** қаражаттар бөлінген болса, екінші бес жылдық үшін **1,16 млрд рубль** қаражат жұмсалды. Бұл ірі қаражаттар екінші бес жылдық дәуірінде 35 000 оқушы сиятын 539 жаңа мектеп салуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге кіші мектептер бір-біріне қосылып, ірілендірілді және толық кешен дәрежесіне жеткізілді.

Екінші бес жылдық дәуірінде барлық жалпы білім беретін мектеп-тердегі оқушылардың саны тез қарқынмен өсіп, 931 800 ге жетті, олардың 725 мыңға жуығы ауыл мектептерінде оқитын. Республика мектептерінде оқу **18 тілде** жүргізілген. Өзбек тілінде оқыталатын мектептердің саны он жыл ішінде 10 есе өскен.



#### **Ой жүгірту!**

Білім берудің 18 тілде жүргізілуінің негізгі себептері не еді? Бүгінгі күнде Мемлекет жүйесінде білім неше тілде жүргізіледі?

Бұл кезде Өзбекстанда сауатсыздық және шаласауаттылықты жою істерін соңына жеткізу міндеті тұрған еді. 1937 жылы сауатсыздықты жою мектептерінің саны 413 ке жетті. Бұл мектептерде 28 700 адам өндірістен ажырамаған күйде оқып сауатын ашты.

Әйел-қыздар арасында сауатсыздықты жою бойынша үлкен жетістіктерге жетті. Олар үшін көп жерлерде арнаулы сауат ашу мектептер ашылды. 1937 жылы 139 000 әйел-қыз оқу және жазуды үйреніп алды.

**Әліппенің өзгертілуі.** Кеңес үкіметінің алғашқы он жылдықтарында Өзбекстанда



Әйел-қыздар сауатсыздығын жою курстары

жазу **3 рет** өзгертілді. Бұл жағдайдан түпкілікті халықты сауатсыз ету, оның ғасырлық құндылықтарынан мақрұм етіп, ке-ңес мәдениеті рухында тәрбиелеу және орыстандыру саясатын жүзеге асыру көзделген еді. Ислам діні аумаққа енген соң ғасырлар бойы елімізде жасалған шығармалар араб әліппесіндегі ескі өзбек тілінде жазылғандығы баршаға мәлім. Ахмад Яссави, Саккоки, Лутфи, Әлішер Науаи, Бабыр сияқты атақты ақындар 500–800 жылдар алдын өзбек тілінде бірақ араб жазуында өз шығармаларын жазған. Большевиктер мұндай әдебиеттен бас тартып, Кеңес әдебиетін және пролетар мәдениетін жасауға ұмтылды



### Ой жүгірту!

Алдыңғы сынаптарда алған біліміңе сүйеніп, еліміз аумағында болған жазулардың атын кезектілікте атап өтуге әрекет ет.

1921–1922 жылдары бастапқы араб жазуы қайта қалыптасып, біршама оңайлатылды. Одан соң өзбек жазуын латындасу мәселесі талқыланды.

**1929 жылы мамыр айында** Самарқантта өткен Өзбекстан әдебиетшілері, көркем жазушылары және жетекші зиялылары конференциясында өзбек жазуын араб жазуынан латын жазуына өткізу туралы қаулы қабылданды. Қаулыны 10-тамызда Өзбекстан КСР Білім беру халық комиссарлығы комиссиясы бекіткен соң, 1-желтоқсанда Өзбекстанда **латын** жазуына өтілді.

Бірақ көп өтпей жазуды латындастыру үшін қолданылған үлкен қаражаттар жоққа шығарылып, кириллицаға өткізу туралы жаңа қаулы қабылданды. **1940 жылы 8-мамырда** болған Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесі ІІІ сессиясында математик ғалым Ташмухаммад Қары–Ниязотың баяндамасы бойынша латын жазуынан кириллица (орыс графикасы) негізіндегі өзбек жазуына өту туралы қаулы қабылданды. Өзбекстаннан тыс, Орта Азия республикалары және Әзербайжан да орыс графикасына өткізілді.

Кеңес үкіметі латын графикасына өтумен арабша жазылған ислам дінінің негізі Құран мен хадистерді, басқа кітаптарды жоймақшы болса, кириллицаға өтумен түркі тектес кеңес республикаларын латын жазуынан пайдаланып түркі және басқа елдердің ықпалынан сақтап, өзбек



### Ой жүгірту!

Дүниежүзілі тарихы сабақтарында алған білімдеріңе сүйеніп, кириллица әліппесіне қашан, кімдер негіз салғанын еске ал. Бұл жазу Ресей аумағына қалай кіріп келген?

халқымен туыс түрік халқы арасындағы байланыстарды жоймақшы болды. Сондай-ақ, Өзбекстан мен кеңес Шығысындағы республикаларды орыстандыру үдерісі өзінің соңғы басқышына өтті.



### Есінде сақта!

1929-жылы араб жазуы негізіндегі өзбек жазуы жойылып, одан латын графикасына өтілді.

1940 жылы Советтердің жалғыз арманы кириллица –орыс әліппесі негізінде құрылған жазуға өтілді

**Жаңа түрдегі өзбек әдебиеті және ұлттық өнердің өркендеуі.** Әлеуметтік өмірде қарқынды қайшылықтар билеген бұл күрделі дәуірде әдебиет пен өнер ұлтшылдық, прогрессивтік және халықшылдық секілді қағидаларға беріктігін сақтап қалды. Бұл дәуір рес-пуликадағы шығармашылар үшін Ф.Хужаев араб алфавитінен ізденулері, көзқарасы жағынан бір-бірінен өзгешеленетін талай бағыттардың қатаң қақтығысуларына толы және көптеген жоғалтуар берілген және қайғылы аяқталған тағдырлар және жаңа-жаңа дарындар дүниеге келген және бүршік атқан дәуір болды.



Ф. Хужаев съезде сөз сөйлеп жатыр.

Өзбек жазушы және ақындарынан Фитрат, Чулпан, Абдулла Қадирий, Садриддин Айни, Хамза және басқалар өз шығармаларымен ұлттық құндылықтарды сақтау және қорғауға әрекет етті. XX ғасырдың 30-жылдарының бас кезінде жазушы және әдебиетшілердің қатары кеңейе түсті. Бұл дәуір әдебиет алаңына Ғафур Ғулам, Айбек, Хамид Олимжан, Зулфия, Абдулла Қаһһар, Усман Насир, Міртемір, Айдин Сабирова, Уйғун, Камил Яшин, Ғайрати, Султан Жура, Амин Умари секілді бірнеше талапты жас ақындар, әдебиетшілер және драматургтар қосылды.

Өзбек ұлттық драматургиясы және музыкасы, театр және кино, бейне және қолданбалы өнер де халқымыз рухани мәдениетінің қайнар көзі болып қалды және оған қызмет етті. Өзбек өнерпаздарының бүкіл бір әулеті бұл дәуірде қалыптасты.



### Өзіңді тексеріп көр!

Кирилл әліппесі – бұл ... Ғылымдар академиясы – бұл ...  
Латын әліппесі – бұл ... Әдебиет үлгілері – .. бұл  
Түркістан мемлекеттік университеті – бұл... Халық білім беруі – бұл ...

Өзбек ұлттық музыкасын дамытуда өзбек сазгерлерінен Тохтасын Жалилов, Юнус Ражаби, Мухтар Ашрафи, Мутаваккил Бурханов үлкен еңбек етті. Тамаша режиссёрлар мен актёрлар Маннон Уйғур, Абрар Хидаятов, Сара Эшонтурева, Раззоқ Хамраев, Олим Хужаев, Шукур Бурханов және басқалар өзбек театр өнерін көркейтіп өркендетті. Камил Ярматов, Наби Ғаниев, Рахым Пирмухамедов сияқты кинематографистер жетіліп шықты. Би өнері мен әншілікте Халима Насирова, Тамараханым, Мукаррама Турғунбаева Лутфиханым Саримсақова, Мухиддин Қары Яқубов, Камилжан Атаниязов, Карим Закиров және басқалар жоғары шеберлік көрсетті. Өзбек музыка және вокал өнері дамуында 1936 жылы Ташкентте ашылған мемлекеттік консерваторияның да маңызды рөлі бар.



### Атаулар түсінігі:

**Пролетар** – (лат. кедей, нашар азамат) өмір сүру көзі өз жұмысшы күшін өндіргіш құралдары иелеріне сатудан құралған жалданбалы жұмысшылар сыныбы.

**Консерватория** – (итал. – баспана) – арнаулы музыка оқу орны . Алғаш Италияда жетім және қараусыз балаларға арналған баспана. Онда әртүрлі өнерлермен қоса музыка да оқытылған.



### Сұрақ және тапсырмалар:

1. Кеңестер Түркістан халыққа білім беруді ұйымдастыру, дамытуға қандай көзқараспен жанасты?
2. Өлке халыққа білім беру жүйесінде болған қателік, кемшіліктер, қиыншылықтар мен ділгірліктер жөнінде не дей аласың?
3. Республика жоғары білім беру жүйесін жетілдіру қандай мақсаттарда іске асырылды?


4. Әліппе бойынша өзгерістер қандай максатта іске асырылған еді? Оның салдары мен нәтижелері не болды?
5. 1930 жылдары жетіліп шыққан танымал өзбек ғалымдарының қызметі жөнінде нелерді біліп алдың?
6. Өзбек өнерінің өрлеуіне маңызды үлес қосқан атақты өнерпаздардан кімдердің атын тілге алуға болады?
7. Үйге тапсырма. Төмендегі кестені толтыр.

Халық ағартуы	Жоғары білім	Әліппені қайта құру	Әдебиет	Өнер

### 15-§. Совет үкіметінің Өзбекстандағы репрессиялық саясаты: оның маңызы мен салдарлары

**Өзбекстанда алғашқы репрессияның басталуы.** Кеңес тәртібі өз әкімшілігін нығайтып алған соң, оның қасиеттері анық біліне бастады. Бұл жағдай, атап айтқанда, ұлттық республикалардағы басшы қызметкерлерге көзқарасында анық көрінді. Қалыптасқан әкімшілдік-әміршілдік жүйесі және оның басшы өзегі есептелген Бүкілодақтық коммунистер (большевиктер) партиясы — ВКП(б) бұл кезде “социализм негіздерін“ құруға қатты кірісіп, қоғамның барлық салаларында үстемдік мәртебесінде болды.

XX ғасыр 20-жылдарының екінші жартысы және 30-жылдардың басында Өзбекстан КСР-да *он сегіздер тобы* (Абдурахим Нажибаев, Инамжан Хидиралиев, Мухтаржан Саиджанов және басқалар), *инағамовшылық* (ӨзКСР Білім беру халық комиссары Рахим Инағамов және басқалар), *қосып жазу* (ӨзКСР Жоғары соты төрағасы Саьдулла Қасимов және басқалар), *бадриддиновшылық* (ӨзКСР жоғары сотының прокуроры Шамсутдин Бадриддинов, т.б.), “*бірлескендер*” мен



2012 жылда  
басылған кітап

“*ұлттық тәуелсіздік үшін күресушілер*” (Мунавварқары Абдурашидханов жетекшілігіндегі 87 адам), “*наркомпрос*” ісі (ӨзКСР Ағарту халық комиссары Маннон Рамзи, оның орынбасары Бату және басқалар), “*батыр гапшылар*” (Қоқанда Ашурали Захири басшылығындағы 19 адам) және басқа саяси істер тоқып шығарылып өзбек халқының көптеген жетік перзенттерін репрессияға ұшыратты. Бұл дәуірде Коммунистік партия қатарын “тазалау” маусымында Өзбекстан Компартиясы мүшелерінің 25,6 пайызы топтан шығарылды.

Басшы қызметтерге күдікпен қарау, “халық” пен “буржуа ұлтшыл-дарын” анықтау және тұтқындау, түрлі “оппозиция” таптарын паш ету үдеді.

### Есінде сақта!



Өзбекстанда болған құрылыста оппозицияда тұрғандар және қарсылық білдіргендер қуғындалды. Нәтижеде жаппай және заңсыздықтың алғашқы күшті толқыны Өзбекстан бойлап алып өтті. Сол кезде «он сегіздер тобы», «инағамовшылық», «қасимовшылық», «бадридиновшылық», «ұлттық бірлескендер» және «ұлттық тәуелсіздік үшін күресушілер», «наркомпрос», «батыр гапшылар» ісі секілді саяси істер тоқып шығарылған еді. Кеңес тәртібі 30-жылдардан бастап өз халқына жаппай террорлықты қолдады.

**Құқық және ағарту жүйесінде репрессия ұшыратудың үдеуі.** Ұлттық басшы қызметкерлерді лауазымдарынан шеттетіп, «идеялық» жағынан күйреткен кеңес тәртібі ХХ ғасыр 20-жылдарының соңында оларды жоюға кірісті. Осы жағынан алғанда, Өзбекстан құқық пен ағарту жүйесінде өткізілген репрессиялар, әсіресе, сипатқа ие. Орталықтың басымымен **1929 жылы 17-ақпан–2-наурызда** Самарқантта өткізілген Өзбекстан Коммунистік Партиясының IV съезінен кейін жазалау механизмі іске қосылды.

Өзбекстан КСР Жоғары сотының төрағасы **Саьдулла Қасимов** 1929 жылы наурызда лауазымынан босатылып, тұтқындалды. С.Қасимов және оның 6 саптасына КСРО Жоғары Соты жылжымалы сессиясы 1930 жылы Самарқантта сот үдерісін өткізді. Орталықтан келген жазалау органдары (сот төрағасы: Васильев-Южин және прокурор Р. Катанян) іске әдейі саяси түс берді. С.Қасимов және оның жақтаушылары «басмашыларды» қолдауда, «революциялық ұлтшыл ұйымдармен» байланысқаны, ислам дінін қорғауда айыпталып оларға «қасимовшылық» жарлығы басылды.



Кеңес соты С.Қасимов, Б.Шарипов, Н.Алимов, Спиридиновты атып өлтіруге, қалған 3 адамды 10 жыл мерзімге қамау жазасына үкім шығарды. Олардың бүкіл мал-мүлкі кәмпескеленіп, мемлекет есебіне өткізілді.

Арадан көп өтпей кезектегі іс – *бадриддиновшылық* ойлап табылды. 1932 жылы 5-мамыр–15-маусымда Ташкент қаласында КСРО Жоғары соты әскери коллегиясының жылжымалы сессиясы Өзбекстан КСР Жоғары сотының бұрынғы прокуроры **Шамсутдин Бадриддинов** және оның 5 саптасы үстінен сот үдерісін өткізді. Бұл ретте де прокурор армян Р.Катанян болып, ол түрік халықтарына өшпенділігімен танылған еді. Ш. Бадриддиновқа «Ұлттық бірігу» ұйым мүшелері және «басмашылармен» байланыста болған, Мунавварқары мен Саъдулла Қасимовтың жақын досы және саптасы деген айыптар қойылды. Ш.Бадриддинов ең алдымен атылуға үкім етіліп, кейін өлім үкімі 10 жыл түрме жазасымен алмастырылды. Оның 5 саптасы да ұзақ мерзімді қамау жазасына үкім етілді.

Кеңес тәртібі сот органдарындағы ұлттық басшы қызметкерлерді репрессияға ұшыратумен бірге жазалау қылыш ағарту саласындағы зиялыларға да көтерілген еді.

1930 жылы тамыз айында Самарқанд қаласында Өзбекстан КСР Ағарту халық комиссарлығында бір топ басшы қызметкерлер қолға алынды. «Наркомпрос» ісінде ӨзКСР Ағарту халық комиссары **Маннон Рамзи** – Маннон Абдуллаев, оның орынбасары **Бату** – Махмуд Хадиев, сондай-ақ, **Алтай** – Байыс Қариев, **Нодир Саидов** және басқалар бар еді. Олар білім беру жүйесін «ұлтшылдық уымен» «уланғандығында айыпталып, бұл жағдай «білім беру фронтында қасимовшылықтың көрінуі» деп қараланды. Бату және оның жақтаушылары 10 жылдық түрме жазасына үкім етілді. Бірақ олар, кейін, түрмеде атып тасталды.

**Мунавварқары және оның саптастарының жоқ етілуі.** 1929 жылы 5-қарашада Ташкентте ағартушы **Мунавварқары Абдурашидханов** басшылығындағы 38 адам түрмеге алынды. Арадан көп өтпей түрмеге тасталғандардың саны 87 адамға жетті. Оларға «Ұлттық Бірігу» және «Ұлттық тәуелсіздік» ұйымдарының мүшелері деген айып қойылды. Тергеу



үдерісі кейін, Мәскеуге көшірілді. Бұл жағдай кеңес тәртібінің жадидтер “ұлтшылдығын” паш етуге бар күшімен кіріскендігінен дәлелдейді.

1931 жылы 25-сәуірде Мәскеуде болып өткен сот мәжілісінде Мунавварқары басшылығындағы 15 жанашыры болған “Ұлттық Тәуелсіздік” мүшелері атып өлтіруге, қалған 72 адам ұзақ мерзімді қамау жазасына үкім етілді. Өзбек халқының 15 пазенті Мәскеу маңында атып тасталды. Түрмеден де дерлік ешкім Ташкентке қайтып келмеді.

**1936–1938 жылдардағы үлкен террорлық және Өзбекстанда мемлекет қайраткерлері, зиялылар, ғұламалар және әскерилердің репрессияға ұшырауы.** Бұл кезде тоталитарлық режимде әкімшілік-әміршілдік және авторитар басқаруың күшеюімен заң бұзарлық жағдайлары жай жағдайға айналды. Кеңестің рақымсыз жүйесі бүкіл мемлекеттегі сияқты Өзбекстанда жаппай репрессияны үдетті. Ірі мемлекет және қоғам қайраткерлері, партия және шаруашылық басшылары, зиялылар, руханилар және әскерилермен бірге жай адамдар, колхозшылар репрессияға алынды.

Өзбекстанда саяси репрессия 1937 жылы жазда үдей түсті. Өзбекстан КСР ХКК төрағасы Файзулла Хужаев, Өзбекстан компартиясы ОК бірінші хатшысы Акмал Икрамов және халық Комиссарлары, облыс, қала, аудан басшылары, көптеп шаруашылық қызметкерлері түрмеге алынып, тергеуден кейін КСРО жоғары соты әскери коллегиясы жылжымалы сессиясы қаулысымен атып тасталды.

Өзбекстандағы саяси тандалғандар “ұлтшыл-дық және кеңес үкіметіне қарсы күрес жүргізуде”, сондай-ақ, қарулы көтеріліске әзірленгендікте айыпталды. XX ғасыр өзбек мәдениетінің үш жарқын жұлдызы — **Фитрат, Чулпан және Абдулла Қадир**і бір күнде — 1938 жылы 4-қазанда Ташкент қаласы төңірегінде атып тасталды. Қамауға алынған көптеген отандастарымыз жаппай түрде 4-қазанда өлтірілген. Дарынды ақын Усман Насыр қамауханада қаза тапты.



Чулпан



### Ой жүгірту!

Ойлап көріп, қорытынды жаса!

«Сөзімнің соңында әділ соттан сұраймын: Мен түрлі жала, өтірік және жасандылық, түсінбеушіліктер арқылы, екінші рет ақталмайтындай етіп қараландым. Ең болмағанда сол қаралаушы қара көздердің көңілі үшін болса да, маған ең жоғары болған жазаны беріңіз. Көңілінде кірі жоқ, кері мақсаты болмаған қарапайым, аңқау жігітке біраз қорлық көрсе оларға жақсы болар. Бірнеше кісілердің армандауынша, рухани өліммен өлтірілдім. Енді денемнің өлуі мен үшін қорқынышты емес. Әділ соттардан мен соны сұраймын және соны күтемін... Мен турашылдықтың арқасында бос кетсе «эх» дейтін жігіт емеспін».

*Абдулла Қодирийдің сот үдерісінде сөйлеген сөзінен*




XXСР әскери істердің хатшысы, жеке Өзбек атты әскерлер полкының командирі және комиссары, 19-таулы атты Өзбек дивизиясы командирі лауазымдарында жұмыс істеген **Миркамил Миршараповты** Кеңес режимі Майкопте 1937 жылы 28-қазанда түрмеге алады. Ол Өзбек дивизиясын ұлттандыру және бұл дивизия көмегінде Өзбекстанды КСРО құрамынан ажыратып алу және тәуелсіз мемлекетті құруға әрекет етуінде айыпталды. Алғашқы Өзбек дивизиясы таратып жіберіледі де М. Миршарапов басшылығында 18 өзбек әскери командирлері мен әскерлері Ташкент маңында 1938 жылы 10-қазанда атып тасталды.



Миркамил Миршарапов

Сөйтіп, **1937-1938-жылдары** тоқып жазылған жасанды айыптар бойынша Өзбекстанда 41000 нан астам адам тұтқындалып, **37000** астамы жазаланды, **6920** адам атуға үкім етілді. Тек мемлекет және қоғам қайраткерлері, жазушы, ақын және ғалымдардан **5758** адам түрмеге алынып, олардың **4811** атып тасталған. Бұл мәліметтер республикамыз көлемінде қызыл террор қаншалықты кең көлемде аяусыз түрде іске асырылғандығына дәлел болып саналады.

“Шаһидтерді еске алу“ ескерткіш кешені және “Репрессия құрбандарын еске алу” мұражайы. Өзбекстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізген соң репрессияға ұшырағандардың көпшілігі құқық жағынан ақталды. Олардың жарқын аттары тіктелді. Өзбекстан Республикасының бірінші президенті **Ислам Каримов** (1938-2016) бастамасымен 2000 жылы 12-мамырда Ташкент қаласы Жүнісабад ауданындағы Бозсу каналы



*«Шаһидтерді еске алу» ескерткіш кешені*

бойында “Шаһидтерді еске алу“ ескерткіш кешені ашылды. Ол қатаң кеңес тәртібі дәуірінде репрессияға ұшырған шаһидтерді еске алуға арнап орнатылған, ұл жанкештілерінің көпшілігі сол жерде атып тасталған еді.



**Атаулар түсінігі!**

Фирқа — (араб. – топ, партия) мақсаты, идеясы, дүние танымы ортақтығы жағынан біріккен адамдар тобы.



### Есиңде сақта!

Өзбекстан Республикасында 2001 жылдан бастап әр жылы 31-тамыз – тәуелсіздік жарияланған күні репрессия құрбандарын еске алу күні ретінде өткізілетін болды. «Шаһидтерді еске алу» ескерткіш кешені 2002 жылы 31-тамызда «Репрессия құрбандарын еске алу» мұражайы ашылды. Мұражай Ресей империясы мен кеңес үкіметі дәуірінде отан азаттығы жолындағы қызметі үшін репрессияға ұшыраған отандастарымызды еске алу мақсатында құрылған. Бұл ризашылық биолдірген ұрпақтарының өз ата бабаларына деген құрметі.



### Сұрақ және тапсырмалар:

1. “Он сегіздер тобы” және “қасимовшылық” секілді саяси істерді тоқып шығару және олардың қызметіне саяси түс беруден қандай мақсаттар көзделген еді?
2. Неліктен ХХ ғасыр 30-жылдары екінші жартысында республика басшылығы репрессияға ұшырады, оларға қандай “айып” қойылған?
3. Озат өзбек зиялыларын репрессияға ұшырату не үшін керек еді?
4. Тоталитарлық жүйе әкімдерінің адам құқықтары мен еркіндігі мәселесіндегі екі жүзділігі, монтанылығын сен қандай түсіндіресің?
5. Сен жасап жатқан қала мен ауданда репрессияға ұшырағандардан кімдерді білесің, олар жөнінде әңгімелеп бер.
6. Репрессияға ұшыраған саяси қайраткерлер мен әдебиетшілерді жеке бағандарда талдау жаса.

Саяси қайраткерлер		
Қойылған айып	Жазалау түрі (түрме не ату)	Жазалау түрі (түрме не ату)

Әдебиетшілер		
Аты	Қойылған айып	Жазалау түрі (түрме не ату)

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### ӨЗБЕКСТАН ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА (1939–1945 ж.ж.)

#### 16-§. Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуы және Өзбекстанның соғыс тұңғығына тартылуы

**Соғыстың басталуы, себептері және сипаты.** Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуында фашистік Германия мен милитаристік Жапониядан тыс соғыстан алдын Ұлы Британия (Англия), Франция мен КСРО-ның саяси басшыларының міндетінде де үлкен жауапкерлік бар еді.

**1939 жылы 23-тамызда** И.В.Сталиннің шақыруымен Мәскеуде КСРО және Германия ортасында 10 жыл мұратқа шабуыл жасамау бітіміне қол қойылды. Бұл бітім тарихта Молотов-Риббентроп пакти атымен әйгілі. Бітімнің құпия бөлімінде екі мемлекеттің болашақ шекаралары және ықпал шеңберлері белгілеп алынды. Польша, Балтық жағалауы және Финляндияда Кеңес Одағының ықпал шеңбері күшейтірілді.

1939 жылы 1-қыркүйекте **Адольф Гитлер** басшылығындағы Германия мемлекеті **Польшаға** шабуыл жасады. Осы шабуылмен **Екінші дүние жүзілік соғысы** басталды. 3-қыркүйек күні Франция мен Англия мемлекеттері Германияға қарсы соғыс жариялады. 17-қыркүйекте КСРО және Германия ортасындағы шабуыл жасамау туралы бітімнің құпия баптарына сәйкес КСРО әскерлері Польша аумағына бастырып кірді. Польшаны бөліп алу үдерісі басталды. 19-қыркүйек күні қызыл армия әскерлері **Вильності** басып алды. 22-қыркүйекте Брест-Литовскіде Польшаны күйрету операциясының аяқталу құрметіне кеңес және неміс әскерлерінің құрама парады өткізілді. 28-қыркүйекте КСРО және Германия ортасында **достық және шекаралар туралы келісім-шарт** жасалды. Содан соң қызыл армия бөлімдері Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алды және олар ресми түрде КСРО-ға қосып алынды.

1940 жылы шілдеде қызыл армия Латвия, Литва, Эстония аумақтарын басып алды және Латвия, Литва мен Эстония республикалары мәжбүри Кеңес

Одағы құрамына енді. Бұл кезде Молдавия АКСР-ға ұласқан Бессарабияны да кеңес әскерлері өзіне қаратты да тамызда КСРО құрамында **Молдавия КСР** (мемлекет құрамындағы 15-одақтас республика) түзілді.

**Кеңес-фин соғысында өзбекстандықтардың қатысуы.** 1939 жылы 30-қараша–1940 жылы 12-наурызда **кеңес-фин** соғысы болды. Соғыс КСРО-ның көрші Финляндияға шабуылымен басталды. Бұл оқиғадан кейін **1939 жылы 14-желтоқсанда** Ұлттар Лигасы КСРО-ны басқыншы мемлекет деп жариялап, Лига мүшелігінен шығарды. Соғыс арқылы КСРО Выборг қаласы мен Ладога көлі айналасындағы аумақтарды қолға алды. Ташкент жаяу әскерлер оқу орны бітірушілері дивизия командирі **А.Толстов**, дивизия штабы бастығы **В.Русских**, өзбекстандық жауынгерлер **А.Магалов**, **А.Туриков**, **Ф.Утешев** және басқалар бұл соғыстарда қатысты.



#### **Ой жүгірту!**

Ойлап көріп, қорытынды жаса!

Бұл оқиғалар өз дәуірінде кеңес тарихтанушылығында мүлдем басқаша баян етілген. Кеңес мемлекетінің басқыншылық саясаты әдейілеп жасырылған. Кейіндеу, Германия КСРО-ға кенеттен шабуыл жасаған соң, КСРО-ді басқыншы мемлекеттен фашизмге қарсы күресетін мемлекеттердің біріне, антифашистік коалициясының ұйымдастырушысы және жетекшісі болған мемлекетке айналды.

**Фашистік Германияның КСРО-ға шабуылы және Өзбекстанның соғыс тұңғығына тартылуы.** 1941 жылы 22-маусым күні таңсәріде гитлершілер Германиясы өзара шабуыл жасамауға келісілгеніне қарамай, кенеттен КСРО-ға бастырып кірді. Кеңес Одағының халықтары үшін ауыр сынақтардан құралған соғыс басталды. Сол күні мемлекетте әскери жағдай енгізілгені жайында жарлық жарияланды.

Соғыс бүкіл мемлекет шаруашылығы мен өмірін түпкілікті өзгертіп жіберді. 1941 жылы 30-маусымда КСРО ХКК төрағасы және ВКП(б) ОК Бас хатшысы **И.В.Сталин** төрағалығында Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің (МҚК) түзілуімен мемлекеттегі бүкіл саяси, әскери және шаруашылық билігі оның қолына өтті. Бұдан тыс И.В.Сталин 19-шілдеде КСРО Қорғаныс халық



комиссары, 8-тамызда КСРО Қарулы күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы лауазымын иеленді. Соғыстың алғашқы күндерінде қабылданған арнаулы қаулылар мен нұсқауларда мемлекеттің қауіп астында қалғаны, оны қорғауға жеделдікпен барлық экономикалық-рухани күштерді қорғаныс мүдде-леріне бойсұндыру, халық шаруашылығын әскери ізге салу қажеттігі атап өтілді. Ұзаққа созылған соғыс қиыншылықтары Өзбекстан еңбекшілеріне ауыр жағдайға салды.



Усман Юсупов

#### Есінде сақта!



- \* 1939 жылы 30-қараша — 1940 жылы 12-наурызда кеңес-фин соғысы болды. Онда Өзбекстандықтар да қатынасты.
- \* 1941 жылы 22-маусымда гитлершілер Германиясы кенеттен КСРО-ға бастырып кірді.
- \* Өзбекстанда У.Юсупов Өзбекстандықтарды фашизмге қарсы күреске шығаруға басшылық жасады.

Екінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде республикаға басшылық еткен Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы **Усман Юсупов** өзбекстандықтарды фашизмге қарсы күреске шығуға басшылық жасады.

**Өзбекстан материалдық және рухани күштерінің соғысқа қаратылуы.** 23–24-маусым күндері Самарқанд, Бұхара, Әдіжан, Наманган, Ферғана, Нүкіс және республиканың басқа қалаларында көп адамдық митингілер болды. Әр күні фронтқа жөнеу тілегімен әскери комиссарлыққа келген өтініштер ағымы өзбекстандықтардың ұлттық отансүйгіштік рухы жоғарылығын көрсетті. Осы өтініштерді түрлі кәсіптегі және әр түрлі ұлтқа тиісті адамдар, еркектер және әйелдер, жастар және кәрілер, партиялы және партиясыздар беретін еді. Архив құжаттарының дәлелдеп бергеніне қарағанда, соғыстың бастапқы күндерінде республиканың қала және аудан әскери комиссарлықтарына еріктілерден **14 мыңнан** астам өтініш түскен.

Өзбекстан халқы дәстүрлі отансүйгіштігінің ғажайып үлгісінен бірі фронтқа жалпыхалықтық жәрдем көрсету еді. Өзбекстандықтар соғыстың бастапқы күндерінен-ақ қорғаныс қорын ұйымдастыруға белсене қатысты.



Қорғаныс қорына жұмысшылар, колхозшылар, зиялылар бір күндік еңбек жалақысын, коммунистік сенбіліктерде істеген ақшалар, бұқаралардың жеке жинақтары, қымбатбағалы байлықтары, мемлекеттік заёмдар, бұйым мен азық-түліктер тапсырылатын. Жалпы, соғыстың алғашқы күнде-



**Ой жүгірту!** Барлық сала өкілдері қорғаныс қоры үшін мүмкіндік шеңберінде өз қаражаттарын тапсырған. Мәселен, атақты өзбек бишісі Тамараханым қорғаныс қорынаа 50 мың сум тапсырды.



рінде республика халқынан 30 млн рубльдік ақша, облигация және қымбатбағалы байлықтар түсті. Өзбекстан халқы соғыс жылдарында қорғаныс қорына жалпы 649,9 млн рубль ақша, 22 кг алтын мен күміс тапсырды.



### Өзіңді сынап көр!


Адольф Гитлер – бұл ... У.Й.Юсупов – бұл ...

Кенес-фин соғысы – бұл ... И.В.Сталин – бұл ...

Молдовия КСР– бұл ... Молотов-Риббентроп пакты – бұл ...

**Барлық нәрсе фронт үшін, барлық нәрсе жеңіс үшін!** Өзбекстан экономикасы әскери жағдайға негізделіп, жеделдікпен фронт мүдделеріне бойсұндырылды. Фронт артындағы аудандары қатарында Өзбекстанға да арнайы мән берілді. Соғыстың алғашқы күндерінде неміс әскерлері екпінмен мемлекет ішкерісіне әрекеттеніп жатты. Фронт маңындағы қала мен қыстақтардан халық, өнеркәсіп кәсіпорындары, мекемелер мен басқа материалдық байлықтарды Шығысқа көшіру басталды. Атап өтсек, Орта Азия мен Қазақстан республикаларына эвакуация жасалынған 308 кәсіпорынның 100 ден астамы Өзбекстанға орналастырылды. Әкелінген кәсіпорындарды қысқа мұрсаттарда іске қосты. 1941 жылдың соңына дейін сол кәсіпорындардан 50-уі іске қосылды. Мәселен, Мәскеу облысы Химки қаласынан көшіріп әкелінген зауыт негізінде 1941 жылы қазанда **Ташкент авиация зауыты** орнатылды, онда фронт үшін қырушы ұшақтар шығарған.

Халық шаруашылығын қайта құруға байланысты ұйымдастыру жұмысын басшылар басқарды. Соғыс дәуірінің ауыр, қатаң жағдайларда жауапкерлік-тен қорықпай, күрделі міндеттерді шұғыл да дербес шешіп отырған. Өзбекстан басшылығы Орталықтың қысымын жеңіп, халық комиссарлықтары мен кәсіпорын директорлары құқтарын кеңейтті, басқару аппаратын қысқартты.



### Атаулар түсінігі:

**Агрессия** — басқыншылықтан құралған, шабуыл жасауға негізделген әрекет. **Эвакуация** — (лат. босату, бөлектеу) адамдар, ұйым, кәсіпорындарды, көркем және басқа құндылықтарды соғыс, табиғи апат сияқтылардың қаупінен сақтау мақсатында бір орыннан басқа орынға көшіру.



### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуына түрткі болған қандай факторлар бар еді?
2. Кеңес-фин соғысының сипаты неде? Бұл соғыс КСРО үшін қанлай мәнге ие еді?
3. Өзбек халқының қорғаныс қорына қосқан үлесін қалай түсіндіресің?
4. Соғыста дүние жүзі халқының қанша бөлігі қатысты? Өзбекстанда соғыста қатыспаған халықтың қызметі нелерден құралды?
5. Соғыстың басталуымен мемлекет ішіндегі жағдайда қандай өзгерістер жүзеге келді?
6. Үйге тапсырма. Төмендегі кестені толтыр:

Соғыстың себептері	Өзбекстанның соғысқа жұмылдырылуы	Халықтың көшірілуі	Қорғаныс қоры

## **17-§. Өзбекстан өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы фронт қызметінде**

**Соғыс жылдарында Өзбекстан өнеркәсібі.** 1941 жылы қыркүйек–желтоқсан айларында республика үкіметі халық шаруашылығын әскери ізге салу, кәсіпорын қашан іске қосылуы, ішкі қорларды жұмылдыру туралы анық міндеттерді белгілеп берді. Кадрлар, өнеркәсіп шикізаты, жанармай, станоктар, құрал-жабдықтың қатты жетіспеушілігіне қарамай, 1941 жылы желтоқсанда Ташкенттегі 63, республика аумағындағы **230** өнеркәсіп кәсіпорындары қорғаныс өнімдерін шығарды. Көшіріп әкелінген зауыттар да қуатын арттырып отырды.

1941 жылы 14-желтоқсаннан әскери кәсіпорындардың қызметкерлері соғысқа кететіндердің қатарына қосылып, сол кәсіпорындарға бірік-

тірілді. Еңбек тәртібін бұзғандар қатты жазаланды. Өз бетінше кәсіпорыннан кетіп қалғандарға 5 жылдан 8 жылға дейін қамау белгіленді.

Өзбекстанда 1942 жылы жаңа өнеркәсіптің өнім өндіруі 2 есеге көбейді. Ал 1943 жылда өнеркәсіптің республика халық шаруашылығындағы салмағы 75 пайызға артты. Әскери өндіріс қуаттарын өсіріп бару қажеттілігі өнеркәсіп құрылысын артығырақ көбейтуді талап ететін еді.

Соғыс жылдарында Өзбекстанда 7 ірі гидроэлектр станция, атап айтқанда, Аққабак, Қыбырай, Салар және Фархад ГЭС-тері құрылды, жаңа көмір және мұнай кен-дері ашылды, ескілерінен көбірек пайдаланылды. 1944 жылы наурызда Бекабадта Орта Азияда тұңғыш заманалық металлургия комбинаты — Өзбекстан металлургия зауытының бірінші кезегі іске қосылды.



Фархад ГЭС-і

**Өзбекстанның қару-жарак қоймасына айналдырылуы.** Соғыс дәуірінде әрекеттегі армия қажет нәрселердің барлығын: техника, қару-жарак, оқ-дәрі, азық-түліктерді үздіксіз алып тұрды. Өзбекстан Одақтың негізгі жауынгер құрал-сайман қоймасының бірі ретінде 2000 нан астам ұшақ, 22 млн дана миномёт, 500 000 дана снаряд, миллиондаған дана гимнастёрка, санитарлық пойыздар, мақталы киім-кешек, етік және әскерлер үшін басқа киімдер мен өнімдерді фронтқа жіберді. Ауыр еңбектің салмағы негізінен әйелдер, қариялар және өспірімдер желкесіне түсті. Бірақ бұл ешкімді тоқтатпады. Фронтты дер кезінде қамтамасыз ету маңызды болып қала берді.

Өзбекстандықтар фронт артының өте ауыр жағдайларында Кеңес Одағы халықтарымен бірге дұшпанды женуді жанкешті еңбектерімен қамсыздандырып тұрды және тарихта шексіз халық ерлігін көрсетті.

**Ауыл шаруашылығындағы жағдай.** Барлық қиыншылықтарға қарамай, өзбек егіншілері фронтты қажетті өнімдермен қамтамасыз ету үшін жан-тәнімен еңбек етті. 1941 жылы мемлекетке **1,6 млн** тоннадан астам мақта

тапсырылды. Көкөніс пен бақша егіндері, жеміс, жібек құрты, жүн, ет тапсыру міндеттемелері артығымен орындалды. Астық пен техникалық егіндерді көбейтіп, 1942 жылы көктемде қосымша 220 500 гектар жер игерілді. Соғыс жылдарында мақта өндіру маңызды міндет етіп қойылды.

Колхозшы диқандар және бүкіл Өзбекстан еңбекшілерінің күштерімен Жоғары Шыршық, Солтүстік Ферғана, Сух-Шахимардан, Үшқорған каналдары, Касансай және Рудасай су қоймалары құрылды. Үлкенқорған су қоймасына су толтырыла бастады. Самарқанд, Ферғана, Ташкент облыстарында қант қызылшасы үшін өнімді жерлер ажыратылды, 1943 жылы 1,5 млн центнерден артық қызылша мемлекетке тапсырылды. Қант қызылшасын қайта өңдейтін Зирабұлақ, Красногвардейск, Қоқан және Янгийул қант зауыттары құрылды. Соғыс жылдарында Өзбекстан бүкіл мемлекетте өндірген қанттың **ширек бөлігін** беретін.

Сөйтіп, соғыс жылдарында Өзбекстан ауыл шаруашылық халқы қиын да ауыр жағдай-ларда еңбек етіп, 4 млн тоннадан астам мақта шикізатын, 82 млн пұт астық және басқа өнімдерді мемлекетке тапсырды. Бұл фашизм үстінен фронтқа азық-түлік және жеңіске қосылған лайықты үлес еді.

**Халық тұрмысы тұрмысы және қиыншылықтар.** Соғыс Өзбекстандағы әрбір жанұяны материалдық жағынан қинап қойды. Қалаларда азық-түлікке карточка жүйесі ұйымдастырылып, жұмысшылар мен қызметшілерге күніне 400-500 грамнан, отбасы мүшелеріне 300-400 грамнан нан берілді. Ал басшы қызметкерлер арнаулы азық-түлікпен (паёк) қамтамасыз етілді. Қиыншылықтар қоғамның әлеуметтік рухи күйін шиеленістіре түсті, бірақ фашизмді жеңуге деген сенім мүлдем төмендемеді. Атап өтсек, соғыс жылдарында ауылдарда жағдай ауыр болған. Колхоздарда ересектер мен 12 жастан асқан балалар үшін мәжбүри жұмыс нормасы 1,5 есе арттырылған. Белгіленген еңбек нормасын орындай



Соғысқа киім-кешек алып барған делегация (Орталықта делегация басшысы Хасан Исламов)..

алмаған колхозшылар аяусыз жазаланған. Қыстақтарда түрлі аурулар және ашаршылық нәтижесінде он мыңдап адамдар өмірмен қоштасқан. Соғыс жылдарында ашаршылық ірі өнеркәсіп орталықтарына да таралған.

### **Өзбек халқының кеңпейілділігі және халықтар достығының көмегі.**

Соғыс жылдарында халық құрамында әскери қыз-метшілер, эвакуация жасалынғандар, соғыс мүгелектері, жетім балалар деп ат қойылған жаңа әлеуметтік топтар пайда болды. Өзбекстанға 1 млн-нан астам адам, соның ішінде, 200 000 бала эвакуация жасалынды. Түрлі ұлтқа жататын жетім балаларды өзбек халқы өз перзентіндей ардақтап, оларды кәметке жеткізді. Мысалы, Ташкенттік қарапайым те-мірші **Шоахмад Шоахмудовтар** отбасы 15 баланы, каттақорғандық соғыс мүгедегі **Хамид Самадов** 13 баланы, Самарқанттық колхозшы әйел **Фатима Қасимова** 10 баланы алып тәрбиеледі. Республикаға соғыс дәуірінде 30 дан артық әскери госпиталь жайғастырылды. Жарақаттанғандар жауынгер сапқа қайтарылды. Соғыс мүгедектерінің көпшілігі жұмысқа орналастырылды.



Ш. Шоахмудовтар отбасы




#### **Есінде сақта!**

Түрлі ұлттарға тиісті болған 15 баланы перзенттікке алған темірші шебер Шоахмад Шоахмудов және оның әйелі Бахри Акрамовалар отбасы жоғары адамилық қасиеттерін көрсетіп көпшілікке үлгі болды. Соғыстан мүгедек болып қайтып келген Хамид Самадовтар отбасы 13 баланы, колхозшы әйел Фатима Қасимовалар отбасы 10 баланы өз құшағына алып, мейірбандылығымен олардың жүрегін жылытты, көңілін жадыратты.

Соғыс жылдарында ұлттық саясатта кешірілмейтін зорлыққа жол қойылды. Тоталитарлық құрылыс басшыларының жарлығымен Кавказ халықтары (чечендер, ингуштер, қарачайлар, месхети түріктері, болгарлар т.б.), қырым татарлар және Волга жағалауы немістері 1943–1944 жылдарда шұғыл түрде мемлекеттің шығыс аумақтарына көшіріп жіберілді. Қырымнан 151 604 қырым татарлары, Грузиядан 110 000 месхети түріктері, Солтүстік Кавказдан 175 000 чечендер, 20 000 нан астам ингуштар, 4500 болгар

мен гректер ӨзКСР-на көшіп келді. Жергілікті халық күйзелгендерге қайырымдылық жасап, шын көңілден жәрдем берді.

Қысқасы, соғыс жылдарында өзбек халқы өзінің кең пейілділігі, қонақжайлылығы, төзімділігі мен сабырлылығын көрсетіп, әлем халықтарын таң қалдырды.



### **Атаулар түсінігі:**

Гимнастёрка — тік немесе қайтарма жағалы, үстінен белдік байланатын сыртқы көйлек (ресми әскери киім).

Миномёт — (орыс.— лақтыру, ату) мина ататын құрал.

Санитар пойыз — дәрігерлік қызмет көрсету қызметкерлері және құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген пойыз.

### **Сұрақ және тапсырмалар:**



1. Соғыс жылдарында еңбек тәртібін бұзғандарға ресми қатынас қандай болды?
2. Соғыс жылдарында өзбек халықтарының қоныс аударып келген халықтарға көрсеткен қайырымдылықтары нелерде көрінді?
3. 1943–1944 жылдары Өзбекстанға көшіріп әкелінген халық өкілдері кімдер еді? Олар неге көшірілген еді?
4. Соғыс жылдары Өзбекстанда ауыл шаруашылығында қандай өзгерістер болды?
5. Соғыс жылдарында еңбекке жұмылдырылған балалардың қызметін қалай түсіндіресің?
6. Үйге тапсырма. Төмендегі кестені толтыр:

Қорғаныс қоры	Өнеркәсіп	Ауыл шаруашылығы	Көшіріп келу

## **18-§. Өзбекстандықтардың фронттағы ерлігі және қаһармандықтары**

**Өзбек дивизияларының ұйымдастырылуы.** Соғыстың бірінші күндерінен-ақ Өзбекстанда халық әскерлерінің отрядтары түзіле бастады. Кейін бұл отрядтар жалпы әскери білім беру бөлімдеріне қосылды. Өзбек-



станда фронт үшін ұлттық әскери бөлімдер және жауынгер резервтерді әзірлеу жұмысы басталып кетті

1941 жылы жазда Самарқантта 19-Өзбек тау-атты дивизиясы қайта түзіліп, сол негізде 221-моторландырылған дивизия құрылды. Дивизияда сол кезде үлкен тәжірибелі өзбек офицерлерінен полковник **Исмаил Бекжанов**, майор **Сабыр Рахимов** және басқалар болды. Дивизия жауынгерлері 17-механикаландырылған корпус саптарында Элна маңында дұшпанға қарсы тұңғыш рет соғысқа қатысты.

1941 жылы 13-қарашада Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің «Ұлттық әскери құрамдарды ұйымдастыру туралы» қаулысы шығып, онда Өзбекстанда 5 кавалерия дивизиясы және 9 жеке оқшылар бригадасы құрылу қажеттілігі, дивизиялар құрамы жергілікті халықтан болған 40 жастан үлкен болмаған салауатты әрі мықты кісілермен толықтырылуы, мүмкіндігінше басшылары жергілікті ұлт өкілдері болуы атап өтілді.

Соғыстың бастапқы сатыларында, 1941–1942 жылдарда ұлттық әскери бөлімдерде, оның ішінде, өзбек дивизиялары мен бригадаларында қару-жарақ, оқ-дәрі мүлдем жетіспеген. Өзбек жауынгерлерінде соғыстың бастапқы айларында қарапайым мылтық (винтовка) та болмаған. Бұл большевиктер мен кеңес режимінің тіпті соғыста да жергілікті халықтарға, анығырағы, түрік тектес халықтар мен мұсылмандарға сенімсіздігі және шовинистік саясатының тағы бір қауіпті көрінісі болып табылатын.

**Соғыстың бастапқы күндеріндегі шайқастар.** Өзбекстандық жауынгерлер Брест қамалы, Киев, Смоленск, Одесса, Севастополь, Ленинград, Мәскеу және басқа көптеген қалалар қорғанысында ерлік пен табандылық үлгілерін көрсетті. Мәскеудің қаһарман қорғаушыларының қатарында Өзбекстанда түзілген әскери бөлімдер де бар еді .

Мәскеуді қорғауда өзбек халқының атышулы қыздары да ерлікпен соғысты. Соның бірі 28 фашисті атып өлтірген снайперші **Зебо Ғаниева** болған, ол батылдығы және батырлығы үшін Қызыл Жалау орденін алған. «Мәскеу қорғанысы үшін» арнаулы медалымен марапатталғандардың арасында Өзбекстан әскерлерінен 1 753 кісі болған.



Зебо Ғаниева

1942 жылы 27-наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен 26 офицер мен қатардағы әскерлерге Кеңес Одағы Батыры деген жоғары атақ берілді. Солардың қатарында бірінші өзбек қаһарманы әндіжандық **Қошқар Турдиев** те бар еді.

**Түпкі бұрылыс және одан кейінгі шайқастар.** Сталинград шайқасы Екінші дүние жүзілік соғысында түпкі бұрылысты бастап берді. Кавказ үшін болған соғыстарда Ташкентте түзілген **Сабыр Рахимов** қолбасшылығындағы дивизия 3 айға созылған соғыстар-



#### Есінде сақта!

Өзбекстандықтар Екінші дүние жүзілік соғысы фронттарында жүргізген аяусыз соғыстарда белсенді қатысып, қаһармандық және ерлік үлгілерін көрсетті. Ең соңғы тарихи зерттеу бойынша, соғыс жылдарында 1,5 млн өзбекстандықтар фашизмге қарсы отты шайқастарда қатысқан еді. 1939 жылы республика халқы 6,5 млн болған. Демек, әр төрт өзбекстандықтың белгілі біреуі әрекеттегі армия қатарында қызмет еткен. Олардан 500 000 кісі соғыс майдандарында қаза тапқан немесе дерексіз жоғалған.

да дұшпанның 8 000 әскері мен офицерін қырып тастады. Гвардияшы генерал-майор С.Рахимов 1945 жылы 26-наурыз күні Польшадағы Гданск (Дансик) қаласын штурм жасау кезінде қаза тапқан. Өзбек халқының даңқты перзентіне 1965 жылы 9-мамырда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді.

Өзбекстандық жауынгерлер 1943 жылы жазда болған Курск және Орёл аудандарындағы соғыста, Днепр өзенін кешіп өтуде алдыңғы қатарда болды. Днепр үшін жүргізілген соғыста ерлік көрсеткені үшін 26 өзбек жігітіне Кеңес Одағы Батыры атағы берілген. Олардың қатарында бұхаралық **Шариф Эргашев** пен **Халлоқ Аминов** болған. Белоруссияны азат ету үшін болған соғыстарда 1943 жылы қарашада Гомель қаласы төңірегінде дарынды өзбек ақын **Сұлтан Жора** 33 жасында ерлікпен қаза тапты.

Өзбекстандық жауынгерлер 1944-1945 жылдарда Белоруссия, Украина, Молдавия, Балтық жағалауы республикалары мен Ресей Федерация-



Сабыр Рахимов

сының батыс облыстарын азат етуде қатысты. Өзбекстандықтар еуропадағы Қарсылық көрсету қозғалысы катарында, Польша, Болгария, Венгрия, Румыния, Чехословакия, Италия, Греция, Австрия, Югославия, Франция және басқа мемлекеттерді фашизмнен азат етуде белсенді қатысты, партизан құрамдарында соғыс жүргізді. 1945 жылы 9-мамырда гитлершілер Германиясы бүтіндей тізе бүкті. Берлинді басып алған жауынгерлердің арасында Кеңес Одағының Батыры атағын алған Ташкенттік **Батыр Бабаев** пен **Салық Умаров**, марғұландық **Тәжәлі Бабаев** та бар еді. Өзбекстантық жауынгерлердің 1 706 «Берлинді басып алғаны үшін» жауынгерлік медалымен сыйланды.

**Жапония милитаристеріне қарсы күресте өзбекстандықтардың үлесі.** Жапонияға қарсы соғыс 1945 жылы тамызда кеңес әскерлерінің шабуылымен басталды. Өзбекстандық жауынгерлер Квантум армиясын талқандауға қатысты. Олардың арасында лейтенанттар Н.Латипов, А.Каримов, У.Данияров, ефрейтор У.Асанов және басқа ержүрек жігіттер болды.

Манжуриядағы жапон әскерлерін кеңес армиясы жексендеп, Жапония **1945 жылы 2-қыркүйекте** сөзсіз берілгендігі туралы құжатқа қол қойды. Солайша Екінші дүние жүзілік соғысы аяқталды.

Өзбекстан жігіттері және қыздарының жауынгерлік фронттарда көрсеткен шексіз табандылығы мен ерлігін КСРО және еуропадағы көптеп мемлекет үкіметтері жоғары мадақтады. Өзбекстандық жауынгерлерден 120 000 түрлі кеңес ордендері және медалдарымен марапатталды. Өзбекстандық 280 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды, олардан 75 і өзбек. 52 өзбекстандық жауынгерлерге үш дәрежедегі «Даңқ» ордені берілді.



**Өзіңді сынап көр!**

Шариф Эргашев – бұл ...  
Зебо Ғаниева – бұл ...

Сабыр Рахимов – бұл ...  
Халлоқ Аминов – бұл ...



Әскери тұтқындардың жағдайы

**Әскери тұтқындар және олардың тағдыры.** Екінші дүние жүзілік соғыста фашистік Германия мен милитаристік Жапонияны жеңген жеңіс өркендеуші адамзатқа өте қымбатқа түсті. Ресми мәліметтерге қарағанда, Екінші дүние жүзілік соғыста 50 млн-нан астам адам апат болған.

Бұл соғыста ең үлкен шығынға ұшыраған КСРО болды, ол 27 млн адамынан ажырады. Қираушылықтан көрген зиян мен соғыс жүргізу үшін жұмсалған қаражаттар мөлшері 4 триллион долларды құрайды.

Кейбір мәліметтерге қарағанда, соғыс жылдарында Германияға тұтқын болғандардың жалпы саны 6,2 млн адам болған. Кеңес-герман соғысында 5,7 млн-нан астам кеңес әскерлері Германия концлагерлерінде тұтқында болған. Тұтқындыққа түсуге мәжбүр болған кеңес жауынгерлері арасында түрікстандық тұтқындар да болған. Сол тұтқындардан бірі және бұрынғы легионер, кейін Германияда жасаған намангандық тарихшы ғалым **Баймырза Хайт** пікірлеріне қарағанда, 1941 жылы жаздан бастап 1942 жылы көктемге шейін 1,7 млн түрікстандық жауынгерлер немістерде тұтқында болған, сондай-ақ олардың көпшілігі әскери тұтқындар концлагерлерінде болған. 1942 жылы жазда олардан тек 400 000 адам тірі қалған. Фашист концлагерлерінде әскери тұтқындар өте ауыр жағдайда жасаған, ашаршылық пен түрлі аурулардан олардың көбі өліп кеткен.

Түрікстандық қоныс аударушылар **Мұстафа Шоқай** мен ташкенттік **Вали Қаюмхан** бастамасымен 1942 жылы наурызда **Түрікстан легионын** құрған. Легионды саяси әрі идеологиялық жағынан Ұлттық Түрікстан Бірлігі Комитеті басқарған. Вали Қаюмхан комитет президенті еді.

Соғыс дәуірінде әскери тұтқында болғандар, атап айтқанда, Түрікстан легионы қатысушыларының тағдыры өте ауыр кешкен. Соғыс аяқталған соң, олар қысымға алынған, КСРО-ға қайтқан әскери тұтқындардың көбісі арнаулы лагерьлерге орналастырылып, түрлі қинауларға салынған.

Бұл қинаулардан аман қалған аз санды адамдар ғана, кейін азаттыққа шығарылды. Олардан шафиркандық **Абдулла Расулов** сияқты санаулы отандастарымыз неміс және кеңес концлагерлерінен аман шығып, Өзбекстанға оралды.



«Қаралы ана» ескерткіші

**Жеңіс мерекесінен Еске алу және Қадірлеу күніне дейін.** Өзбекстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізген соң, **1995-жылы** 33 томды «Еске алу» кітабы (кейін оған қосымша түрде тағы да 2 том шыққан) және Өзбекстан халқының соғыс жылдарында фронт артындағы ерліктері баян етілген жалпыландырған арнаулы том өзбек және орыс тілдерінде баспадан шықты.

Ташкентте 1999 жылы мамыр айында Еске алу және Қадірлеу алаңы орнатылып, онда «Қаралы ана» ескерткіші, сондай-ақ кең көшенің солтүстік және оңтүстік жағында бой көтерген дәлізді ғимараттардың текшелерінде Екінші дүние жүзілік соғысында қаза тапқан өзбекстандық барлық жауынгерлердің аты-жөні жазылған металл текшелер орнатылды.

Жеңіс мейрамы атап өтілетін 9-мамыр күні Еске алу және Қадірлеу күні деп жарияланып, Ташкенттен, Қарақалпақстан Республикасы, барлық облыстар орталықтары және аудандарда Еске алу алаңдары құрылып, бұл алаңдарда да «Қаралы ана» ескерткіші орнатылды.



### Ой жүгірту!

«Ұлы жеңістің 72 жылдығына байланысты астанамызда, барлық қала мен қыстақтарымызда көптеген шаралар, соғыс ардагерлерімен кездесулер, еске алу дәстүрлері өткізіліп жатыр ...

Біз «Өзбек халқына тыныштық пен амандық керек» деген үндеудің мәнін терең түсінген күйде, тыныштық үшін әрқайсымыз жауапты екенімізді ұмытпай, әрдайым сергек және сақ болып жасауымыз керек».

*Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтің 2017 жылы 9-мамырда сөйлеген сөзінен.*



### Атаулар түсінігі:

**Ефрейтор** – қатардағы әскерге берілетін бастауыш әскери атақ және осы атаққа ие болған тұлға.

**Кавалерия** – атты әскер



### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Соғыстың бастапқы күндерінде фашист басқыншыларына қарсы соғыстарда өзбекстандық жауынгерлер көрсеткен ерлік туралы айтып бер.
2. Өзбекстандық жауынгерлер Мәскеу үшін шайқастарда қандай ерлік көрсеткен?
3. Соғыста түпкі бұрылыс жасауға өзбекстандық жауынгерлер қандай үлес қосты?
4. Сабыр Рахимовтың ерлігін білесің бе?
5. «Түркістан легионы» қызметіне байланысты нелерді біліп алдың?
6. «Еске алу және Қадірлеу күні» бұрын қалай аталатын еді? Бұл күн туралы нелерді білесің?
7. Төмендегі кестені толтыр.

Соғыстар	Қатысқандар	Олардың тағдыры
Сталинград		
Берлин		
Жапония		
Днепр		
Гданск		

### Дербес іс

Өзің жасап жатқан қаладағы, аудандағы соғыс қатынасшылары, олардың ерліктері туралы реферат жаз.

### **19-§. Өзбекстан ғылымы мен мәдениеті — жеңіс үшін қызметте**

**Өзбек әдебиеті және өнері фашизмге қарсы күресте.** Соғыс жылдарында Өзбекстан ақындары, жазушылары, суретшілері, музыкашылары жаратқан шығармаларда отансүйгіштік қасиеттері негізгі орын алды. Хамид Олимжан, Ғафур Ғулам, Абдулла Қаһһар, Айбек, Садриддин Айни, Мақсуд Шайхзада, Сұлтан Жора, Амин Умарий, Айдын және басқа



жазушылар мен ақындардың өлеңдері мен жырларында, публицикалық шығармаларында фашизм жауыздықтары жария етіліп, халқымыздың жауынгерлік рухына дем беріп, дұшпанды жеңуге деген сенім нығайтылды.

Соғыс жылдарында Өзбекстан өнер шеберлері 30 концерт бригадаларына бөлініп, фронттағы жауынгерлерге 35 000 және госпитальдарда 26 000 концерт көрсетті.

Фронт бригадаларының құрамында Тамараханым, Халима Насирова, Сара Эшантораева, Мукаррама Тұрғынбаева, Абрар Хидаятов, Олим Хужаев, Гавхар Рахимова, Карим Закиров, Мухиддин Қарияқубов сияқты танымалды өнер иелері болған.



Өнер өкілдері  
госпитальдарда



Т. Қары-Ниязи

Театрлардың репертуарларында әскери және тарихи шығармалар басым болып қалды. Театрлар сахнасында Хамид Олимжанның «Муқанна», Ұйғын және Иззат Сұлтанның «Алишер Науаи», Хамид Олимжан, Ұйғын және Сабир Абдулланың «Өзбекстан қылышы», Айбектің «Махмуд Тараби», Мақсуд Шайхзаданы «Жалалиддин Мангуберді» сияқты және басқа драмалық шығармалары көрсетілді.

**Өзбекстан КСР Ғылым академиясының ұйымдастырылуы және қызметі.** КСРО Ғылым академиясының Өзбекстан филиалы соғыстың бірінші күндерінен-ақ маңызды халық шаруашылығы мен қорғаныс ділгірліктерін шешуге белсене кірісті. Сол мақсатпен институттардың жұмыстары жоспарына маңызды өзгерістер енгізілді. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасы И.В.Сталиннің 1943 жылы қыркүйектегі қаулысы негізінде КСРО ҒА Өзбекстан КСР филиалы (ӨзҒЫЛЫМ) негізінде 1943 жылы 4-қарашада, Екінші дүние жүзілік соғысының қызу шағында, Ташкентте **Өзбекстан КСР Ғылым академиясы** (ӨзКСР ҒА) ұйымдасты. Танымалды өзбек ма-



тематик ғалымы Ташмухаммад Ниязович Қары-Ниязи (1897–1970) академияның президенті етіп сайланды. Ал алдын болған Тіл, әдебиет және тарих институты Өзбек тілі мен әдебиеті және Тарих пен археология институттарына бөлініп, жаңа құрылған ӨзКСР ҒА құрамына енгізілді.

Өзбекстан ғалымдары Екінші дүние жүзілік соғысы жылдарында өздерінің нәтижелі қызметімен мемлекет ғылыми қабілеттілігін дамытуға, жанкешті еңбегімен мемлекеттің экономикалық және әскери құдіретін асыру және нығайтуға үлкен үлес қосты. Бұл істе оларға соғыс жылдарында Өзбекстанға көшіріп әкелінген РКФСР және басқа Одақтас республикалардың ғалымдары да біраз көмегін тигізді. Тек Ташкенттің өзіне мемлекеттің атақты ғылыми қызметкерлерінен 375 кісі келген еді, олар республика мүмкіндіктерін қолдан келгенше соғыс қажеттіктеріне көбірек жұмылдыру жолдарын іздеп табуға, ғылыми ділгірліктерді шешуге және жергілікті ғылыми кадрлар әзірлеуге көмек берген еді.

**Өзбекстанның Ресей, Белоруссия және Украина интеллектуалдық элитасын сақтап қалудағы рөлі.** Бұл дәуірде республикамызға Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск, Воронеж және басқа қалалардан 31 жоғары оқу орны және 7 әскери академия эвакуация жасалынды. Көшіріп әкелінген жоғары оқу орындары, көптеген ғылыми-зерттеу институттарының республикада болуы Өзбекстандағы барлық жоғары оқу орындарын бүкіл оқу және ғылыми-зерттеушілік қызметін Орталық дәрежесіне көбірек жақындастыру мүмкіндігін берді.



#### **Ой жүгірту!**

7-сыныпта алған мәліметтеріңді есіңе түсір! В.Греков, С.Толстов, А.Якубовский сияқты ғалымдардың мемлекетіміз тарихындағы қызметтері нелерден құралды? Олардың әйгілі пікірлерін есіңе түсір!

Соғыс жылдары Өзбекстан, анығырағы, Ташкент қаласы мыңдап ғылым, әдебиет және өнер қайраткерлеріне көмек бесігі болды. Бұл дәуірде фашистер басып алған аумақтың ғалымдарынан тыс, 200 ден астам әйгілі жазушы мен ақындар, сыншылар мен әдебиеттанушылардан Анна Ахматова, Алексей Толстой, Владимир Ян, Александр Дейш, Никита По-

годин, Якуб Колас, Янка Купала, Лидия Ват, Виктор Жирмунский және басқалар бар еді. Олар Өзбекстанның әдеби өміріне жұмылдырылып шығармашылық жасау үшін барлық жағдай жаратып берілді. Өзбек ақын және жазушылары олармен ынтымақтастықта «Біз жеңеміз» атты альманах және «Өзбекстан ақындары фронтқа» атты антология шығарды.

Қысқасы, соғыс жылдарында Өзбекстан халқы жоғары адамгершілік үлгілерін көрсетіп, уақытша басып алынған аумақтардан республикаға көшіріп әкелінген халықты, атап айтқанда, балалар мен интеллектуалдық элитаны сақтап қалуда жанкештілік жасады.



**Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Өзбекстан Ғылым академиясының құрылуы туралы айтып бер.
2. Өзбекстанға батыстан қандай ғылыми мекемелер көшіріп әкелінді?
3. Жоғары білім саласында жағдай қандай еді?
4. Соғыс жылдарында шығармашылық жасаған жазушы және ақындардан кімдерді білесің? Сол жылдарда қандай шығармалар жазылды?
5. Үйге тапсырма. Төмендегі кестені толтыр.

Өзбек жазушылары	Көшіп келген жазушылар	Өзбек ғалымдары	Көшіп келген ғалымдар

## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

### ӨЗБЕКСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ДІЛГІРЛІКТЕРІ (1945 – 1959 ж.ж.)

#### 20-§. Өзбекстан халық шаруашылығының соғыстан кейінгі жағдайы

**Өнеркәсіпті қайта құру.** Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталса да соғыстың ауыр салдарлары республика өмірінің барлық саласында, сондай-ақ, өнеркәсіпте байқалатын. Өзбекстан өнеркәсіпті қалпына келтіру, халықты азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен қамтамсыз ету үшін жанармай, электр энергиясы және тәжірибелі жұмысшы мен инженер-техник қызметкерлерге мұқтаж еді. Бұл міндеттерді шешу үшін Өзбекстанның географиялық жағдайын, ұлттық дәстүрлерін, халық мүддесін ескеріп, халық шаруашылығын дамытудың айқын бағдарламасын жасау керек еді. Бірақ ондай болмады. Орталықтың мүдделерінен туындаған күйде Өзбекстан экономикасын қалпына келтіру және дамыту жоспарлары түзілді.

Орталықтың жоспарларында Өзбекстанға тек шикізат жеткізіп беретін бір өлке деп қаралды. Бұл Өзбекстан экономикасының негізінде бір жақты дамуына себеп болды. Мұнда шикізатты қайта өңдейтін кәсіпорындар аз еді, бұл әлеуметтік бағдарламаларды амалға асыруға кедергі жасайтын.

1945 жылдың соңында Өзбекстанның машина жасау өнеркәсібі ауыл шаруашылығы мен ирригация қажетіне машина, жабдықтар өндіруге өтті. Өзбекстан металлургия зауытында 1946 жылы жаңа прокат цехы іске қосылды. Сол жылдарда Палвонтас және Оңтүстік Аламысық мұнай кендері ашылып, игерілді. Ферғанада мұнайды қайта өңдеу зауыты пайдалануға тапсырылды.



**Есінде сақта!** Өзбекстанға тек шикізат жеткізіп беруші өлке деп қаралуы оның экономикасын бір жақтама дамуына себеп болды. Атап айт-қан-да, республика Одақтың негізгі мақта базасы болып қала берді. Халық шаруашылығы (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және с.с.) салаларының дамуы мақташылық мүдделеріне бойсұндырылды. Бес жылдық жоспарларын түзуде өнеркәсіпті басқарудың экономикалық тәсілдерінен бас тартты.

**Өзбекстанда мақта монокультурасы және оның салдарлары.** 1946 жылы 5-ақпанда КСРО үкіметі «1946–1953 жылдарда Өзбекстанда мақташылықты қалпына келтіру және артығымен дамыту жоспары мен шаралары туралы» қаулы қабылданды. Бұл қаулы негізінен Өзбекстанда мақта монокультурасын түпкілікті енгізуге бағытталған еді. Кеңес үкіметінің нұсқауымен азық-түлік егіндерінің суарылатын алқаптары **шит егу** үшін бөлінді. Солайша мақта егіні алқаптары көбейтірілді. 1946 жылы ӨзКСР үшін мақта егіні даласы 779 000 гектар етіп белгілеп берілді. Сол жылы республикада 218 000 гектар суарылатын жер тек мақта егу үшін бөлінді. Сол үшін де мақта өндіру жылдан-жылға өсіп отырды. Бірақ мақтаның сатылу нарқы асырылмады. Азық-түлік өнімдерін өсіру қысқарып, азық-түлік ділгірлігі жүзеге келді. Экология бұзылып, халық салауаттылығы нашарлады.

1948 жылы «Ташсельмаш» зауыты мақта теру машиналарының бастапқы партиясы шығарылды. Арадан бір жыл өткен соң «Ташавтомаш» зауыты іске қосылып, тракторлар, мақта теруге сәйкестендірілген машина мен трактор тіркемелерін өндіру қолға алынды. Сол зауыт базасында 1969 жылы Ташкент трактор зауыты (ТТЗ) құрылды. Бірақ бүкіл техниканың машина-трактор станциялары (МТС) қолында жиналуы кері салдарларға себеп болды.



Мақта пункті

**Қолөнершіліктің жағдайы.** 1947 жылы желтоқсанда мемлекетте азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларына карточка жүйесі жоққа шығарылды. Әр жылы кең тұтыну тауарларының нарқы арзандатылып отырды. Бірақ халықтың тұрмыс дәрежесі бұл кезде айтарлықтай дәрежеде жақсармады.

Бірақ кеңес үкіметі қолөнершілердің ақы-құқтары, ерікті қызметін шектеп қойды. Олар кооперативтік артельдерге біріктірілді. Соғыстан кейінгі жылдарда қолөнершілік кооперациясының құрамында бірнеше жүз артельдер қызмет етті. жеке тәртіпте қолөнершілікпен шұғылдануға тыйым салынды.



### Ой жүгірту!

1. Соғыстан кейінгі жылдарда Өзбекстанда ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп бір жақты дамыды. Бұл үдерістің мемлекеттің бүгінгі дамуындағы өзіне тән ұнамды және кері жақтарын ашып беруге әрекет ет.
2. “1945 жылы Өзбекстанда 850 000 тонна мақта өндірілген болса, 1950 жылы оның мөлшері 2 222 000 тоннаға жетті”. Ойлап көр, жылдық жоспарға қанша мөлшерде мақта тапсыру қосып отырылған?


### Мырзашөл және басқа аумақтарда жыртылмаған және тың жерлердің игерілуі.



### Өзінді сынап көр!

- ТТЗ – бұл ... мақта монокультурасы – бұл ...  
1946 жылы–бұл ... МТС –бұл...  
Палвантас және Оңтүстік Аламысық – бұл ... 1948 жылы–бұл ...

Өзбекстанда мақташылықты дамыту үшін жаңа жерлерді игеру, ирригация құрылысын кеңейту, суару жүйелерін жетілдіру керек еді. КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің 1956 жылы 6-тамызда «Мақта өндіруді көбейту үшін Өзбекстан КСР және Қазақстан КСР-дегі



Мырзашөлде


Мырзашөлдің ашылмаған жерлерін суару туралы» қаулысы қабылданды. Онда мақта егілетін алқаптарды Өзбекстан КСР-да 200 000, Қазақстан КСР-да 100 000 гектар кеңейту жоспарланды. Мырзашөлді кең деңгейде игеру жұмыстары басталды.

Мырзашөл жерлерін игеру жұмыстарына тікелей басшылық ету үшін арнаулы «Главголодностепстрой» ұйымы құрылды. 1955–1959 жылдар барысында Өзбекстанда 160 000 гектардан астамырақ жаңа жер игерілді. 1961 жылы Мырзашөл қалашығы **Гүлстан** қаласына айналдырылды.

Сондай-ақ, 1956 жылы Өзбекстанда мақта сату нарықтарын асыру, көтерме төлеудің жаңа тәртібі, МТС-терге төленетін натура ақы ставкаларын 40% кемейту, су үшін төленетін ақыны жоққа шығару, минерал тыңайтқыштар нарқын төмендету енгізілді.

Өзбекстанда жыртылмаған және тың жерлерді игеру және мақта егетін алқаптарды көбірек кеңейту кейінгі жылдарда да жалғастырылды.

**Атаулар түсінігі:**



Прокат цехы— айналатын екі білік (вал) арасынан сығып өткізу жолымен түрлі пішіндегі металл өнімдерін жасап шығару, прокат жасау. Монокультура— алмастырып егуге сүйенген күйде алқапқа тек бір түрлі егінді үздіксіз өндіру.



**Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Соғыстан кейін Өзбекстан экономикасын дамыту жоспары ненің негізінде түзілген еді?
2. «Өзбекстан экономикасының бір жақты дамуы» дегенде нені түсіндің?
3. Мақта монокультурасы деген не?
4. Мырзашөлді игеру не мақсатпен амалға асырылған еді?
5. Өнеркәсіп кәсіпорындары қандай мақсаттарда қайта жабдықталды?
6. Қолөнершіліктің дамуына нелер кедергі болды? Сеніңше, жеке тәртіптегі қолөнершіліктің қысымға алынуына не себеп болуы мүмкін?

**21-§. Зиялылардың репрессияға ұшырауы және кеңес қоғамында жеке адамға табынудың жария етілуі**

Өзбекстан зиялыларының репрессияға ұшыраудың жаңа сатысы. Соғыс аяқталғаннан кейін арадан көп өтпей Өзбекстан КСР бойлап тағы бір репрессияға ұшырату толқыны желіп өтті. XX ғасырдың 40-жылдарының соңы және 50-жылдарының бас кезіндегі репрессияға ұшырағандар негізінен **мәдениет және ғылым қайраткерлеріне** қарсы бағытталды. Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитеті Орталықтың нұсқауларына арқа сүйеп, көзқарастары және шығармашылығы коммунистік партия идеологиясынан өзгешеленетін шығармашылық өкілдеріне қарсы шабуыл бастады. Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы 1950 жылы 1-қыркүйекте «Өзбекстан КСР Ғылым академиясының ісі туралы» мәселені көріп, академия ғалымдарынан шығыстанушы және тарихшы Абдусамад Бабахожаяев, әдебиеттанушы және философ Вахид Захидов, экономист Олим Аминов, тілтанушы Олим Усманов және басқалар нақақ қараланды.



Ақыры, 1952 жылы ақпанда Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелерге арналған X пленумы (жалпы мәжіліс)



**Ой жүгірту!** 9-сынып әдебиет сабағында оқыған “Алпамыс” дастанының оқиғаларын еске ал. Ой жүгіртіп көр, неге бұл дәуірде “Алпамыс” дастанын оқуға тыйым салынған.

болды. Онда Өзбекстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Амин Ниязов «Республикада идеологиялық істің жағдайы және оны жақсарту шаралары туралы» баяндама жасады. Баяндамада Өзбекстан зиялыларынан бір тобы (жазушылар, ғалымдар, ақындар және басқ.) бұрыс түрде ұлтшылдықта айыпталды. Өзбек халқының репрессияға ұшыраған бұл өкілдерінің шығармалары және «Алпамыс» дастанын оқуға тыйым салынды. Баяндамада ӨзКСР ҒА құрамындағы Тарих және археология, Шығыстану, Өзбек тілі және әдебиеті институттарының ғалымдары қатаң түрде, бірақ нақақ сынға алынды. Осы пленум және онда қабылданған қаулылар Өзбекстанның рухани өміріне күшті соққы болып тиді.

Шығармашы зиялылардан Саид Ахмад, Шукурулла, Мирзакалон Исмаили, Шухрат, Мақсуд Шайхзода, Миркарим Осим, Немат Ташполат, Ёнғин Мирза, Хамид Сулайманов, Мухиддин Қариеқубов және басқалар (12 кісі) «кеңестерге қарсы ұлтшылдық қызмет» жүргізгендікте айыпталып, 1951 жылы қамауға алынды және 25 жылға азаттықтан мақрұм етілді. Оларды «халықтар атасы» және «халықтар көсемі» И.В.Сталин қаза тапқаннан кейін бірнеше жыл өтіп, 1955 жылы кеңес режимі ақтап, қамаудан азат етілді және Өзбекстанға қайта оралды. Сол кезде өзбек халқының мақтанышы болып есептелген Айбек репрессияға ұшырады.

**Сталиннің өлімі және жеке адамға табыну салдарларын жою жолындағы әрекеттер.** 1953 жылы 5-наурызда КОКП ОК Бас хатшысы және КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы **Иосиф Сталин** қаза тапты. **Георгий Маленьков** КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы лауазымына тағайындалды.

1956 жылы 25-ақпанда болған КОКП XX съезінің жабық мәжілісінде КОКП ОК Бірінші хатшысы **Никита Хрущев** жеке адамға табыну және



**Есінде сақта!** Сталин коммунистік партия мен Кеңес үкіметіне басшылық еткен 30 жылдан астам уақыт барысында (1922–1953) мемлекетте оның жеке басына табыну үдеді. Жеке адамға табыну жағдайында әкімшілік жоғары дәрежедегі құндылыққа айналады, оны басқарып жатқан бір немесе бірнеше тұлғалар мәңгі-бақилық еткізеді.

оның салдарлары туралы баяндама жасады. Баяндамада Сталиннің жеке басына табыну қараланды және оның салдарларын жоюға кірісті.

Бұл дәуірде репрессияға ұшырағандарды ақтау үдерісі де басталды. Өзбекстан бойынша атылған және қамауға алынғандардан **40 000** ға жуығы ақталды. Репрессияға ұшырап, қамалған және жер аударылған отандастарымыздың бір бөлігі Өзбекстанға қайтты. Бірақ оларды ақтау да коммунистік идеология үлгісі бойынша амалға асырылды. Қатаң кеңес режимі өзіне мақұл болған тұлғаларды ғана граждандар (бұқара) ретінде ақтады. Сонымен бірге 1953 жылдан кейін де басқаша пікірлеушілер қадағалауға алынды, олардың «ең өткірлері» тұрақты түрде репрессияға ұшырады.

**Өзбекстан саяси басқаруындағы өзгерістер және басшылардың алмасуы.** 1950 жылы сәуірде Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Усман Юсупов өз міндетінен азат етіліп, Мәскеуге КСРО Мақташылық Министрі лауазымына тағайындалды. Бірақ И.В.Сталин өлімінен соң бұл Министрлік жоққа шығарылып, Усман Юсупов 1953–1954 жылдарда Өзбекстан КСР Министрлер Кеңесі төрағасы болды. Өкінішке орай, КОКП ОК Бірінші хатшысы Никита Хрущев 1954 жылы оны негізсіз түрде республика үкіметі төрағалығынан алып тастап, Мырзашөлдегі «4-Баяуыт» совхозына директор етіп жіберді.

Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы лауазымында 1950–1955 жылдарда **Амин Ниязов**, 1955–1957 жылдарда



### **Ой жүгірту!**

Ойлап көр және қорытынды жаса.

«Ішкі істер халық комиссарлары (НКВД) қызметінде өте үлкен кемшілік және заңбұзушылық жасап жатыр. Жаппай қамауға алуларға күш салынған, көп жағдайларда олар жеткілікті дәлелденбеген. Ішкі істер халық комиссарлығында, оның аудандардағы бөлімдерінде, тіпті, ең көп қамауға алу

үшін жарыс жарияланды. Ал бұл жеткілікті дәрежеде дәлелденбей қамауға алу үшін кең жол ашты»

*Өзбекстан КП(б) ОК бірінші хатшысы  
Усман Юсуповтың Мәскеуге Сталинге жазған хаты.*



Собир Камолов

**Нуриддин Мухиддинов**, 1957 жыл желтоқсаннан 1959 жыл наурыз айына дейін **Собир Камолов** (1910–1990) қызмет атқарды.

Амин Ниязов дәуірінде Өзбекстан зиялыларына қатысты репрессияға ұшырату саясаты жүргізілді. Ол Марғұланда туылған, өзінің отандасы Юлдаш Ахунбабаев қазасынан кейін арадан көп өтпей 1947–1950 жылдарда Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесі Президиумы төрағасы лауазымында істеген еді.



Амин Ниязов

Нуриддин Мухиддинов 1951–1953 және 1954–1955 жылдарда Өзбекстан КСР Министрлер Кеңесі төрағасы, сондай-ақ, 1957–1961 жылдарда КОКП ОК Президиумы мүшесі және КОКП ОК идеология хатшысы сияқты жауапты лауазымдарда істеген еді.



Нуриддин  
Мухитдинов

Ол өзбек зиялылары ақталуында бастаушылық көрсетті. Мақта сатып алу нарқын асыруды Орталық алдына қойып, мұны орындауға қол жеткізді. Собир Камолов ташкенттік болған, ол небары 15 ай бойы республика партия ұйымын басқарған. Бұл дәуірде Өзбекстанда кадрларды жергіліктендіру үдерісі жаппай түрде амалға асырылды, ислам дініне еркіндіктер берілді. Бұл жағдай Орталық басшылыққа (Н.Хрущев, М.Суслов және басқ.) жақпай, ол өз лауазымынан алып тасталады.



### Сұрақ және тапсырмалар:

1. Зиялылардың қандай тобы қысымға алынып, репрессияға тартылды?
2. Жеке адамға табыну дегенде нені түсіндің?
3. Не себептен ұлттың зиялы және алдыңғы қатардағы тұлғалары репрессияға ұшырады?
4. Өзбекстан КСР-ның басшылық лауазымдарында қызмет еткен тұлғалар неге сынға ұшырады?
5. Репрессияға ұшыраған тұлғалар бойынша төмендегі кестені толтыр.

Репрессияға ұшыраған жылы	Ақындар	Жазушылар	Ғалымдар

6. Өзбекстан КСР басшыларының қызметі бойынша төмендегі кестені толтыр.

Өзбекстан КСР басшылары	А.Ниязов	Н.Мухитдинов	С.Камолов	У.Юсупов

## 22-§. Өзбекстанда өнеркәсіптің бір жақты дамуы

**Өнеркәсіп саласындағы жағдай.** Сол дәуірде КСРО аумағының құрамдық бөлігі болған Өзбекстан КСР Орталықта жасалған экономикалық саясатты сөзсіз амалға асыруға мәжбүр еді. Соғыстан кейінгі бес жылдықтарда (1946–1950 жылдардағы **төртінші** және 1951–1955 жылдардағы **бесінші** бес жылдық дәуірінде) мемлекет өнеркәсіпті өсіру үшін үлкен мөлшерде капитал қаражаттар бөлді. Бірақ олардың көпшілігі ауыр өнеркәсіпке жұмсалды.



### Есіңде сақта!

Өзбекстанда ауыр өнеркәсіп негізінен мақташылықты дамытуға, яғни Орталық мүдделері үшін қызмет еткен. сонымен бірге, өнеркәсіп құрылысында алдыңғы нұсқаулар сақталып қала берген. Бұл жағдай дамыған мемлекеттерде өндіріске кең қолданылатын жаңа технологиялар, ғылым және техника жетістіктерінен пайдалануды көздемейтін еді.

Өзбекстанда көптеген ірі химия кәсіпорындарының құрылысы пайдадан гөрі көбірек кері салдарларға душар етті. Көптеген кәсіпорындар, (Шыршық электрхимия комбинаты, Науаи химия комбинаты және басқ.)

Жаңажол биохимия зауыты халық тығыз жасайтын жерлерде болып, олар айнала-ортаны ластандырды және экологиялық жағдайды күрделендірді. Атмосфераға зиянды заттарды шығару салдарынан табиғатқа, өсімдік пен жануарлар дүниесіне залал жеткізді. Ал ең үлкен залалды сол жерде жасайтын адамдар көрді.

Жеңіл өнеркәсіпте де түрлі сәйкестенбеген жағдайлар мен қайшылықтар бар еді. Жеңіл өнеркәсіпте өндіріс жоспарлары орындалмайтын, халықтың тұтыну тауарларымен қамтамасыз ету дәрежесі Одаққа қарағанда бірнеше есе кем болған.



**Ой жүгірту!** Ауыр және жеңіл өнеркәсіп салаларына нелер кіретінін есіңе түсір. Жеңіл өнеркәсіпке мән беру төмендігінің себептерін түсіндір.

**Көлік және ондағы ділгірліктер.** Өзбекстан өнеркәсібінің өсуімен қатар көлік те өркендеді. Көлік тармағы арқылы барлық өнеркәсіп орталықтары бірегей кешенге біріктірілді.

1947 жылы 600 км ден тұратын **Чарджау-Қоңырат** темір жолы құрылды. Сол жылы Ташкентте тұңғыш рет **троллейбус** қатынай бастады. Кейінірек, **Қоңырат–Бейноу** темір жолы құрылысы кең шеңберде жүргізілді. Бұл темір жол магистралы Қарақалпақстанды Қазақстанмен тікелей байланыстырып, Орта Азиядан Орталыққа алып баратын екінші пойыз жолын жүзеге келтірді.



**Ой жүгірту!** Біріншісі қайсы екенін екендігін еске түсір. Ол қашан, қандай мақсатпен құрылған?

Бұл дәуірде автомобиль көлігі де дамыды. Ескі жолдар жөнделді, жаңа асфальт пен бетон жатқызылған жолдар құрылды. Автомобиль база және парктер заманалық жаңа машиналармен көбейді. 1959–1968 жылдары Ташкент үлкен айналма автомобиль жолы жобаландырылды және құрылды.

Өзбекстан әуе жолдарында ХХ ғасыр 50-жылдары ортасынан бастап жоғары жылдамдықтар мен ұшулар дәуірін ашып берген ТУ-104 маркалы жолаушы таситын ұшақтар пайда болды. Әуе көлігі қызметкерлері кейінгі жылдарда жаңа ұшақтардың көбін игерді. Кейбір қалаларда заманалық әуе-жайлар құрылды. Бұл Өзбекстан қалаларын байланыстырды, сондай-ақ,

мемлекет астанасы Мәскеу, басқа республикалар және мемлекеттер астаналарының ортасында ұдайы ұшулар ретке келтірілді.

Бірақ көлік саласында да талай ділгірліктер болған. Темір жолдар мен автомобиль жолдары құрылысы басқа республикалар, оның ішінде, Түрікменстан, Тәжікстан, Қазақстан аумақтарынан жүргізіліп, экономикалық жағынан олар Орталыққа бағынышты етіп қойылды. Мұндай саясаттың апатты екенін КСРО ыдырап, аймақта тәуелсіз мемлекеттер ұйымдастырылған соң айқын байқалып отыр.

Бұдан тыс, темір жолдар тармағын электрлендіру, жүк пен жолау-шылар тасуды басқарудың автоматтандырылған жүйесін жасау жұмыстары баяу жүргізілді. Сондай-ақ, көліктің барлық түрлерінде жолаушыларға қызмет көрсету барысында қатаң кемшіліктер болған.



#### **Өзіңді сынап көр!**

Чаржау– Қоңырат – бұл ...      Ташкент үлкен айналма жолы – бұл ...  
Қоңырат – Вейноу – бұл ...      Химия кәсіпорындары – бұл ...

**Кадрларды әзірлеу мәселелері және орыстандыру саясаты.** Орталықтың ұлттық саясатында кадрлар мәселесі маңызды орын алды. Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшылары, Өзбекстан КСР Министрлер Кеңес төрағасы, сондай-ақ, Өзбекстан КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы төрағасының бірінші орынбасарлары, Мемлекеттік қауіпсіздік Комитеті мен маңызды Министрліктер басшылары, облыстық және қалалық партия ұйымдарының екінші хатшылары Мәскеуден жіберілген өкілдерден (негізінен славянь және армяндардан) құралып, олар үлкен құқық пен жеңілдіктерге ие болып, республикадағы кадрлар тағдырын өз қалауларымен шешкен. Бұдан тыс, Орталыққа бойсұнатын лауазымдар да бар еді. Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, республика үкіметі және мемлекеттік мекемелерінің басшылары, облыстар партия Комитеттерінің бірінші хатшылары және облыстық атқару комитеттерінің төрағалары негізінен жергілікті ұлт өкілдерінен тағайындалса да бұл үміткерлерді Кремль ұсынатын еді. Сырттан қарағанда, Өзбекстанды өзбектер басқарып жатқандай көрінетін, ал негізінде, үкіметті басқару



тізгіні Мәскеудің қолында еді. Бұл жағдай Кеңес үкіметінің бастапқы жылдарында енгізілген болып, ол Кеңес құрылысы дағдарысқа ұшыраған дәуірге дейін сақталды.

Мұндай саясат жергілікті халықтың мүдделеріне зиян келтіретін еді. Жетекші өнеркәсіп салалары үшін мамандар Орталықтан шақырылған. 1959 жылда республика халқы құрамында өзбектердің салмағы 62 пайыздан астам болса да ондағы өзбек жұмысшылардың мөлшері небары 43 пайызды құраған. Одақта бойсұнатын кәсіпорындар негізінен Ресей және басқа республикалардан шақырылған мамандар және жұмысшылармен қамтамасыз етілетін. Мұндай кәсіпорындарда жұмыс ақысы жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындарындағыға қарағанда 2-3 есе және одан да көбірек болған. Кадрлар саясатындағы мұндай жағдайлар және орыстандыру саясаты жергілікті халықтың материалдық және рухани мүмкіндіктеріне зиян келтіріп, республикада әлеуметтік жағдай шиеленісуі, сондай-ақ ұлтаралық қатынастардың күрделенуіне негіз жасады.



**Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Соғыстан кейінгі жылдарда өнеркәсіп дамуында қандай қайшылықтар бар еді?
2. Орталықтың Өзбекстанда ауыр өнеркәсіпті дамытудағы мүдделілігі неде еді?
3. Республика өнеркәсібінің Орталыққа бағыныштылығы нелерден көрінеді?
4. Өзбекстанда басшылардың лауазымға тағайындалу тәртіптері қандай еді?
5. Жаңа темір және автомобиль жолдарының құрылысы туралы нелерді білесің? Оларды қандай мақсаттарда құрған еді ?
6. Үйге тапсырма. Әрбір салада амалға асырылған шаралардың дәуірі және бүгінгі күн үшін кері және ұнамды жақтарын ажыратуға әрекет ет.

Сала	Ұнамды	Кері
Ауыр өнеркәсіпке мән беру		
Химия зауыттары		
Кадрларды жетілдіру		

## БЕСІНШІ БӨЛІМ.

### ӨЗБЕКСТАН ТҮРАҚТЫ ДАМУ ДӘУІРІНДЕ (1959 - 1983 ж.ж.)

#### 23-§. Өзбекстанның саяси өміріндегі өзгерістер және кеңестердің партия мекемелеріне бағыныштылығы

Өзбекстанда саяси басшылықтың өзгерісі. Сол дәуірде кеңес қоғамының саяси жүйесіне партия, түрлі дәрежедегі кеңес мекемелері, кәсіподақтары, комсомол (жастар ұйымдары) кіретін. Жүйенің негізгі тірегі партия болып есептелген. Ол өзін басшылық етуші және бағыттаушы күш есептеп, кеңестер және қоғам ұйымдарына өз қалауын амалда зорлықпен өткізіп келетін.

1959 жылы 15-наурызда Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы лауазымына **Шараф Рашидов** (1917–1983) сайланды. Ол бұл лауазымда өмірінің соңына дейін жемісті қызмет атқарды.

Шараф Рашидов атақты мемлекет, саясат және қоғам қайраткері және әйгілі жазушы болған. 1917 жылы 7-қарашада Жызақта туылған. Ол 1950–1959 жылдары Өзбекстан КСР Жоғары Кеңес Президиумының төрағасы ретінде өзінен жақсы әсер қалдырды. Ол қабілетті ұйымдастырушы және шебер басшы еді, Ш. Рашидов басшылығында Өзбекстан экономикасын және мәдениетін дамытуда белгілі табыстарды қолға енгізген. Мақташылықты дамыту, жаңа жерлерді игеру, 1966 жылдағы жер сілікіністен соң Ташкентті қайта қалпына келтіру ісіне ол көп күш пен



Шараф Рашидов



Ташкент метрополитенінің құрылысы

қайратын жұмсады. Ташкент метрополитені құрылысы оның бастауымен басталған. Метрополитеннің бірінші кезегі (9 бекет) 1977 жылы қарашада іске түсірілді.



**Ой жүгірту!** Өзбекстан Республика Президенті 2017 жылы 27-наурызда «Шараф Рашидов туғанына 100 жылдығын атап өту туралы» қаулы жасағанының көкейтестілігі және маңызы неде деп ойлайсың?

1959–1970 жылдары Ёдгар Насриддинова, 1970–1978 жылдары Назар Матчанов, 1978–1983 жылдары Инамжан Усманхожаев, Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесі Президиумы төрағасы лауазымдарында қызмет атқарды.

1959–1961 жылдары Ориф Алимов, 1961–1971 жылдары Рахманқұл Құрбанов, 1971–1984 жылдары Нармухаммади Худайбердиев Өзбекстан КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы лауазымдарында еңбек еткен.



Инамжан Усманхожаев



**Есінде сақта!** Ёдгар Насриддинова Қоқанда туылған, комсомол және партия мекемелерінде басшылық лауазымдарында істеген. Ол тек Өзбекстанда немесе КСРО-да ғана емес, сонымен қатар бүкіл Шығыста парламент төрағасы болған бірінші әйел болып саналады. Ё.Насриддинова 1970–1974 жылдары КСРО Жоғары Кеңес Ұлттар Кеңесінің төрағасы лауазымында да қызмет атқарған.



**Халықтың материалдық жағдайындағы ұнамды жылжулар.** XX ғасырдың 60–80 жылдары алдыңғы дәуірлерге қарағанда халықтың тұрмыс дәрежесі біршама жақсарды, оның материалдық жағдайында ұнамды өзгерістер болды. Қала және ауыл тұрғыны, атап айтқанда, ауылдарда жасайтын өзбек отбасылары жаңа үй-жайлар құрды. Отбасыларда



**Өзінді сынап көр!**

Шараф Рашидов – бұл ... Назар Матчанов – бұл ...

Ё.Насриддинова – бұл ... Инамжан Усманхожаев – бұл...



**Ой жүгірту!** Оқы және қорытынды жаса!

КСРО Конституциясының 6-бабында КОКП-ның Кеңес мемлекетіндегі жетекшілік рөлі заңды пысықтап қойылған еді. Сол бапта коммунистік партия қоғамының басшылық етуші және бағыттаушы күші деп жазылған еді. Конституцияның бұл бабы қоғамда партияның жетекшілік рөлін қамсыздандырып берді, оның кеңес және қоғам ұйымдары үстінен үстемдік жасауына негіз болып қызмет етті.

теледидар, тоназытқыш, кір жуғыш машиналары, сондай-ақ жеңіл автомобильдер пайда болды. Жасауға қызығып, өмірден шаттану және ләззат алу пайда болды. Өзбек халқының той-жиындары көтеріңкі өте бастады. Бірақ бұл дәуірде де руханиятқа күшті зиян келтірілген. Әсіресе, Өзбекстан экономикасы Орталық мүдделеріне толық бойсұндырылған.

Бұл дәуірде Өзбекстанда түрлі өнеркәсіп кәсіпорындары құрылған, жаңа қала мен поселкалардың негізі қаланған. Мырзашөл, Сұрханшерабад және Қаршы шөлінің игерілуімен егін алқаптары кеңейген.

**КОКП-тің басшылық рөлі және әкімшіліктің жерлердегі саяси мекемелері.** Кеңес қоғамында мемлекет басқару мекемелері түрлі дәрежедегі Кеңестер болған. Жоғары Кеңестен бастап ауылдық кеңестеріне дейінгі мекемелер еңбексүйгіштер мүддесін қорғауы керек еді. Ал асылында, мұндай болмаған.

1977 жылы 7-қазанда қабылданған КСРО-ның жаңа Конституциясы ұлттық республикалар аумағын ресми шектеді және Орталыққа кең өкілеттіктер алып берді. Бұл Конституция КОКП ОК Бас хатшысы және КСРО Жоғары Кеңес Президиумы төрағасы **Леонид Ильич Брежнев** (1906–1982) басшылығында даярланды және мемлекетте дамыған социалистік қоғам құру теориясын алға қойды.

**Кеңестер және қоғам ұйымдары құқықтары шектелгендігі.** Өзбекстанда да дәл бүкіл Одақта болғаны сияқты еңбекшілер депутаттары аудан, қала, облыс кеңестері, республика Жоғары Кеңес екінші дәрежелі мәселелерді де партия Комитеттерінің рұқсатынсыз шеше алмаған еді. Шаруашылық басшылары өз ділгірліктерімен Кеңестердің атқару Комитеттеріне бармай, партия мекемелерімен қатынас жасайтын

еді. Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге тиісті шағым мен ұсыныстарын да партия комитеттері шешетін.

Партия мекемелері комсомол және басқа қоғам ұйымдарына да заңға қайшы түрде қысым өткізіп келген. Сонымен қатар комсомол және басқа ұйымдар партия кеңселерінің нұсқауларын орындауға мәжбүр болған. Бұйрықтарды орындамаған басшылар өз лауазымынан азат етілген.

Кеңес үкіметі дәуірінде партия номенклатурасы (партия мекемелерімен келісіп тағайындалатын лауазымдар) деп аталған тәртіп-ереже бар болған. Бұл ереже бойынша, жауапты лауазымдарға тек партия мүшелері, яғни коммунистер тағайындалған. Сонымен бірге түрлі дәрежедегі Кеңестер, комсомол мен қоғам ұйымдарының басшылары коммунистік партия басшылығы (Орталық Комитет, облыс, қала және аудандық партия Комитеттері) құрамына енгізілген. Солайша партия мекемелері бұл ұйымдармен қосылып, оларды өзіне бойсұндырып алған.



#### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Кеңес қоғамының саяси жүйесіне қай ұйымдар кірген? Олардың қызметіндегі қандай мәселелерде кедергілер болған?
2. 1977 жылғы Конституцияның Өзбекстан әлеуметтік-саяси өміріне ықпалы қандай болды?
3. Әкімшілдік-әміршілдік жүйесінің үстемдігінің үдеуі нелерде көрінеді?
4. Қоғам ұйымдары құқықтарының шектелуі қандай салдарларға душар етті?
5. Ш.Рашидовтың тоталитарлық жүйеде үстем болған шеңбердегі саяси және әлеуметтік қызметі туралы нелерді біліп алдың?
6. Кестені толтыр.

Ұйымның аты	Істеген тұлғалар	Істеген дәуірі	Қызметі
Өзбекстан КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы			
Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесі Президиумы төрағасы			

## Дербес жұмыс

«Шараф Рашидов — өзбек халқының жалынды перзенті» тақырыбында эссе жаз.

### 24-§. Өзбекстанда отын және тау-кен өнеркәсібінің жүзеге келтірілуі және халықтың ұлттық құрамындағы өзгерістер

**Өзбекстан қазба байлықтарының Орталық мүдделеріне қызмет еттірілуі.** Өзбекстан минералдық шикізат түрлеріне өте бай аумақ болып есептелген. Республикада көптеген пайдалы қазбалар: алтын, уран, мыс, қорғасын, мырыш, вольфрам, табиғи газ, мұнай, таскөмір және басқа кендер табылып, жұмысқа қосылды. Өкінішке орай, бұл кендер де қазып алынған пайдалы қазбалар, атап айтқанда, алтын мен уран, табиғи газ Орталық мүдделеріне қызмет етті. Бұл байлықтардан олардың нағыз иесі болған өзбек халқы дерлік пайдаланбады.



**Ой жүгірту!** Ойлап көріп, қорытынды жаса.

Өзбекстанның жер асты байлықтарынан қымбатбағалы қорларды сорып алған Одақ кәсіпорындары алынған пайданың небары 1 пайызын жергілікті бюджетке өткізген.

Бұл талаушылық механизмі экономиканы түп-тамырымен құртып, өзбек халқы мүдделеріне мүлдем қайшы болған. Алтын, уран, құнды түсті металдар, табиғи газ және басқа стратегиялық шикізат төтенше құпиялық ретінде Өзбекстаннан сыртқа амалда тегінге алып шығып кетілетін.

**Табиғи газ кендерінің ашылуы.** Өзбекстанның табиғи газ бары аудандарында белсенді геологиялық-іздеу жұмыстарын жүргізуге ХХ ғасыр 50-жылдарының басында-ақ кіріс-кен. Сол дәуірде Жарқорған, Қарауылбазар, Сарытас табиғи газ кендері ашылған. Бұхара-Хиуа геологиялық аймақтарында **Газли** және **Жарқак**, **Солтүстік** және **Оңтүстік Мубарак**, **Ұшқыр**, **Ортабұлақ** және **Култак** сияқты ірі



Бұхарадағы Газли қалашығы



табиғи газ кендерінің және Гисар тауларының оңтүстік-батыс аудандарында **Адамтас** конденсат кені, Үстіртте перспективалық газ қыртыстарының табылуы жағдайды шұғыл өзгертіп, Өзбекстанды әлемдегі ең ірі газ қорлары бар аймақтардан біріне айналдырды.

1956 жылы Бұхара облысында дүниеде ең ірі әрі үлкен **Газли** мұнай-газ кенінің табылуы Өзбекстанда табиғи газ қазып шығарудың жедел қарқын-да дамуына негіз болды. Дүниедегі ең ірі газ кендерінен бірі болған бұл кеннің жалпы қоры 500 млрд м<sup>3</sup> газ болған. Бұл жерде “көгілдір от” жасампаздары — газшылар жасайтын **Газли қаласына** шұғыл түрде негіз қаланды. Табиғи газ қазып алу қарқындары шексіз дәрежеде арттырылды. 1960 жылы 0,4 млрд м<sup>3</sup> табиғи газ өндірілген болса, ал 1975 жылда бұл көрсеткіш 33,7 млрд м<sup>3</sup>қа жетті. Одақ үкіметінің Өзбекстанда газ өндіруді арттырудан мақсаты оны РКФСР-дің өнеркәсіп орталықтарына көбірек тасып әкету еді.

Бүкілодақ газ қазып шығаруда Өзбекстанның үлесі 1960 жылдағы 1 пайыздан 1975 жылда 20 пайызға көтерілді. Бұл кейін де көбейіп отырды.

Бірақ ӨзКСР-де үй-жай қорын газдандыру өте төмен еді, Бұл жағдай, республиканың көпшілік тұрғындары жасайтын ауылдарда айқын көзге түсетін. Тіптен Кеңес Одағының еуропа бөлігіне және социалистік мемлекеттерге газ жеткізіп берген Бұхара облысының өзінде жағдай аянышты еді. Өзбекстан газы негізінен республикадан сыртқа жөнетілетін.

**Қызылқұмда алтын және уран кендерін игеру.** XX ғасыр 50–60-жылдарда Өзбекстанда алтын өндіру өнеркәсібі біршама дамыды. Алтын және уран айырып алатын кешендер, фабрикалар, алтын руда комбинаттары, сондай-ақ, мыс рудасын қайта өңдейтін комбинаттар іске қосылды.

Кең-байтақ Қызылқұм сахарасы Орталық аудандарының өнеркәсібі жағынан игерілуі алтын және уран қазып алу өнеркәсібін орнатуды қажет етті. 1958 жылы 3-қыркүйекте Науаи кен-металлургия комбинатына іргетас қойылып, **Науаи қаласына** негіз салынды. Комбинат Өзбекстанның 5 облысында орналасқан 5 кен басқармасы және солардың негізінде құрылған Науаи, Кеңсабад (қазіргі Нұрабад), Зарафшан, Үшқұдық қалалары, Мұрынтау, Красногорск, Зафарабад, Шалқар қалашықтарына негіз салған. Дүниеде ең

ірі **Мұрынтау** алтын кені 1961 жылы іске қосылып, алғашқы таза құйма алтын (999,9 пробалы) 1963 жылы әзірленген.



#### **Есінде сақта!**

1958 жылы қыркүйекте Науаи қаласына негіз салынды. 1982 жылы сәуірде арнаулы Науаи облысы құрылды.

ӨзКСР алтын және уран қазып алуда дүниенің жетекші орындарынан біріне ие болды. XX ғасыр 70–80-жылдарда республикада әр жылы шамамен 50 тонна айналасында таза алтын құймасы әзірленген. ӨзКСР алтын жеткізіп беру бойынша мемлекет алтынының жартысынан көбін берген. Ең соңғы зерттеулердің көрсетілуінше, бұл дәуірде әр жылы Өзбекстанда жер асты кендерінен шамамен **5,5 млрд** доллар бағасында қазба байлықтар алынған. Бұл кезде алтын қорлары бойынша еліміз дүниеде жетінші орынды алған.

**Жаңа өнеркәсіп қалаларына негіз салынуы және демографиялық үдерістердегі өзгерістер.** Өзбекстанда заманалық кен-металлургия өнер-кәсібіне негіз салынуы оның өндірістік көрінісін өзгертіп жіберді. Көптеген жаңа қалалар мен поселкалар (қалашықтар) құрылды. Әсіресе, одақта тәуелді және “жабық қалалар” деп аталған **Науаи, Зарафшан** және **Үшқұдық** сияқты қалаларға басқа аймақтардан келген жұмысшылар күші жедел алынатын. Жабық қалалар жергілікті әкімшілікке бойсұнбаған. Бұл жерлерде құпия кәсіпорындар орналасқан, олар тек Орталыққа есеп беретін. Өндірісте әдетте сырттан келген жұмыс істейді, жергілікті тұрғындар жабық қалалардан түрлі сылтаулармен шығарып жіберілген.

Әлеуметтік әділетті қағидалардың бұзылуын жабық қалалар мысалында айқын көру мүмкін. Бұл жерге Орталықтан көшіріп әкелінген мамандар кезексіз үй-жай және түрлі жеңілдіктермен қамтамасыз етілген. Ал ауылдардан келген өзбек жігіт-қыздар үй-жайға ие болу үшін ең қара жұмыстарды орындауға мәжбүр болып, көп жылдар бойы үй-жай алу үшін кезекте тұрған. Сондай-ақ, жергілікті жастар әрқашан кемсітілген.

Өзбекстанда ғасырлар барысында қалыптасқан және аймақтың түбірлі халық өкілдерінен құралған тұрғындардың көп ұлтты құрамы кеңес

үкіметі басшылығы жылдарында, негізінен, XX ғасыр 60–80-жылдарда еуропалық түрлі халықтар және басқалар есебіне кеңейіп отырды. Сол кезде Өзбекстанда **127** ұлт пен ұлыстар жасаған. Бұл жерде жергілікті тұрғындардан басқа түрлі аймақтардан көшіп келген орыстар, татарлар, украиндар, кәрістер және басқа халықтар жасады. Ірі өнеркәсіп кәсіпорындарында істейтін өзбектердің саны бұл кезде өте кемейіп кетті.



### Ой жүгірту!

Бүгінгі күнде мемлекетімізде қанша ұлт және ұлыс өмір сүреді. XX ғасырдың 80-жылдарында 127 цифры өзгерістерінің факторларын санауға әрекет ет.



### Сұрақ және тапсырмалар:

1. Өзбекстан табиғи байлықтарынан жергілікті тұрғындар пайдалана алмайтындығының қандай себептері бар еді?
2. Газ кендерінің ашылуы қашан жеделдеді? Бұған түрткі болған факторларды ата.
3. Жаңа құрылған қалаларды сана. Олар қандай мақсатпен құрылды?
4. «Жабық қалалар», «көгілдір от» деген сөздерге шолу жаса.
5. Жаңа өнеркәсіп қалалары пайда болуымен, әлеуметтік әділет қағидалары бұзылды. Бұны қалай түсіндіресің?
6. Үйге тапсырма. Тақырыпта көрсетілген барлық күн мен ай мерзімдерін бөліп алып, кесте негізінде мәліметтерді жина.

Жылы	Болған оқиға	Оқушының оқиғаға қатынасы

## 25-§. Өзбекстанда экологиялық жағдайдың ауырласуы және Арал қасіреті

**Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы.** Табиғат және айнала-ортаны қорғау ділгірлігі, негізінен, адам қызметі нәтижесінде, яғни адамның табиғи үдерістерге араласуы кеңейіп және терендей түсуінің себебінен пайда болады. XX ғасыр 60–80-жылдарда бұл ділгірлік адам баласы үшін үлкен қауіп туғызды. Адамның шаруашылық қызметі жылдан-жылға күшейе түсті, тың жерлер игерілді, электр станциялары мен зауыт-фабри-

калар құрылды, жаңа қалалар саны көбейді. Ал жаңа жерлердің игерілуі, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық кәсіпорындары, көлік қызметінің бақылаудан шетте қалуы табиғаттағы тепе-теңдікті бұзып, ұнамсыз экологиялық жағдайды жүзеге келтірді.

Ғалымдар бүкіл дүниеде экологиялық тепе-теңдік бұзылған, мұның қауіп-қатері ядролық соғыс қаупінен қалыспайды, деп тұрған шақта кеңес үкіметі және коммунистік партия біздің мемлекетімізде экология ділгірлігі жоқ, деп бұл қауіптің алдын алу үшін ешқандай шара көрмеді. Өзбекстан ғалымдары мен кең қоғамшылықта бұл қауіп туралы ауыз аштырмады. Өзбекстандағы барлық ірі ауыр өнеркәсіп салалары — металлургия, газ-мұнай, энергетика, химия кәсіпорындары Одақ министрліктері мен мекемелері қарамағында болған. Экологияны негізінен сол салалардың кәсіпорындары бұзып келді. Бірақ Орталық кеңселері республика халқының салауаттылығын емес, аз жұмсап, көп табыс алуды көздеді.

Ірі өнеркәсіп қалаларындағы кәсіпорындар айнала-ортаны улы газдар және шығындылармен ластандырған. Әсіресе, химия зауыттары және комбинаттары экологиялық жағдайға өте үлкен кері әсер көрсеткен. Бұл зауыттардың қауіптілігі, Өзбекстан негізінен халық тығыз жасайтын аймақтардан есептелетіндігінде еді. Химия зауыттары халық тығыз жасайтын **Науаи, Шыршық, Ферғана** қалаларында құрылған еді. Зарафшан, Үшқұдық, Алмалық, Бекабад және астана Ташкент қаласының да экологиялық күйі нашар болған.



Мақтаны дефолиация жасау

Орталықтың нұсқауымен Өзбекстан мақта алқаптарында қоза зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте өте улы химиялық заттар қолданылды. XX ғасыр 80-жылдарының орта шенінде республикада 90 000 тонна пестицидтер ауыл шаруашылығында қолданылды. Улы заттармен өңдеу беретін алаңдардың шамамен жартысында ұшақтарда орындалды. Бұл жағдай ауа мен суды уландырып, халық

салауаттылығы және табиғат пен жануарлар дүниесіне үлкен залалын тигізді.

Улылық дәрежесі жоғары болған химиялық зат — бутифос қозаны дефолиация жасау (жапырағын төгу) үшін Өзбекстанда 20 жыл бойы қолданды. Дефолиация негізінен ұшақтарда орындалатын еді. Көп жағдайларда бутифос әр гектар алаңына белгіленген мөлшерден 2-3 есе көп қолданылған. Улы бутифостың дефолиацияда кең қолданылуы айнала-орта мен адамдар салауаттығына кері әсер етті. Өзбекстан басшылығы 1981 жылы республикада бұл химиялық заттан пайдалануға тыйым салса да кейбір шаруашылықтар бұл әдістен кейін де пайдаланды.



**Есінде сақта!** Қазіргі кезде Арал теңізі 3 бөлекке бөлінген: **біріншісі** — кіші және таяз солтүстік бөлігі; **екіншісі** — біршама үлкендеу ауданға ие болған және таяз шығыс бөлігі; **үшіншісі** — ең терең болып есептелген батыс бөлігі.

**Арал теңізінің құруы және оның қатерлі салдарлары.** XX ғасырдың 60-жылдардан суарылатын егін алқаптарының кеңейтілуі нәтижесінде теңізге Әмудария мен Сырдариядан құйылатын су мөлшері жылдан-жылға азая берді. Нәтижеде Арал теңізінде су деңгейі жедел қарқын-дарда төмендеп, ол құри бастады. Теңіз суының сортаңдауы күшейіп, балық және басқа су жануарлары шұғыл кемеіп кетті.

Арал теңізінің құрғай түсуі Орталық Азия аймағы сондай-ақ көрші мемлекеттер экологиясына шексіз дәрежеде кері әсер көрсетті.

**Аралбойы аймағында ауыр жағдайдың жүзеге келуі.** Аралбойы (Төменгі Әмудария) аймағы әкімшілік жағынан **Өзбекстан** және **Қазақстан** аумақтарынан құралған, Арал теңізінің құруы салдарынан бұл жерде ауыр экологиялық жағдай жүзеге келді. Әмударияның төменгі ағымында балық өсірушілік, аң терісімен шұғылданушылық, аңшылық шаруашылықтары жоқ болып кетті. Мақташылық пен мал шаруашылығы 1980–1985 жылдары әр жылы 30 млн рубльдан астам зиян көрді.

Аралбойы аймағындағы ауыр жағдай жергілікті халықты тым күйзелтіп қойды. Бұл жерде түрлі аурулар көбейді. Жас балалар өлімі артты.

Мүгедек туылған балалар саны артып, бір жасқа дейінгі балалар өлім әр мың балаға қатысты 1980 жылдағы 46,5 тен 1986 жылда 72 ге жетті. Әйелдердің 60 пайызы қан аздық ауруына шалдыққан еді. Аралбойында қарын тифі ауруы 30 есе, жұғымды сары ауру 7 есеге артты, әсіресе, қатерлі ісік (рак) ауруы көбейіп кетті.

Аралбойы аймағында жүзеге келген ауыр экологиялық жағдайда, әсіресе, теңізге жақын Мойнақ, Қоңырат, Шымбай қалалары мен айналасындағы тұрғындар көп азап шекті. Балықшылықпен даңқы шыққан мойнақтықтардың көбісі 10–15 жылда жұмыссыз және нашар халге түсті. Қиыншылықтарға қарамастан өз жерінде қалған жергілікті халық күрделі ділгірліктер қыспағында қалды.

Аралқұм — дүниедегі ең жас шөл. Аралшөлі (Аралқұм) Орта Азияда суарудың тез қарқынмен дамуына байланысты Арал теңізіне құйылатын Әмудария мен Сырдария су көлемінің кемеюі және табиғи буланудың жоғарылығынан Арал теңізінің 40 000 км<sup>2</sup>-тан артық бөлігі құрғақшылыққа айналуы салдарынан ХХ ғасырдың ақырында жүзеге келді. Құрғақшылық типті құм-сортаң шөл қасиетіне ие.



Арал теңізінің көрінісі



КСРО ыдыраған соң, жаңа құрылған Өзбекстан және Қазақстан мемлекеттерінің басшылары бірнеше рет кездесіп, жүзеге келген ділгірлікті шешуге кірісті.



### **Ой жүгірту!**

“Орталық Азияның аумағы бойымен суару жүйелерін жедел қарқында құру көптеген халық пункттеріне және өнеркәсіп кәсіпорындарына су беруінің арқасында кең көлемдегі қайғылы жағдай — Аралдың жойылуының себебіне айналды. Жақын күндерге дейін шөл-сахаралардан тартып алынған және суарылған жаңа жерлер туралы бөспе сөздермен айтылатын. Сондай-ақ сол су Аралдан тартып алынғаны, оның «жансыздандырып қойылғандығы» қиялына келмейтін. Қазіргі күнде Аралбойы экологиялық ауыр аумаққа айналды”.

*Өзбекстан Республикасының бірінші Президенті Ислам Каримов сөзінен.*



### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Арал теңізіне су барудың кемеюіне нелер себеп болған?
2. Химия зауыттары, негізінен, Өзбекстанның қайсы қалаларында құрылды? Бұл қалаларда химия зауыттары құрылысының кері жағы неде?
3. Қазіргі күндегі Аралды сипаттап бер.
4. Арал аймағында, негізінен, қандай түрдегі аурулар кең жайылған?
5. Арал төңірегіне қоныстанған аудандардың халқы арасында жұмыссыздықтың үдеуіне не себеп болған?
6. Аралқұм топонимін түсіндіріп бер.
7. Арал теңізінің құрып баруы, негізінен, қайсы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық тіршілігіне кері әсер еткен?

## АЛТЫНШЫ БӨЛІМ.

### ӨЗБЕКСТАНДА КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН ӘРЕКЕТТЕР (1984 - 1991 ж.ж.)

#### 26-§. Өзбекстанда мақта ісі және оның салдарлары

**КСРО және Өзбекстан КСР саяси басшылығындағы өзгерістер.** Мемлекет саяси өмірінде 1982–1985 жылдарда көптеген өзгерістер болды. Саяси басшылықтағы мұндай өзгерістер Өзбекстанда да болып жатты.

1982 жылы қарашада КОКП ОК Бас хатшысы, КСРО Жоғары Кеңес Президиумының төрағасы **Леонид Брежнев** қаза тапты. Ол мемлекет және партияны 18 жыл бойы басқарды. 1982–1984 жылдары **Юрий Андропов**, 1984–1985 жылдары **Константин Черненко** Кеңес Одағына басшылық етті. 1985 жылы 11-наурызда **Михаил Горбачёв** КОКП ОК Бас хатшысы, 2-шілдеде **Андрей Громыко** КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағасы лауазымына сайланды. 1985 жылдан Мемлекетте қайта құру саясаты басталды.



**Есінде сақта!** 1983 жылы қазанда Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитеті бірінші хатшысы Шараф Рашидов қаза тапты. Ол республиканы дерлік ширек ғасырға жуық барысында басқарған еді. 1983–1988 жылдары Инамжан Усманхожаев, 1988–1989 жылдары Рафиқ Нышанов Өзбекстанға басшылық етті.



Р.Нышанов

XX ғасырдың 80-жылдарында кеңес режимі, оның саяси жүйесі мен шаруашылық жүргізу тәсілдері өзінің өркендеу мүмкіндіктерін аяқтай бастады. Өзбекстан экономикасы үлкен шикізат және табиғи байлықтар қоры екендігіне қарамай, КСРО-ның Орталық аумақтарынан недәуір артта қалған еді. Осы жағдайда Өзбекстанның сол кездегі саяси басшылығында жігер, табанды батылдық, Кеңес Одағы шеңберінде республика ұстаған бағытты ашық түрде айтып тастайтын ерлік жетіспеді. Бұл басшылар Орталық тапсырмаларын тезірек “орындау”, республиканың КСРО-на бағынышты екендігі туралы жалғандарды қайталаудан әріге өтпеді.

**Мақта ісі — Кеңес режимінің Өзбекстандағы соңғы репрессия саясаты.** Өзбекстан КСР-ның әлеуметтік-саяси өмірінде 1984 жылы 23 маусымдағы Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVI пленумы пәлекет рөлін ойнады. Мәскеу бастамасымен және нұсқауымен ұйымдастырылған бұл пленумда қабылданған құжаттар Өзбекстанда өзбек халқын негізсіз жаманатты етуді көздеді. Пленумда Мәскеуден арнаулы жіберген КОКП ОК хатшысы Й.К.Лигачев пен басқалар қатысып, Кремль нұсқауы бірізділікпен орындалуын талап етті.



«Мақта ісі» бойынша тергеу

Осы пленум қаулыларымен Орталық Өзбекстанда **«мақта ісі»** деп аталған саяси репрессия басталды. Кейінірек бұл репрессия тіпті Өзбекстан КСР-нің бұрынғы және бірінші басшыларын да шеттеп өтпеді.

КСРО Бас прокуроры қасында ерекше маңызды істерге арнаулы тергеушілер тобы түзіліп, олардың алдыңғылары 1983 жылдың басында Өзбекстанға жіберілген еді. Сол арнаулы тергеу топтарының негізгілері **Т.Х.Гдлян** және **Н.В.Иванов** басшылығында 1983 жылы сәуірде түзілген еді. Олар кейін Орталықтан республикаға келген “десантшылар”ға сүйеніп, кезектегі репрессияны іске асырды.



#### **Ой жүгірту!**

30 және 50 жылдар тыйым салынуларлы еске түсір. 80-жылдар репрессияға ұшырауықай жақтарымен алдыңғыларынан өзгешеленеді.

1983–1987 жылдарда Мәскеу, Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) және РКФСР-ның басқа қалаларынан 1000 ға жуық «десантшылар» Өзбекстанның партия, Кеңес, әкімшілік-шаруашылық мекемелеріне жоғары басшылық лауазымдарына жұмысқа жіберілген еді. Сол кезде «десантшылар» және 3000 нан астам тергеушілерге жергілікті басшылар мен республика құқық-тәртіп мекемелерінің көптеген қызметкерлері үлкен жәрдем берген.

1985–1990 жылдарда Өзбекстанда «мақта ісі» деген жала бойынша жалпы 40 000 адам тергеу жасалды, олардың көпшілігі тергеу изоляторларында прокурор санкциясыз отырды, ал 5000 кісі жалған айыптармен қылмыстық жауапкерлікке тартылды. Тергеу үдерісінде адам хұқықтары аяқасты етіліп, тұтқындарға дене және рухи басым жасалған. Олардың жанұя мүшелері және туған-туысқандары да қамауға алынды. Кадрларды алмастыру саясаты аянышты сипатқа ие болды.

**Мақта ісінің өзбектер ісіне айналдырылуы және мәні.** Орталық баспасөзде жарияланған мақалаларда өзбек халқы жаманатты етіліп, мақта



**Өзіңді сынап көр!**

Т.Х.Гдлян және Н.В.Иванов — бұл ...

Михаил Горбачёв— бұл ...

Инамжан Усманхожаев — бұл ...


Рафиқ Нышанов — бұл ...

ісіне әдейілеп саяси сипат берілді және ол “өзбектер ісіне” айналдырылды. Бұл саяси маусымды Өзбекстанның сол кездегі басшылары қолдады.

Орталықтан жіберілген коммунистік мансапқорлар Өзбекстанның партия мен әкімшілік жүйесінде негізгі орындарды меңгеріп, өзбек халқына қарсы репрессияны үдетті. Репрессияның қылышы енді Өзбекстанның бұрынғы басшысы, марқұм Шараф Рашидовқа қарсы көтерілді. “Шараф Рашидовшылық” деген жасанды сөз ойлап тауып, одан Ш.Рашидовтың өлімінен соң жаманатты етіп, абыройын төгуде пайдаланды.

Қысқасы, Кенес режимінің мақта ісі салдарынан Өзбекстанда мыңдаған адамдар нақақ түрде жазаланды. Халық шаруашылығы салаларында қосып жазу, паракорлық және коррупцияға қатысты қылмыстар КСРО-дің дерлік барлық аумақтарында болғаны белгілі болса да “тәжірибе майданы” ретінде Өзбекстан таңдап алынды, сондай-ақ қылмыстық іске қатысты адамдардан басқа көптеген адамдар айыпсыз жазаға тартылды. Коммунистік идеологияның тыйым салатын қылышы мұнымен шектелмей мақта ісін өзбектер ісіне айналдыруға тырысты. Еңбекші, ақ көңіл, жомарт және кішіпейіл **өзбек халқы** қылмыскерлікте айыпталды. Репрессия саясатын амалға асыруда Орталық басшылығы және өкілдерінен тыс Өзбекстанның сол кездегі саяси басшылығы,

халқымыз арасынан шыққан сондай-ақ тергеушілермен ынтымақтастық жасаған және олардың қара ниетті істеріне көмектескен кейбір қорқак



***Атаулар түсінігі:***

**Изолятор** — (ажырату, жекелеу) казарма, лагерь, жұқпалы ауру сақталатын және сол сияқты уақытша ажыратып қойылатын жеке бөлме, орын.

**Санция** — (лат. — қатаң, өте қатаң шешім) құжат, шешімдерді жоғары мекеменің бекітуі, сондай бекіту нәтижесіндегі құжат, шешімнің заңды күшке ие болуы.

мен сатқындар да белсенділік танытты. Бұл — тарихтың ащы шындығы. Ал шындықтан тіптен көз жұмып болмайды.



**Сұрақ және тапсырмалар:**

1. XX ғасырдың 80-жылдарында КСРО мемлекетінде қандай саяси өзгерістер болды?
2. Өзбекстан экономикалық жағынан КСРО-ның Орталық аумақтарынан артта қалып кетуінің себептерін түсіндір.
3. “Мақта ісі”, “Өзбектер ісі”, “Шараф Рашидовшылық” сөздеріне сипаттап бер.
4. Жергілікті басшылар мен «десантшылар» қызметін түсіндір.
5. Өзбекстанда кадрларды алмастыру саясаты қандай қағидалар негізінде амалға асырылды?
6. Ш.Рашидовтан кейін Өзбекстан КСР-ін кімдер басқарды?

**27-§. Қайта құру саясаты және оның дағдарысы.  
Ферғанадағы ауыр оқиғалар**

**Қайта құру және оның сатылары.** КОКП ОК Сәуір (1985 ж.) пленумы Кеңес қоғамы өмірінің барлық салаларын терең қайта құру жолын жария-



**Есінде сақта!** Қайта құру саясатының мақсаты мен міндеті мемлекетте жиналып қалған әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени және идеология салаларындағы ділгірліктерді “қайта қалпына келтіру” жолымен шешуден құралған болатын

лады. Қайта құрудың негізгі құрамдық бөліктері деп әлеуметтік тіршілікті демократияландыру және түпкілікті экономикалық қайта құруды өткізу белгіленді.

**Қайта құрудың бірінші сатысы** (1985–1986 жылдар) әкімшілік ұйымдастыру шаралары дәстүрлі тәсілдерде жүргізілуімен түсіндіріледі. Осы сатыда даму жетістіктерін өндіріске жұмылдыру негізінде қоғамда түпкілікті экономикалық дамуды жеделдету және соның негізінде адам факторының белсенділігін арттыру көзделген еді



Ферғана. 1989 жылдың жазы.

**Қайта құрудың екінші сатысы** (1987–1989 жылдар) қоғамның барлық майдандарын жинақты түрде қайта қалпына келтіруді күн тәртібіне қойды. Атап айтқанда, 1987 жылы қаңтар және 1988 жылы маусымда бұл міндеттер көбірек айқындалды және оның мақсаты кеңес қоғамын толық демократияландырудан

тұратыны атап өтілді.

Қайта құру жариялылық, демократия және пікірлер сан-қилылығын белгілі мағынада күшеюіне мүмкіндік туғызды. Бірақ мемлекетте түпкілікті демократиялық өзгерістерді амалға асыру, басталған қайта құруларды соңына жеткізудің мүмкіндігі болмады.

**Өзбекстанда әлеуметтік-саяси дағдарыстың шиеленісуі.** Міне, осындай жағдайда Өзбекстанның сол кездегі басшылығы Орталық алдында өзінің шорқақтығы мен дәрменсіздігін көрсетті. Республика басшылығы Орталықтан қашу және оны тән алмау саясатының орнына оған жақындаса түсу және берік бірігу жолын таңдады.

Сол кездегі Өзбекстан саяси басшылығы әлеуметтік-рухани салада ұлтшылдықтың әрбір көрінісі “интернационализмге” жат екендігін дәлелдеуге тырысты. Бұл нәрсе өзбек тілі, ислам діні, ұлттық әдет-ғұрыптар және дәстүрлер, салт-рәсімдер, Наурыз мерекесіне қатынасында айқын көрінді.

**Қайта құру саясатының жоққа шығуы.** Мемлекеттегі қайта құру қоғамның әлеуметтік және саяси түзілісінде көптеген өзгерістерді жүзеге келтірді. КОКП-ның Кеңес қоғамындағы басшылық және жетекшілік беделіне зиян келді, сайлау жүйесінің өзгерісі туралы заң қабылданды.

Қайта құру нәтижесі саяси жағынан түкке аспайтын сөзге айналып,



түпкілікті демократияық өзгерістерді амалға асыру және басталған қайта құруларды соңына жеткізу мүмкіндігін бермей жеңіліске ұшырады. Бұл жағдайдың себептері төмендегідей еді:

*Біріншіден*, қайта құрудың анық және жүйелі, ғылыми жағынан жетік жасалған бағдарламасы жоқ еді. Демократия және жариялылық сияқты ұрандар туралы көп айтылса да, іс жүзінде партия саяси басқаруы ескі көзқарастар шеңберінде болып, басқарудың демократияға қайшы болған әкімшілік-әміршілік жолдарынан пайдалану жалғасып жататын.

*Екіншіден*, мемлекеттегі партократиялық әкімшілік “номенклатураны” сақтап қалудан мүдделі еді. Өйткені мемлекетті ескі жолмен басқару оңайға түсетін.

*Үшіншіден*, қайта құруда ұлттық республикалардың дербестігі жайында айтылса да Одақты жаңарған күйде сақтап қалу көзделген еді. Кремль Одақтас республикалардың КСРО-нан бөлініп, тәуелсіз мемлекет түзулеріне қарсы жанталаса қатты тұрды.

*Төртіншіден*, М.С.Горбачёв идеясы негізінде, қайта құруды амалға асыру мүмкін емес еді. Себебі социализм шеңберіндегі меншіктік қатынастар, әлеуметтік саладағы саясат, ұлттық және діни саясат, жеке партиялық басқарушылық қатаң басқару жолы ешқашан демократия және жариялылықпен ымыраға келмеген.

**Ферғанадағы қайғылы оқиға мен оның мәні.** Орталық тізгінді қолдан бермеу үшін бар мүмкіндіктерін жұмсап жатқан кезде 1989 жылы мамыр-маусым айларында Қувасайда жастар ортасындағы бұзақылық алқапта ұлтаралық қақтығысты (месхети түріктер мен жергілікті жастар) жүзеге келтірді. Ол Ферғана алқабы және Ташкент облысына таралып, қауіпті сипатқа енді.

1989 жылы 7–8-маусымда **Қоқан** қаласында жергілікті тұрғындар қатынасқан бейбіт ереуілді әскери бөлім әскерлері оқ жаудырумен 50 ден астам ереуілшілер опат болды. Ресми мәліметтерге қарағанда, 1989 жылы 3–12-маусымда Ферғана облысындағы ұлтаралық қақтығыстар мен ереуілшілерге әскердің оқ жаудыруында 103 кісі қаза тапқан, 1011 кісі жарақаттанған және 757 үй өртеліп, қиратылған.

Ферғана оқиғаларынан кейін Өзбекстанның Ислам Каримов басшылығындағы жаңа саяси жетекшілер бұл мәселеде принципшілдік бедел танытты. Өзбекстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды тексеріп, оны дұрыс бағалай білген Ислам Каримов баспасөз конференцияларының бірінде “Өзбекстан тағы бір Ферғанаға төзе алмайды”, деп атап өтті.



**Ой жүгірту!** Оқы және ой жүгірт!


“Құқықты қорғау мекемелері лайықсыздығын көрсетті. Олар бұқаралық тәртіпсіздіктердің алдын алу былай тұрсын, көбінше сол тәртіпсіздіктерге өздері жол ашып берді. Ал кейінірек жағдай тағы да тұрақтанып, тергеу басталған соң, олар жұмысты атүсті жүргізуді абзал көрді. Соның салдарынан қайғылы оқиғаның басты ұйымшылары және негізгі себепшілері панада қалып кетті”.

*Ислам Каримов*

**Өзбектіліне мемлекеттік тіл мәртебесінің берілуі.** 1989 жылы 21-қазанда республика Жоғары Кеңесінің XI сессиясы “Өзбекстан КСР мемлекеттік тілі туралы” Заң қабылдап, өзбек тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін берді. Заңның қабылдануы өзбек халқы мен республикада жасайтын басқа халықтардың мәдени, рухани әрі саяси өмірінде маңызды оқиға еді.

Заң өзбек тілі және мәдениетінің дамуына мүмкіндік туғызды. Сонымен бірге онда республика аумағында жасайтын басқа халықтардың тілдерін дамыту мүмкіндіктері де айқындап берілді.

1990 жылы маусымда Ферғана алқабының Ош және Өзген қалаларында (көрші Қырғызстан аумағында) қырғыздар мен өзбектер ортасында этникалық келіспеушілік туады. Бұл келіспеушілік (Ош қырғыны) нәтижесінде мыңдаған күнәсіз өзбектер қаза болды. Орталық күрделі этникалық жағдайлардан өз мақсаттары жолында пайдалануға тырысты, ежелгі туған-туысқан болып есептелген түркі халықтарды бір-біріне қарсы қойды. Сонда сол қиыншылық төніп тұрған бір шақта өзбек



**Атаулар түсінігі:**

**Интернационализм** — Халықтар мен әлеуметтік топтардың ұлттар азаттығы, тәуелсіздігі, құқықтық теңдігіне негізделген ынтымақтастық және өзара достық принципі.

**Партократиялық** — партия үстемдігіне негізделген.

халқы ғасырлар барысында сыналған өзінің сабыр-шыдамдылығы мен төзімін, кеңпейілділігін танытты, түрлі саяси күштер мен бүлікшілердің арандатуларына ермеді. Өзбекстан үкіметі де бұл мәселеде жүйелі саясат жүргізді, бүкіл аймақта тыныштықты сақтауда маңызды рөл ойнады.



### **Сұрақ және тапсырмалар:**

1. Қандай себептер КСРО-ны дағдарыс жағдайына душар етті?
2. “Қайта құру” саясаты дегенде нені түсінесің?
3. Неліктен “қайта құру” саясаты жоққа шығарылды?
4. Өзбек тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілгендігіне қанша болды? Өзбек тілінің мұндай мәртебеге ие болуы қандай мүмкіндіктерді жасады?
5. Ферғанадағы қайғылы оқиғалардың басқа аумақтарға да таралуына нелер себеп болған?
6. Ферғанадағы қайғылы оқиға не себептен болды, оның салдарларын білесің бе?

## **28-§. Өзбекстан тәуелсіздікке қол жеткізу қарсаңында**

**Өзбекстан КСР саяси басшылығындағы жаңа өзгерістер.** 1989 жылы 23-маусымда тәжірибелі экономист және партия қызметкері Ислам Каримов Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп сайланды. Ол өзі сайланған пленумда сөйлеген сөзінде Өзбекстанның Одақта алған орны мен рөлін нақты әрі айқын белгілеп берді, мәдени мұраны және тарих шындығын қалпына келтіру, ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді дамыту объективтік қажеттілік екендігін атап өтті.



Ислам  
Каримов

«Бірлік» халық қозғалысы және «Ерік» демократиялық партиясының әлеуметтік-саяси шектелгендігі және қателіктері. Бұл дәуір Өзбекстан әлеуметтік-саяси өмірінде қатаң өзгерістер, әсіресе, қоғамдық ұйымдардың белсенділігі мен саяси мәдениеттің шұғыл көтерілуі жүзеге келді. 1988 жылы қарашада «Бірлік» халық қозғалысы (басшысы профессор

Абдурахым Полатов) қоғам ұйымы ретінде ұйымдасты. Сондай-ақ, қозғалыс құзырында Өзбекстан жастарының ерікті бірлестігі (1988 жылы қарашада негізі қаланған) және «Томарис» әйелдер қозғалысы да қызмет атқарды. Олар ХХ ғасыр 80-жылдарының ақыры мен 90-жылдарының бас кезінде республиканың әлеуметтік-саяси өмірінде үлкен рөл ойнады. Қозғалыстың «Birlik», «Томарис» және басқа газеттері жартылай ашық түрде басылды, сондай-ақ Өзбекстан халқы арасында таратылды.

«Бірлік» халық қозғалысының белсенділерінің бір тобы, кейінірек, модерн ақын Мухаммед Салих (Салой Мадаминов) басшылығында саяси партия түзу үшін әрекет бастады. 1990 жылы 30-сәуірде «**Ерік**» демократиялық партиясының орнату құрылтайында оның бағдарламасы мен ережелері қабылданды. Партияның 1990–1992 жылдарда басып шығарған «Ерік» газеті Өзбекстан халқы арасында өте әйгілі болды.

Бұл қозғалыс және партиялар (кейінірек, Өзбекстанда демократиялық рухтағы басқа саяси партиялар мен қозғалыстар да ұйымдасты) жариялылықты кеңейту, саяси және әлеуметтік-экономикалық қайта құруларды белсендіру, өзбек халқы ұлттық құндылықтары, атап айтқанда, дәстүр мен салт-рәсімдерді қайта қалпына келтіру, сондай-ақ, республика өмірінде Орталық үстемдігін жоқ ету, сондай-ақ Өзбекстанның толық мағынадағы саяси және экономикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу талаптарын қойды. Бірақ бұл қозғалыс және партиялардың басшылары кейінгі жылдарда Өзбекстан Президенті және Өзбекстан Жоғары Кеңесі саясатына қарсылық жасау жолына өткен соң, бұл нәрсе қоғамдағы бұқаралардың татулығы мен ынтымақтығына зиян жеткізе бастады. Содан кейін 1992 жылдан «Бірлік» және «Ерік» Өзбекстан аумағында өз саяси қызметін тоқтатты.



**Өзінді сынап көр!**

«Томарис» – бұл ...

«Бірлік» – бұл ...

«Ерік» – бұл ...

Ислам Каримов – бұл ...

Мирахмад Мирқасимов – бұл ...

Шукурулла Мирсаидов – бұл ...

**Өзбекстан КСР-де президенттік басқарудың енгізілуі.** 1990 жылы 24 наурызда болған Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесінің он екінші шақырылған I сессиясында Өзбекстанда президенттік басқару орнатылды және

Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ислам Каримов Өзбекстан КСР Президенті етіп сайланды. Одақтас республикалар арасында бірінші болып Өзбекстанда президенттік басқару енгізілді.

Өзбекстанда үкіметтің Президенттік басқару формасына өтілуі республика дербестігі мен мемлекетшілігі тарихында мәні жаңа саты болды. Президенттік басқарудың пайда болуы мен өркендеуі республикада төмендегі сатылардан құралды:

**Бірінші саты** 1990 жылы наурыз-қазан айларын қамтиды. Онда 1990 жылы наурыз айында Өзбекстан КСР Президенті лауазымын орнату, сондай-ақ «Өзбекстан КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгеріс және қосымшалар енгізу туралы» Заң қабылданып, Өзбекстан КСР-ның бірінші Президенті сайланды. 1990 жылы маусым айында Өзбекстанның Тәуелсіздік декларациясы қабылданды, сондай-ақ И.Каримов төрағалығында Конституция комиссиясы түзілді.

**Екінші саты** 1990 жылы қараша - 1991 жылы тамыз айларын өз ішіне қамтиды. 1990 жылы 1-қарашада «Өзбекстан КСР-ында атқару және басқару үкіметінің түзілуін жетілдіру, сондай-ақ Өзбекстан КСР Конституциясына (Негізгі Заңы, 1978 жылы қабылданған) өзгеріс және қосымшалар енгізу туралы» Заң қабылданды. Заң бойынша, Өзбекстанда Президенттік әкімшілік пен Министрлер Кеңесінің атқару басқаруының әкімшілігі қосып жіберілді. Өзбекстан КСР Министрлер Кеңесі Өзбекстан КСР Президенті қасындағы Уәзірлер Мекемесіне айналдырылды. Өзбекстан КСР Президенті **Ислам Каримов** сонымен қатар Уәзірлер Мекемесінің төрағасы болды.

**Үшінші саты** 1991 жыл қыркүйек — 1992 жылы қаңтар айларын қамтиды, Өзбекстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізген соң 1991 жылы 29-желтоқсанда бірінші наурызда жасырын дауыс беру жолымен өткізілген тікелей жалпы және альтернативтік негіздегі Президенттік сайлауында Ислам Каримов 5 жыл мұратқа Өзбекстан Республикасының Президенті етіп сайланды. Бұл саты 1992 жылы 4-қаңтарда «Өзбекстан Республикамының вице-Президенті лауазымын жоққа шығару, сондай-ақ

Өзбекстан Республикасы Бас уәзірі лауазымын орнату және Өзбекстан Республикасы Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгеріс енгізу туралы» Заң қабылдануымен аяқталды.



### Ой жүгірту!

Ислам Каримов сонымен қатар Уәзірлер Мекемесінің төрағасы лауазымында 2005 жыл қаңтар айына дейін істеді. 8-сыныпта Мемлекет және құқық негіздері пәнінен алған біліміңе сүйеніп, неге сол 2005-жылға дейін осы лауазымда отырғанын түсіндір.

**Тәуелсіздік Декларациясы және оның маңызы.** Өзбекстанда және кейінірек басқа Одақтас республикаларда Президенттік лауазымының орнатылуы Орталық үшін күшті соққы болды. Бірақ соған қарамай, Мәскеу және оның республикалардағы жақтаушылары барлық мүмкіншіліктерін жұмсап Одақты сақтап қалу жолына түсті. Бірақ тарих үкімі басқаша еді.

1990 жылы 20-маусымда болған Өзбекстан КСР Жоғары Кеңесі он екінші шақыру II сессиясында **Тәуелсіздік Декларациясы** қабылданды. Сол Тәуелсіздік Декларациясы Өзбекстанның тәуелсіздікке қарай адым қойған өте маңызды және салмақты адымы болды. Қысқасы, Тәуелсіздік Декларациясы Өзбекстан ұлттық мемлекеттік тәуелсіздігінің құқықтық және саяси негіздерін жарату үшін үлкен қызмет етті. 14-желтоқсанда Өзбекстан КСР құрамындағы Қарақалпақстан АКСР дербестігі туралы **Декларация** қабылданды.

**Жаңа Одақ келісім-шарты және ТЖМК (ГКЧП).** Өзбекстандағы мұндай оқиғалар және Кеңес Одағы құрамынан 1990 жылы наурыз-мамыр айларында Литва, Латвия және Эстонияның шығып кетуі КСРО-ның мемлекеттік бүтіндігіне қатты ықпалын тигізді. 1990 жылы КСРО-да коммунистік партияның үстемдігінен бас кешілді және ұлттық қозғалыс күшейді. Балтық жағалауы мемлекеттері өз тәуелсіздіктерін жариялайды. Тіпті 1990 жылы 12-маусымда РКФСР мемлекеттік дербестігі туралы декларация қабылданды. 1991 жылы 17-наурызда бірінші рет КСРО-де жалпыхалықтық референдум өткізіліп, Орталық Одақты сақтап қалу үшін шындап әрекет жасалынды.

1991 жылы 23-сәуірде Мәскеу маңындағы Ново-Огарёвода КСРО Президенті М.Горбачёв, сондай-ақ 9 Одақтас республикалар — РКФСР, Украина, Белоруссия, Өзбекстан, Қазақстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түрікменстан мемлекеттік Жоғарғы мекемелерінің басшыларының кездесуінде «Мемлекеттегі жағдайды тұрақтандыру және дағдарысты жоюға байланысты кейінге қалдыруға болмайтын іс-шаралар жайында құрама мәлімдеме» қабылданды. Мәлімдемеде жаңа Одақ келісім-шарты құжатының жобасын әзірлеу ісін жуық уақыт ішінде аяқтау атап өтіледі. Құрама мәлімдеме «9+1» (тоғыз республика + Орталық) деген атқа ие болды. Үдерістер күрделі өтті, тартысулар ұзаққа созылды. «Тәуелсіз Мемлекеттер Одағы жөніндегі келісім-шарттың» жобасы Өзбекстан баспасөзінде 28-маусым және 16-тамыз күндері жарияланды. 20-тамызда жаңа Одақ келісім-шартына қол қоюы керек еді.

Мәскеуде 1991 жылы 19–21-тамызда болған оқиғалар, КОКП ОК Бас хатшысы және КСРО Президенті М.С.Горбачёвтің үкіметтен шеттетіліп, вице-Президент **Генадий Янаев** басшылығындағы Жоғары эшелон басшылары **Төтенше Жағдай Мемлекеттік Комитетін (ГКЧП)** түзгені, бірақ көп өтпей оны РКФСР Президенті **Борис Ельцин** басшылығындағы демократиялық күштер басып алуы КСРО-ның келешегі жоқтығын дәлелдейтін.



#### **Ой жүгірту!**

Мәлімдеменің “9+1” деп аталғанының себебін түсіндір. Есіңе түсір! 1940 жылы тамыздан КСРО 15 Одақтас республикадан құралған еді .

Бүлік жойылған соң, КСРО құрамындағы Одақтас республикалар өз тәуелсіздіктері мен дербестігін жариялады. КОКП және КСРО дағдарысқа ұшырады. КОКП саяси партия ретінде 1991 жылы 29-тамызда өз қызметін тоқтатты. 1991 жылы 25-желтоқсанда КСРО мемлекеті де халықаралық құқық субъекті ретінде күйреді.

**Өзбекстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы.** Өзбекстан әлі Одақ құрамында болып, КСРО -дің конфедеративтік мемлекетке айналуына көпшілік үміт етіп тұрғанда маңызды саяси оқиға жүзеге келді.



Өзбекстан өзін КСРО -ден еркін деп жария етті. **1991 жылы 31-тамызда** Өзбекстан Республика Жоғары Кеңесінің он екінші шақыру кезектен тыс VI сессиясында Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Президент И.А.Каримовтың баяндамасы тыңдалды. Сессияда **«Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі негіздері туралы»** Заң қабылданды. Сол Заң 17 баптан құралып, онда дербес Өзбекстан Республикасының негізгі белгілері анықтап берілді. Заңда **1-қыркүйек** Өзбекстан Республикасының **Тәуелсіздік күні** деп белгіленді.

Сөйтіп, халқымыздың тәуелсіздікке қол жеткізбекші болған ғасырлық арманы орындалды. Ресей империясы мен КСРО-ның 125-жылға созылған отаршылдық дәуірі шегіне жетті. Өзбек халқының қасиетті және тарихи тілегі жүзеге асып, Өзбекстан Республикасы бейбіт парламент жолымен өзінің тәуелсіз мемлекетшілігіне қайта қол жеткізді. Бұл құнды оқиға кемінде 3500 жылдық тарихқа ие өзбек халқы мен мемлекетшілігінің тарихына алтын беттер болып жазылды. Тәуелсіздік халқымыздың XX ғасырда қол жеткен жоғары жеңісі, ата-бабаларымыз төккен қасиетті және ардақты қанның жемісі болып есептелді.



#### Өзіңді сынап көр!

1991 жыл 31-тамыз – бұл ...	1991 жыл 29-тамыз – бұл ...
1991 жыл 25-желтоқсан – бұл ...	1991 жыл 19–21-тамыз – бұл ...
1991 жыл 17-наурыз – бұл ...	1991 жыл 23-сәуір – бұл ...



#### Сұрақ және тапсырмалар:

1. Неліктен Өзбекстанда «Бірлік» қозғалысы және «Ерік» партиясы қызметі қысқа мерзімде аяқталды?
2. 1989 жылы 23-маусымда Өзбекстанның Одақтағы орнында қандай өзгерістер болды?
3. Ислам Каримов Өзбекстан басшысы болған соң, Орталық алдына қандай талаптар қойған еді?
4. Өзбекстанда қашан бейресми ұйым және қоғалыстар жүзеге келді, неліктен олар халық арасында сүйеніш пен сенімге ие бола алмады?
5. Жаңа Одақ келісім-шарттың бекітілмей қалуына не себеп болды?

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....3

### **БІРІНШІ ТАРАУ. ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ОРНАТЫЛУЫ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН КҮРЕСІ (1917 – 1924 жылдар)**

1-§. Түркістан өлкесі 1917 жылы ақпан-қазан аралығында .....	5
2-§. Түркістанда кеңес үкіметінің мәжбүри түрде орнатылуы және большевиктер диктатурасы.....	11
3-§. Түркістан автономиясы – түпкілікті халықтар мемлекетшілігі тарихында жаңа басқыш.....	14
4-§. Түркістан өлкесінде кеңес үкіметі басқару жүйесінің құрылысы және экономикалық саласындағы өзгерістер.....	20
5-§. Түркістан АКСР-да кеңес үкіметіне қарсы қарулы қозғалыстар.....	25
6-§. Бұхара әмірлігінде қайта құрулар үшін күрес және қызыл армияның әмір үкіметін аударуы. БХСР-ның түзілуі және қызметі.....	31
7-§. Хиуа хандығындағы жағдай және хан үкіметінің аударылуы. ХХСР түзілуі және түрлі қайта құрула.....	37
8-§. БХСР және ХХСР-де Қызыл Армияға қарсы күрес.....	42
9-§. Орта Азия республикаларында өткізілген ұлттық-азаттық шекаралану және оның салдары.....	48

### **ЕКІНШІ ТАРАУ. КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ӨЗБЕКСТАНДА ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫ (1925–1939 жылдар)**

10-§. Өзбекстан КСР-нің түзілуі.....	55
11-§. Өзбекстанда ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясаты және кулақтардың жер аударылуы .....	61
12-§. Өзбекстанда индустрияландыру саясатының жүзеге асырылуы және кадрлар мәселесі .....	67
13-§. Өзбек әйел-қыздарының азаттыққа шығару үдерісісі және ділгірліктер.....	71
14-§. Өзбекстанда кеңес үкіметі жүргізген мәдени саясат .....	75
15-§. Совет үкіметінің Өзбекстандағы репрессиялық саясаты: оның маңызы мен салдарлары.....	80

## **ҮШІНШІ БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАН ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫСИ ЖЫЛДАРЫНДА (1939–1945 ж.ж.)**

- 16-§. Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуы және  
Өзбекстанның соғыс тұңғышына тартылуы.....87
- 17-§. Өзбекстан өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы фронт қызметінде.....91
- 18-§. Өзбекстандықтардың фронттағы ерлігі және қаһармандықта.....95
- 19-§. Өзбекстан ғылымы мен мәдениеті — жеңіс үшін қызметте .....101

## **ТӨРТІНШІ БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ДІЛГІРЛІКТЕРІ (1945–1959 ж.ж.)**

- 20-§. Өзбекстан халық шаруашылығының соғыстан  
кейінгі жағдайы.....105
- 21-§. Зиялылардың репрессияға ұшырауы және  
кеңес қоғамында жеке басқа табынудың жария етілуі.....108
- 22-§. Өзбекстанда өнеркәсіптің бір жақты дамуы.....112

## **БЕСІНШІ БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАН ТҰРАҚТЫ ДАМУ ДӘУІРІНДЕ (1959–1983 ж.ж.)**

- 23-§. Өзбекстанның саяси өміріндегі өзгерістер және кеңестердің  
партия мекемелеріне бағыныштылығы.....116
- 24-§. Өзбекстанда отын және тау-кен өнеркәсібінің жүзеге келтірілуі  
және халықтың ұлттық құрамындағы өзгерістер.....120
- 25-§. Өзбекстанда экологиялық жағдайдың ауырласуы  
және Арал қасіреті.....123

## **АЛТЫНШЫ БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАНДА КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН ӘРЕКЕТТЕР (1984–1991 ж.ж.)**

- 26-§. Өзбекстанда мақта ісі және оның салдарлары.....128
- 27-§. Қайта құру саясаты және оның дағдарысы.  
Ферғанадағы қайғылы оқиғалар.....131
- 28-§. Өзбекстан тәуелсіздікке қол жеткізу қарсаңында.....135

QAHRAMON RAJABOV, AKBAR ZAMONOV

## ЎЗБЕКСТАН ТАРИХИ (1917 - 1991-ЖЫЛЫЛАР)

*Жалпы орта білім беретін оқу орындарының 10-сыныптары және орта арнаулы,  
кәсіптік-мамандық білім беретін оқу орындары үшін оқулық*

Қазақ тілінде

Аударған және редакторы К.Мамбетова

Суретшілері Ш. Мирфаёзов

Техникалық редактор Д. Джалилов

Компьютерде беттеген У. Валижонова

Баспа лицензиясы №290.04.11.2016. Басуға рұқсат етілді \_\_\_\_\_.

Пішімі 70x90 1/16. Кеглі 12. “Таймс” гарнитурасы.

Оффсеттік басылым. Шартты баспа табағы 6,02. Есептік баспа табағы 6,0.

Таралымы \_\_\_\_\_ дана. Тапсырыс № \_\_\_\_\_.

Келісімшарт № \_\_\_\_\_.

Ўзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің  
Ғафур Ғұлам атындағы баспа-шығармашылық үйі.  
100128. Ташкент, Лабзак көшесі, 86.

[www.gglit.uz](http://www.gglit.uz) [info@gglit.uz](mailto:info@gglit.uz)

**Пайдалануға берілген оқулықтың  
жағдайын көрсететін кесте**

№	Оқушының аты, жөні	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.**

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояптасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.